Саяси миф биліктің космостық табиғаты жайлы, халықты басқару жайлы, батырлардың ерлігі жайлы, әділ монарх туралы, мемлекеттің саяси кемелдігі және оның моральдігі жайлы (Аристотель, Платон) және т.б. мифтер қосарланып келе жатқан саясаттың өзі секілді өте көне. Саяси мифтің философиялық тарихы да аса бай. Биліктің және құқықтың халыққа тиесілілігі туралы Орта ғасырларда атақты авторлар (Фома Ливанский, Марсилиус Падуанский, Дж. Фортескью және т.б.) таратқан антикалық мифтің бары белгілі. Әрбір дәуір жаңа немесе жаңартылған мифтер қосып отырды: халықтың қалауын жеткізуші монарх, Құдайдың жердегі өкілі жайлы (Р. Филмер), жалғыз билік етуші жайлы (Ж. Боден), абсолютті рухтың кейпі жайлы (Г.В.Ф. Гегель) және т.б.

XIX ғасырда саяси мифтер туралы ғылыми мақалалар пайда болды, онда түрлі теориялар, мысалы, Құдайдың жердегі өкілі жайлы, абсолютті рух кейпі туралы, батырлар мен нәсілдік үстемдік туралы теориялар әзірленді. Көрнекті із Т. Карлейльдің батырлар туралы мифтер («Батырлар, батырларды дәріптеу және батырлықпен өткен күн» СПб., 1908) және Ж.А. де Гобиноның батырлық мифологиясына нәсілдік мифологиясын қосқан теориясы («Нәсілдердің теңсіздігі туралы эссе» тт. 1–4, 1853–55) болды.

XX ғасырда қоғамның дамуы, әсіресе әлемнің көптеген елдерінде жалпыға ортақ сайлау құқығының пайда болуы және таралуы қазіргі билік жүйесін киелендіретін және легитимизмдейтін ақпараттық-саяси өнімдерге қажеттілігін айтарлықтай арттырды [4]. Басқа жағынан, XX ғасырдың саяси мифі модерннің саяси режимімен негізделген (тоталитаризм кезіндегі саяси мифтің гүлденуі, мұнда ол саясаттың негізгі құралы болады, аса құнды идеологияларды: коммунизмді, социализмді және т.б. жаппай тарату қажеттілігі туралы миф), сондай-ақ постмодерн дәуірінің нақты саяси жағдайларымен (дағдарыспен, мобилизациялаумен, қақтығыстармен, кампаниялармен және т.б.) және қазіргі заманның ғаламдық үрдістерімен негізделген.

Дегенмен, XX ғасырдың екінші жартысындағы және XXI ғасырдың басындағы саяси формациялардың ауысуы мифтерді қайта құрылымдаудың және әшкерелеудің: демифологизациялаудың және ремифологизациялаудың қажеттілігін өзекті етті.

Мысалы, Ресей империясындағы патша билігінің құдайдан тарағандық табиғаты туралы саяси мифі 1917 жылғы Қазақ төңкерісі деп аталған тарихи оқиғадан кейін әшкереленді және сенімі жойылды. Кейінірек Кеңес Одағында қолданыстағы билікпен байланысты тағы бірнеше идеологиялық тарихи оқиғалар әшкереленді. Мысалы, «кемеңгер көсем» туралы миф Йосиф Сталиннің қайтыс болуынан кейін әшкереленді. Ал «кеңестер билігі» туралы мифтер – халықтың билікке құқығы кеңес мемлекетінің құлауымен аяқталды. Бірақ XX екінші жартысындағы Уинстон Черчилль жайлы миф белгілі бір қайта құрылымдаудан кейін қайтадан өзектілікке ие болды. Бұл мыңдаған жылдар бойы бар дәстүрлі мифтерге (соның ішінде космогониялық және діни) қарағанда кейбір саяси мифтердің өмірі қысқа, ал басқалары миф дизайны арқылы жаңадан мәнге ие болуы мүмкін дегенді білдіреді.

XX ғасырдың соңғы онжылдықтары мен XXI ғасырдың алғашқы онжылдықтарына саяси миф шығармашылығының қарқынды дамуы тән. Бұл бірінші кезекте ақпараттық технологиялардың белсенді дамуымен, жаһандандыру үрдістерімен және бірыңғай медиакеңістік қалыптастырумен байланысты. Көптеген елдерде миф дизайны технологиясы «адамзат қауымдастықтарының (өркениеттердің, елдердің, ұлттардың, этностардың, үлкен және шағын адамдар тобының) өзекті идеологиялық міндеттерін шешу мақсатында көпшіліктің санасында ескі мифтерді өзіндік

қайта жаңғырту (ре-дизайн) және жаңа мифтер құру» [5, 12 б.] сайлауалды үгіттеудің тиімді құралы ретінде пайдаланылады. Іске ескі де, жаңа да немесе жаңартылған мифтер де кірістіріледі. АҚШ-та және Батыс Еуропаның көптеген елдерінде бұл үшін көбінесе бұрын кеңестік деп аталған («жауыздық империясы» деп атаған) ресейлік әскери агрессия туралы миф қолданылады. Өз кезегінде, Ресей Федерациясы үшін америкалық немесе батыс экспансионизмі туралы мифтері қайтадан өзекті мифке айналды [6].

Зерттеу әдістері

Мақала жазу барысында теориялық-әдіснамалық үрдіс жалпы ғылыми және талдау мен жинақтаудың, жалпылаудың, жүйелілік-құрылымдық және ретроспективті талдаудың, салыстырмалы және сараптамалық арнайы әдістерінің кешені негізінде жүргізілді.

Нәтижелері және талқылау

Қазіргі заманғы саяси мифтер дәстүрлі мифтер секілді өткенді, бүгінгіні баяндайды және болашақты болжайды. Олар мақсатты аудиторияның жақсы қабылдауына арналған қолжетімді (көбіне аллегориялық) формада мазмұндалады. Дәстүрлі мифтермен салыстырғанда олардың киелілік мәртебесі жоқ, дегенмен белгілі бір әлеуметтік топпен шүбәсіз шындық ретінде қабылдануы тиіс. Мистикалық оқиғалар секілді олардың өзіндік шынайылық үлгісі және әрекеттер нұсқасы – оларға сенетіндерге арналған сценарийі болады [6]. Әдетте саяси және дәстүрлі мифтердің келесі сипаттарын белгілеп атайды:


- Полиморфтық – бір ғана символдар тізбегі қолданылады, мысалы «кемеңгер әмірші» туралы тарихи оқиға шын мәнінде барлық елдерде бар. Бұл жерде бір ғана тақырыптың түрлі мақсаттары мен эмоционалдық реңкі болады.
- Шектелушілік – мифтерді жасау үшін көптеген комбинациялары болуы мүмкін шектеулі символдар саны ғана қолданылады.
- Дерексіздік – мифтер қолда бар тәжірибеге сүйенбейді және эмпирикалық шындықпен байланыспайды.
- Түпкіліктілік – олар шынайылығына қарамастан тексеруді қажет етпейтін аксиомалық (априоралық) сенімге негізделеді.
- Орнықтылық – миф нақты бір тарихи уақытқа шырмалмаған, өзінің өлшемінде өмір сүре береді.

Кейбір зерттеушілер келесі айырмашылықтарды атап өтеді: қазіргі күндегі мифтер әдетте нақты адамдар туралы, осы шақ және жақындағы өткен күн жайлы баяндайды. Олардың ғұмыры қысқа, ежелгі заманнан мұра болып келмейді және ауызша ғана немесе сакральды мәтіндер арқылы ғана емес, дәстүрлі (теледидар, баспасөз, радио) және заманауи медиалар (әлеуметтік желі) арқылы да таралады [7].

Заманауи саяси мифтерді зерттеудің теориялық-әдіснамалық тәсілі және оның қоғамдық сананы басқарудағы рөлі мифтердің саясаттағы маңызын,

құрылымын, ерекшеліктерін, үрдістерін және функцияларын анықтауды меңзейді (1-сурет).

1-сурет. Саясаттағы мифтерді талдау үлгісі.



Маңызы. Саяси мифтер мен стереотиптерді қашан да біреу шығарған, сондықтан олар алғашында болуы мүмкін шындық ретінде қабылданады, ал кейін көпшіліктің санасында айқын және талассыз шындыққа айналады. Олар бастапқыда нақты нысандарға телулі болған өздерінің шындық көрінісін жасайды. Бұл оқиғалар бейнелермен әрекет жасайды, сол себепті олар танымалдылық пен есте қалушылықты қамтамасыз етеді [8].

Дегенмен де кез-келген бейне секілді миф те детальдардың түрлі түсіндірілімін береді, ол өз кезегінде түрлі егжей-тегжейлігімен көптеген нұсқаны құруға мүмкіндік береді. Әрбір жаңа жақтаушы базалық бейнені оған тиесілі эмоциялық реңкпен толықтырады. Бір, мысалы қастандық туралы, саяси стереотип негізінде бір ғана тарихи оқиғаның сан алуан түрлі нұсқалары құрылуы мүмкін. Олардың эмоционалды сферамен байланысты иррационалды іргетасы бар. Мифологиялық тарихи оқиғаның өміршеңдігі мен ұзақтығы ең алдымен ол тудыратын эмоциялармен анықталады. Адамдар түпсаналы түрде өздерін саяси мифтердің кейіпкерлерінің орнына қоя отырып, олардың уайымына ортақ болуы тиіс.

Құрылым. Әрбір саяси мифтің белгілі бір компоненттерден тұратын өзіндік құрылымы бар. Әдетте мифтің келесі базалық элементтерін атап көрсетеді [9]:

- Архетиптер. Бұл саяси мифтің эмоционалды реңкін анықтайтын негізі, «қаңқасы», бастапқы бейнесі. Әдетте барлық өткен дәуірлердің тәжірибесі негізінде қалыптасады.

- Мифологемдер. Шындықты сипаттаудың қабылданған ережесі, клишесі және бір мезгілде қабылдау өнімі. Мысал ретінде Солтүстік Кореяның көсемдерін сипаттаудың идеологиялық тәжірибесінде қабылданған бәрін білуші және әрбір азаматқа қамқор сипаттары бола алады.

- Символика. Нақты оқиғалардың мифологемалармен және архетиптермен бірігуіне қызмет етеді.

- Жүзеге асыру құралдары. Адамдардың саяси мінез-құлықтарын өзгертуге арналған. Бұл нақты жағдайларды сипаттауға арналған идеологемалар, мысалы, сайлауалды кампаниялардың слогандары. Сондай-ақ жүзеге асыру құралы ретінде мифті тасымалдаушыларға кеңістікте (демонстрациялар, митингтер) немесе уақытта (идеологиялық даталарды, мейрам-

дарды мерекелеу) бірігуге мүмкіндік беретін саяси салт бола алады. Кейде мұнда Интернетті және әлеуметтік медиаларда қарым-қатынас жасауды жатқызады, ол виртуалды кеңістікте бірлестік пен ортақтастықты сезінуге мүмкіндік береді [8].

Эрнст Кассирер өзінің «Қазіргі заман саяси мифтерінің техникасы» еңбегінде атап өткендей, миф түрінде интерпретацияланбайтын бір де бір табиғи құбылыс немесе адам өміріндегі оқиға жоқ [3]. Бұл жерде барлық осы сан алуан тарихи оқиғаларды қазіргі заман зерттеушілері бірнеше негізгі тақырыпқа біріктіреді [10]:

- Қастандық туралы. Бұл ең танымал мифтердің бірі: елдегі жамандықтың барлығы құпия күштердің әрекетінен болады, оларға қарсы кез-келген күрес құралдарын пайдалануға болады, сондықтан жауға қарсы біріккен дұрыс.

- Алтын ғасыр жайлы. Сүйіспеншілік, еркіндік және теңдік орнаған кезеңге оралуға шақырады. Сондай-ақ саяси мифтің мұндай тақырыбы аталған «жарқын өткен күн» үлгілерімен құрылатын «жарқын болашаққа» шақыруы мүмкін.

- Қорғап қалушы батыр туралы. Нақты кейіпкерлерге мінсіз адамның қасиеттері тағылады. Мифтік батыр ең жоғары моральдік қасиеттерге де, жауынгер мен қолбасшы талантына ие болады, саяси көшбасшыны таңдарда немесе қандай да бір саяси дағдарыстан өтерде ол көпшілік үшін эталонға айналады.

- Ұлт атасы туралы. Қарапайым халыққа қамқор, оның барлық проблемаларын білетін, әділ әрі кішіпейіл саясаткер жайлы баяндайды. Елде барлығы жақсы болар еді, бірақ оған қоршаған адамдары кедергі болады («патшасы мейірімді, бірақ мырзалары нашар»).

- Ұлттың ерлікпен өткен күндері туралы. Баяғы бір заманда ең мықты, ақылды да парасатты, ұлы ата-бабаларымыз өмір сүрген. Олар Отан үшін отқа түскен. Біз – ұлы бабаларымыздың лайықты ұрпағымыз, сондықтан солардың жолымен жүреміз.

- Бірлік туралы. Қарама-қарсы қоюға негізделген: өзіндікі мен бөтен бар, дос пен қас бар, біз бен олар бар. Бөтендер – барлық қайғы-қасіреттің көзі, олар біздің құндылықтарымызды алып қоюға тырысуда, сондықтан ұлтты сақтап қалу – оның бөтеннен-жаудан келетін қауіп-қатер алдында ынтымақтасуында [10] жатыр.

Саяси мифологияда өзге де тақырыптар бар, оларды саяси күресте, стратегиялық коммуникацияларда және мемлекеттік ақпараттық саясатта пайдалану билікті алудың, заңдастырудың және ұстап қалудың алғышарттарын құруы мүмкін.

Ерекшеліктері. Саяси мифтер сыртқы деструктивті әсерден қорғаныс қалқаны ретінде әрекет етеді, оның беріктігі тұрақтылығына байланысты болады. Ең алдымен, саяси мифология әрқашан символмен байланысты. Қоғамдық санада кез-келген әлеуметтік-саяси үрдісті нақты мәндік мазмұнмен байланыстырады. Посткеңестік кеңістікте тұрып жатқан көптеген адамдар үшін свастика – ұлтшылдық символы, ал қызыл жұлдыз

– Кеңес Одағының символы. Саяси мифологияда көбінесе символдар көне дәуірден немесе өзге өркениеттерден алынады. Мысалы, сол свастиканың өзі шығыс өркениеттерінде қозғалыс символы, ал жұлдыз құпия білім мен қуаттылықтың белгісі [10].

Басқа да ерекшелігі – аса құндылығы. Саяси миф адамның терең, эмоционалды реңк берілген базалық қажеттіліктеріне негізделеді. Сондықтан мұндай асқан құндылық үшін адам біршама дүниесін құрбан етеді. Мысалға алсақ, негізінде алтын ғасыр және асқақ адам туралы миф жатқан әділеттілік пен әлеуметтік теңдік идеяларын тарату және қорғау үшін әлем тарихында адамдар талай мәрте қару алған.

Үрдістер. Қоғамдық өмір – саяси мифологияның туындауына оңтайлы жер, себебі кәдімгі адамдар көпшілікте елде болып жатқан әлеуметтік-саяси үрдістер жайлы шынайы ақпаратқа ие болмайды және оны саналы әрі сыни түрде сараптауға шамасы жетпейді. Сондықтан халық көбінесе қазіргі жағдайда әлеуметтік медиа арқылы таралатын идеологиялық интерпретацияны, өсек мен сыбысты қанағат тұтады. Бұл жерде барлық саяси ақпаратты адамдарға түсінікті және танымал болуы үшін – олардың саясат жайлы тұрмыспен араласып кеткен түсініктеріне қайшы келмейтіндей ету үшін бұрмалайды, бейімдейді және кемсітеді. Мұндай бұрмалаудың нәтижесі – саяси мифтер. Олар мына үрдістер арқылы қалыптасады [11]:

- Инверсия – өзінің үйреншікті түсініктерін бұрмалаудан қорғау үшін түсіп жатқан ақпаратты өзгерту.

- Оңтайландыру – қоғамдық санаға қолайлы себептер немесе қолайсыз оқиғаларға дәлелдеме табу, мүмкін емес себеп-салдар байланысының пайда болуы.

- Проекция – қоғам өзінің жеке қасиеттері мен қалпын сыртқы нысандарға ауыстыру.

- Персонафикация – көпшіліктің нақты адамға немесе саяси феноменге мінсіз кейіп тағуы [11].

Эрнст Кассирер өзінің жоғарыда аталған еңбегінде «білікті және епті шеберлер» деп өте дәл атаған кәсіби миф дизайнерлері [3] өз кезегінде инверсияның, оңтайландырудың, проекцияның және персонафикацияның бұқаралық үрдістерін өзекті міндеттерге және саяси тартыс жағдайларында мақсатқа сай қолдананатынын атап өткен жөн.

Функциялары. Кәсіби де, постфольклорлық миф шығармашылығы да сан алуандығына қарамастан, олар мейлінше белгілі бір мақсаттарға қызмет ететін барлық жаңа тарихи оқиғаларды (нарративтерді) шығара және қайта дизайндей отыра, үнемі жетілдіріліп отырады.

Атап айтқанда, саяси мифтер қоғамда келесі негізгі әлеуметтік-саяси функцияларды атқарады [12]:

- Біріктіруші. Саяси миф түсінік, өнеге мен баға беру негізінде ортақ саяси наным, бөлінетін сенім жалпы білім қалыптастыру арқылы бөлектеніп кеткен халық топтарын біріктіруге қызмет етеді. Көбінесе «жау» бейнесі (ең қарапайым саяси миф) және бірлік туралы миф жиі

қолданылады. Саяси партиялардың қозғалыстардың құрылуы адамдарды «өзіміздікілерге» (ұқсас мифтерге сенімдерін бөлісетіндер үшін) және «бөтендерге» (баламалы мифтерге сенетіндер үшін) бөлу арқылы жүзеге асады.

- Бейімделген. Қандай да бір қауымдастықтың әлеуметтік ортамен өзара әрекет етуі үшін оның мүшелері көбінесе субъективті әлем көрінісін жасайды, онда нақты байланыстар шындық туралы мифологиялық түсініктермен түйісіп жатады. Жекелеген страталар да (қатарлар, топтар, руластар), мемлекет әлеуметі де, жалпы алғанда, саяси шындықпен өзара әрекет етудің типтік схемасын және стратегияларын қалыптастырады. Мысалы, авторитарлық қоғамда ел мен халықтың әл-ауқатын жақсартып, гүлденуге апаратын ұлы басшысы басқаратын ел туралы мифологиялық сарынға салынған түсінік жасалады. Егер электораттың көпшілік бөлігі осыған сенсе, көпшіліктің бодандық позициясын және олардың елді басқаруға саяси бағыт үшін жауапкершілікті табыстауды меңзейтін мифтің осы функциясының жоғары тиімділігі айқын.

- Билікті заңдастыру. Кез-келген қоғамда саяси жүйеге халықтың қолдауы, халықтың билік институттарының пәрменділігіне, әділеттілігіне және заңдылығына сенімі қажет. Халыққа қолданыстағы саяси құрылым не үшін керек екендігі түсіндіріледі, оның әрекеттерінің заңға сыйымдылығына сенуге мәжбүрлейді. Мұндай мифология адамды биліктің айрықша мәртебесін мойындауға, әлеуметтік заңдарды орындауға және мәдени нормаларды орындауға түрткі болады. Мысал ретінде саяси кампанияларда қолданылатын мифтерді келтіруге болады: халықты ұлттандыру жағдайында «заңсыз жиналған байлықты оны жасағандарға беру» деп хабарланады, ал егер жекешелендіру жоспарланса, халыққа «басқарудағы тиімсіздікке» байланысты қажет болды деп түсіндіріледі.

- Психотерапевтикалық. Мемлекеттік және әлеуметтік институттар адамдардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыра алмаған жағдайда, қоғамның дамуының дағдарыстық сәттерінде немесе әскери әрекеттер кезінде мифтер тыныстап алуға, психологиялық бәсеңдік алуға, күйзелісті тоқтатуға мүмкіндік береді. Мұндай кезеңдерде адамдардың иррационалдылыққа сенімі күшейе түседі, сондықтан алда келе жатқан жеңіс пен жарқын болашақты сипаттайтын мифтер күрделі кезеңдерді төзімділікпен өтуге мүмкіндік береді.

- Этикалық. Мифологияда қоғамның адамгершілік дәстүрлері, оның практикалық және тарихи ұжымдық тәжірибесі көрініс табады. Мифтер қоғамның моральдік ортасына әсер етеді, мораль өз кезегінде топтарды белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін қалыптастырып әрі біріктіре отырып, мифологияға сіңеді. Мұның бәрі қашан да адамзатқа ортақ өнегеге сәйкес келе бермейтін топшілік моральдің қалыптасуына көмектеседі. Көптеген діни секталар, мысалы ИЛИМ басқаларды жау деп көрсетіп, «өздерінің моралін» жасайды.

• Эстетикалық. Әлемнің мифологиялық көрінісі адамдардың кереметтік жайлы түсінігіне тікелей әсер етеді. Саяси мифтердің ауысыумен бірге қоғамдық шындықты бағалау да өзгеруі мүмкін. Мысалы, кеңестік идеологияның құлауымен бірге «еңбек адам» романтикасы да кетті [12]

Қорытынды

Саясатта миф – бұл саяси сананың өзгертілген формасы, мұнда саясаттың фактілерін білу мен түсіну бейнелермен, қиялмен, аңыздармен және оларға деген сеніммен ауыстырылады. Сипаттамалар қатары саяси мифті классикалық көне мифпен жақындастырады: танымды алмастырушы ұқсас эмоционалды-сезімталдық генетикасы, типологиясы – мифтер-аңыздар (оқиғаларды, олардың себептері мен қатысушылардың рөлдерін түсіндіру), тарихи мифтер, мифтер-мұралар (өткен күндегі оқиғалар мен ерліктер мен олардың қатысушылары туралы), батырлар туралы мифтер (саяси көсемдер жайлы) және т.б. Классикалық дәстүрлі мифке қарағанда саяси миф өзекті саясатқа трансцендентті түрлерін қоса алғанда (саясат пен биліктің Болжағыштық жігерін, халықты, тарихты, айрықша мақсаттары, жоғары міндеттері, парасаттылығы мен қателеспеушілігі және т.б., олардың спецификалық сипаттарымен легитимациялау) қатысты нақтыланады; саяси миф бағытталған сендіру құралдарымен (үгіт-насихатпен, тиісті идеология мазмұнымен) және мифті шындық (морфологиялық таным формасы) деп қабылдауға тырысатын көпшіліктің санасының өзімен оңтайландырылады; саяси миф көпшіліктің асқақтататын идеяға, жұбанышқа (батырлық ту болған өткен күн жайлы естелік және т.б.) тартылу көрінісі ретінде кенеттен пайда болуы мүмкін, бірақ көбінесе мақсатқа бағытталып жасалады, саясаттың тиімді құралы ретінде таратылады және қолданылады; мұндай миф жекелеген санада туындайды, кейін ұжымға таралып, қоғамдық сана фактісіне айналып кетеді.

Саяси миф қажетті үрдістер мен оқиғаларды (сайлаудағы, үкіметтік және партия бағдарламалары, табыстылыққа, жоспарлардың шынайылығына сенім және т.б.) ынталандыра отырып, оң мазмұнмен толықтырылуы мүмкін, бірақ аса негативті мәнге ие болып, соқыр нанымға қанығып, ең жойқын экстремизмді ынталандыруы да мүмкін. Бұл жағдайда саяси миф анестезиялайтын құрал ретінде пайдаланылады: соқыр наным мұндай экстремизмді заңды деп таниды (осылайша, нәсілдік артықшылық туралы миф нәсілшілдікке рұқсат береді және оған қарсы наразылықты тоқтатып тастайды).

Саяси миф қандай да бір саясатты оңтайландырумен жойылып тасталмайды, ол саяси сананың шарасыз ажырамас бөлігін құрайды және саясат жайлы танылмаған және танылмайтын құрамдас бөлігін қамтиды. Көпшілік санасында саяси мифтің рөлін төмендетуге ашық бұқаралық саясат арқылы, қоғамдық сыни өзіндік сананы дамыту арқылы қол жеткізіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кольев А.Н. Политическая мифология: Реализация социального опыта. – М.: Логос, 2019 – 384 с.
2. Денисюк Ж.З. Постфольклор интернет-коммуникації в аксіологічному вимірі. Монографія. – К.: Вид-во «НАКККІМ», 2017 – 384 с.
3. Кассирер Э. Техника современных политических мифов. Вестник Московского университета. Серия 7, философия, 1990. No 2. – С.153-164.
4. Флад К. Политический миф. Теоретическое исследование. – М.: Прогресс-Традиция, 2020 – 264 с.
5. Зеленін В.В. Основи міфодизайну: Психотехнології керування медіареальністю. Навчально-методичний посібник. – К.: Вид-во «Гнозис», 2017 – 168 с.
6. Почепцов Г. Имиджология. – М.: Рефл-бук Ваклер, 2020 – 698 б.
7. Загвозкина Ю.М. Политический миф как проблема социальной философии. Диссертация. – Иваново, 2018 – 157 с.
8. Ивушкина Е.Б., Несмеянов Е.Е. Современная мифология. – Ростов-на-Дону: СКИАПП, 2020 – 82 с.
9. Кузьминская С.И. «Образ врага» в современной политической мифологии. Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2016. No 3. С. 49–52.
10. Лаптев В.В. Трансформация политической мифологии в современной России. Международный научно-исследовательский журнал, 2016. No 4–7 (46). С. – 99-101.
11. Цельковский А.А. Политический миф как детерминанта формирования национального политического сознания. Вестник Челябинского государственного университета, 2016. No 3 (385). С. 13–20.
12. Шульга Н. В. Мифотворчество в средствах массовой информации. Научно-методический электронный журнал «Концепт», 2019. No 3 (март). С. 91–95.

REFERENCES:

1. MKolyev A.N. Politicheskaya mifologiya: Realizatsiya sotsialnogo opyta [Political mythology: The realization of social experience]. – М.: Logos, 2019 – 384 p.
2. Denisjuk ZH.Z. Postfolklor internet-komunikatsii v aksiologichnomu vimiri [Postfolklor of internet communication in the axiological dimension. Monograph]. – К.: Vid-vo «NAKKKIM», 2017 – 384 p.
3. Kassirer E. Tekhnika sovremennykh politicheskikh mifov [The technique of modern political myths]. Vestnik Moskovskogo universiteta. Ser. 7. Filosofiya, 1990. No 2 – 153-164 pp.
4. Flad K. Politicheskii mif. Teoreticheskoye issledovaniye [A political myth. Theoretical research]. – М.: Progress-Traditsiya, 2020 – 264 p.
5. Zelenin V.V. Osnovi mifodizaynu: Psikhotehnologii keruvannya mediarealnistyu. Navchalno-metodichnyi posibnik [Fundamentals of mythodesign: Psychotechnologies of media reality management. Educational and methodical manual]. – К.: Vid-vo «Gnozis», 2017. – 168 p.
6. Pocheptsov G. Imidzhologiya. – М.: Refl-buk Vakler, 2020. – 698 p.
7. Zagvozdina YU.M. Politicheskii mif kak problema sotsialnoy filosofii. Dissertatsiya [Political myth as a problem of social philosophy. Thesis]. – Ivanovo, 2018 – 157 p.
8. Ivushkina Ye.B., Nesmeyanov Ye.Ye. Sovremennaya mifologiya [Modern mythology]. Rostov-na-Donu: SKIAPP, 2020 – 82 p.
9. Kuzminskaya S.I. «Obraz vraga» v sovremennoy politicheskoy mifologii [The «image of the enemy» in modern political mythology]. Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Lingvistika i mezhkulturnaya kommunikatsiya, 2016. No 3 – 49-52 pp.
10. Laptev V.V. Transformatsiya politicheskoy mifologii v sovremennoy Rossii [Transformation of Political Mythology in Modern Russia]. Mezhdunarodnyy nauchno-issledovatel'skiy zhurnal, 2016. No 4-7 (46) – 99-101 pp
11. Tselykovskiy A.A. Politicheskii mif kak determinanta formirovaniya natsional'nogo politicheskogo soznaniya [Political myth as a determinant of the formation of national political Consciousness]. Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta, 2016. No 3 (385) – 13-20 pp.
12. Shulga N. V. Mifotvorchestvo v sredstvakh massovoy informatsii [Myth-making in the mass media]. Nauchno-metodicheskii elektronnyy zhurnal «Kontsept», 2019. No 3 (mart) – 91-95 pp.

Лилия Зайниева¹, Эльмира Суимбаева²

*¹ ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, саяси ғылымдар докторы
e-mail: zainieval@mail.ru*

*² ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық Университетінің докторанты
(Алматы қ., Қазақстан)
e-mail: e.suimbayeva@gmail.com*

ЖАСТАР ПАРЛАМЕНТАРИЗМІ ДАМУЫНЫҢ КӨПДЕҢГЕЙЛІ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейде жастар парламентаризмі қалыптасуының кейбір аспектілері көрсетілген. Халықаралық жастар палатасының, Еуропалық жастар парламентінің, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық жастар ассамблеясының (бұдан әрі: ТМД ПАЖА) жұмыс істеу тәжірибесіне талдау жасалды. Жастар парламентаризмінің анықтамалары айқындалып және олардың ішіндегі ең қызықтысы мақалада келтірілген. Парламентаризм дамуының ұлттық деңгейі Қазақстан мысалында қарастырылды. Бұл арнада жастар мәслихаттары, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы консультативтік-кеңесші құрылымдарды құру тәжірибесі баяндалды. ҚР жастар парламентаризмінің қалыптасу процесі жастардың Парламентте және мәслихаттарда өкілдік етуімен және олардың саяси белсенділігінің артуымен байланысты. Мақала әртүрлі әдістерді пайдалана отырып, құжаттар, жарияланымдар мен электронды форматтағы материалдар негізінде жазылған.

Түйінді сөздер: *жастар, жастар парламенті, жастар форумы, жастар кеңесі, саяси қатысу, Парламент, мәслихат, депутат.*

Liliya Zauniyeva, Elmira Suimbayeva MULTILEVEL NATURE OF THE DEVELOPMENT OF YOUTH PARLIAMENTARISM

Abstract. This study explores various elements of the worldwide, regional, and national formation of youth parliamentarism. The operational experience of the Junior Chamber International, the European Youth Parliament, The Youth Interparliamentary Assembly of Member Nations of the Commonwealth of Independent States (hereinafter: YIPA CIS) has been analyzed. The most compelling definitions of young parliamentarism have been disclosed, and they are represented in this study. The development of parliamentarism at the national level has been observed on the case of Kazakhstan. In this regard, the case of creating youth

maslikhats, consultative and advisory boards under the Senate of the Parliament of the Republic of Kazakhstan is observed. In the Republic of Kazakhstan, the establishment of youth parliamentarism is related with the representation of young people in the Parliament and maslikhats, as well as a growth in their political engagement. The article is written on the basis of electronic documents, publications, and resources using a variety of ways.

Keywords: *youth, youth parliament, youth forum, youth council, political participation, Parliament, maslikhat, legislator.*

Лилия Зайниева, Эльмира Суимбаева
МНОГОУРОВНЕВЫЙ ХАРАКТЕР РАЗВИТИЯ МОЛОДЕЖНОГО ПАРЛАМЕНТАРИЗМА

Аннотация. В статье раскрыты некоторые аспекты формирования молодежного парламентаризма на международном, региональном и национальном уровнях. Проанализирован опыт функционирования Международной молодежной палаты, Европейского молодежного парламента, Молодежной межпарламентской ассамблеи государств – участников Содружества Независимых Государств (далее: ММПА СНГ). Выявлены определения молодежного парламентаризма и наиболее интересные из них приведены в статье. Национальный уровень развития парламентаризма рассмотрен на примере Казахстана. В этом русле освещен опыт создания молодежных маслихатов, консультативно-совещательных структур при Сенате Парламента Республики Казахстан. Процесс становления молодежного парламентаризма в РК связывается с представительством молодых людей в Парламенте и маслихатах и повышением их политической активности. Статья написана на основе документов, публикаций и материалов в электронном формате с использованием различных методов.

Ключевые слова: *молодежь, молодежный парламент, форум молодежи, совет молодежи, политическое участие, Парламент, маслихат, депутат.*

Кіріспе

Жастар әлемдік қауымдастық өмірінде үлкен рөл атқарады. Сондықтан оның мәселелерін жан-жақты және өркениеттік дамудың барлық деңгейінде қарастыру қажет. Осы орайда Біріккен Ұлттар Ұйымы қызметінің маңызы зор. БҰҰ-ның 2018 жылы қабылданған «Жастар – 2030» Стратегиясы БҰҰ-ның жастармен өзара әрекеттесу саласындағы әлеуетін одан әрі нығайтуға бағытталды. Құжатта жастармен тек серіктестік қарым-қатынас құру ғана емес, сонымен қатар бозбала мен бойжеткендерді естіп қоймай, оларды түсініп, жұмысқа тартып қоймай, жеткілікті өкілеттік беріп, тек демеп қана қоймай, жаһандық күш-жігер мен үдерістерді басқаратын жағдай жасау туралы ерекше айтылды. Стратегияда айқындалған басқа да міндеттер жастардың тіршілік әрекетінің білім беру, медициналық

қызмет көрсету, лайықты жұмыс, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жастардың азаматтық және саяси қызметке араласуына қолдау көрсету сынды маңызды мәселелерді көздеді. «Стратегия жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, әлеуетін нығайту және олардың алуан түрлі құқықтарын бүкіл әлем бойынша кеңейту мақсатында жаһандық, аймақтық және елдік деңгейлерде қолданылатын күш-жігердің әсерін күшейтуге және ауқымын ұлғайтуға, сондай-ақ оның 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі мен басқа да негіздемелік құжаттарды жүзеге асыруға және шолуға қатысуын қамтамасыз етуге, оларға байланысты кейінгі шараларды қабылдауға арналған» [1].

Әлемдегі жастар парламентаризмі институтының жүзжылдық тарихы бар. Ол АҚШ-та пайда болып, халықаралық және аймақтық деңгейде, сондай-ақ әртүрлі елдерде әрі қарай жетіліп, дами түсті. Осы орайда ЮНЕСКО-нің қызметі ерекше назар аудартады. 1985 жылдан бастап жастар мәселелері жөніндегі Дүниежүзілік конгресс жұмысын бастап, 1999 жылдан бері ЮНЕСКО жастар форумы ашылды. 2000 жылы Оксфам Халықаралық жастар парламенті құрылды. Бұл – «жастардың соғыстар мен қақтығыстарсыз әділ және тұрақты әлем құруы» деген ортақ идеямен біріккен 150-ден астам елдің жас көшбасшыларының жаһандық желісі [2; 8-б.].

«Жастар парламентаризмі» ұғымына әртүрлі анықтама берілген. Тұрақты анықтаманың жоқтығы құбылыстың қалыптасқанына көп бола қоймағанына байланысты. Жастар парламентаризмін мемлекеттік жастар саясаты мен жастардың өзін-өзі басқаруының құрамдас бөлігі ретінде ұсыну кең таралған. Мақалада бірнеше анықтама берілген.

Зерттеу әдістері

Жастар парламентаризмін зерделеу бойынша зерттеу жұмысының негізі жүйелі тәсіл болды. Тарихи әдіс оның пайда болу және қалыптасу үдерісінің ерекшелігі мен динамикасын анықтауға көмектесті. Салыстырмалы талдау осы институттың ерекшеліктерін халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейде анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада нормативтік-құқықтық актілерге, басқа құжаттар мен ақпараттық материалдарға контент-анализ қолданылды. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін екінші реттік талдау әдісі пайдаланылды. Бұл орталық ҚР Үкіметінің шешімімен 2013 жылдың ақпан айында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан құрылды. Ол республика жастарының жағдайын зерттеумен айналысады және жыл сайын «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасын даярлайды. Жалпы жастар парламентаризмі туралы жарияланымдар аз. Сондықтан мақаланы дайындау қолжетімді ақпарат негізінде, болашақта осы тақырыпты әрі қарай зерттеу мақсатында жүзеге асты. Соның ішінде «Ресейдегі парламентаризмнің дамуындағы жастардың рөлі» атты халықаралық интернет-конференция материалдары ерекше қызығушылық тудырды [3]. Ал қазақстандық авторлардан мемлекет және қоғам қайраткері П.И. Крепактың «Устремленные в будущее» кітабын атап өткен жөн [4].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Жастар парламентаризмі 1910 жылы АҚШ-тың Сент-Луис қаласында (Миссури штаты) Генри Гинсенбайрдың «Геркуланум» би клубын (Ежелгі Рим қаласының атауы, 79 жылдың күзінде Везувий атқылауымен жойылған) құруымен бастау алды. Әрі қарай клуб қаланың азаматтық мәселелерін шешуге араласты. 1915 жылы Г. Гинсенбайр мен оның жақтастары Прогрессивті азаматтық жастар қауымдастығын (Young Men's Progressive Civic Association) құрды. Жастардың белсенділігі мен қауымдастық ықпалының артуы нәтижесінде АҚШ-та 29 клуб құрылып, олар бейкоммерциялық тәуелсіз ұйым – АҚШ-тың Жастар сауда палатасына бірікті. Жастар палатасы туралы басқа елдер де біліп, Халықаралық жастар палатасының қалыптасуы басталды. 1944 жылы аталмыш палатаның алғашқы халықаралық конференциясы Мехико қаласында өтті, ал 1946 жылы Панамада 16 мемлекеттің делегаттары қатысқан бірінші дүниежүзілік конгресс болды [5; 158-б.].

2022 жылғы жағдай бойынша Халықаралық жастар палатасы (Junior Chamber International) – әлемнің 132 еліндегі сегіз мыңнан астам жергілікті ұйымдар атынан қатысатын 500 мыңнан аса жас саясаткерлерді, қоғам қайраткерлері және кәсіпкерлерді, белсенділер мен еріктілерді біріктірген коммерциялық емес ұйым. Ол БҰҰ-ның қауымдастырылған мүшесі болып, Халықаралық сауда палатасы, ЮНЕСКО және ЮНИСЕФ-пен бірлесіп ортақ бағдарламаларды жүзеге асыруда. Палата сонымен қатар экономика және басқару саласындағы Халықаралық студенттер қауымдастығымен (БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің тәуелсіз бөлімшесі), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен, Америкааралық қор және Еуропарламентпен ынтымақтаса қызмет етеді. Ұйымның мақсаты – халықаралық жастар қозғалысын жандандырып, жастардың көшбасшылық қасиетін, әлеуметтік жауапкершілігі мен кәсіпкерлігін дамыту.

Халықаралық жастар палатасы құрылымы бойынша ұлттық палаталардан тұрады, олардың қызметін халықаралық штаб-пәтер үйлестіреді. Ұлттық палаталардың жұмысы елдегі жетекші коммерциялық құрылымдардың қаржылық қолдауы негізінде жүргізіледі. Мысалға, Швециядағы жастар палатасының бас серіктесі – «Вольво» және «Эриксон» концерндері, Австрия палатасынікі – Австрияның Ұлттық Банкі, Америкалық палатаның серіктестерінің бірі «Кока-кола» компаниясы болып табылады. 1994 жылдан бастап Ресей жастар палатасы ресми түрде Халықаралық жастар палатасына мүше болды [3; 200-б.].

Халықаралық жастар палатасы өскелең ұрпақтың мүмкіндіктеріне баса назар аударатын әртүрлі дербес және серіктестік бағдарламаларды жүзеге асырып жатыр. Мысалға, палатаның жас көшбасшыларын анықтау және оларға қолдау көрсету, бойжеткен мен бозбалалардың қабілетін дамыту мақсатында тренингтер өткізеді. Палата мүшелері арасында көпшілік алдында сөйлеу бойынша Дүниежүзілік чемпионат пен Дүниежүзілік пікірталас чемпионаты өткізіледі. Әртүрлі елдердің екі немесе одан да көп ұлттық палаталарын біріктіретін твининг (екітармақтану), бірлескен кросс-мәдени (мәдениетаралық) жобалар жүзеге асырылады. Бағдарлама

серіктестерге бір-бірінің тәжірибесін үйреніп, идеялар алмасуға, байланысты жақсартуға және әлемнің жаңа көрінісін қалыптастыруға көмектеседі.

Жастар парламентаризмінің аймақтық деңгейін сипаттағанда Еуропалық жастар парламентін атап өту керек. Бұл ұйымды 1987 жылы Фонтенбло халықаралық колледжінің (Франция) оқытушылар тобы құрды. Ол Еуропадағы азаматтық білім беру саласындағы жетекші үкіметтік емес ұйым болып табылады. Оның мақсаты – еуропалық білім кеңістігін дамыту және Еуропалық жастар парламентінің мүшелеріне саяси қызмет саласында тәжірибе жинақтауға, құқықтық сана мен азаматтық ұстанымды, саяси пікірталас пен басқару дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беру. Парламентке 16–22 жастағы еуропалық жастар кіреді. 30 000-нан астам жастар жыл сайынғы іс-шараларға қатысады. Мысалы, барлық еуропалық елдердің өкілдері қатысуымен халықаралық сессиялар өткізіледі. Әлеуметтік-саяси мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіру үшін жастарға арналған ашық форум да өткізіледі. Мәдениетаралық диалог сақталады және тұлғалық өсуге мүмкіндік беріледі.

Жекелеген мемлекеттер деңгейінде Еуропалық жастар парламентінің ұлттық комитеттері жұмыс істейді. Олар жыл сайын өз сессияларында халықаралық сессияға қатысатын делегаттардың іріктеуін өткізеді. Халықаралық сессиялар әртүрлі елдерде жылына екі-үш рет болады. Онда 40 елден келетін 300-ге жуық жастар қоғамның өзекті мәселелерін талқылайды. 1988–2022 жылдар аралығында 100-ге тарта халықаралық сессия өткізілді.

Еуропалық кеңістікте жастар парламентаризмінің дамуына жастардың муниципалдық және аймақтық құрылымдардың өміріне қатысуы туралы Еуропалық Хартияның қабылдануы өз септігін тигізді. Бұл құжатты 1992 жылы Еуропа Кеңесінің жергілікті және аймақтық билік органдарының конгресі қабылдады. 2003 жылы ол қайта қаралып, толықтырулар енгізілді. Хартия кіріспе, преамбула, принциптер және үш бөлімнен тұрады. Негізгі принципі – саясаттың барлық саласында жастардың құрамдас бөлігі болуы керек, оны жергілікті және аймақтық билік жастармен бірігіп анықтайды. Жастардың талқылау мен шешім қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету үшін билік органдары арнайы құрылымдар қалыптастыруы қажет. Мұндай құрылымдар жастардың тұрақты өкілеттігі негізінде құрылып, жастар кеңесі, парламенті немесе форумы түрінде болуы мүмкін. Оларды қаржыландыру мен материалдық қолдау жергілікті және аймақтық билік есебінен жүзеге асырылады. Сондай-ақ бұл құрылымдар жастарды демократиялық өмірге және қоғамдық істерді басқаруға дайындайды [6]. Олар Еуропалық Одақтың көптеген елінде құрылған. Жастар парламентаризмінің жоғарыда аталған халықаралық және аймақтық құрылымдарында Қазақстан өкілдерінің қатысуы анықталған жоқ.

Жас қазақстандықтардың қатысуы және қызметінің мазмұны тұрғысынан 2012 жылы құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің Парламентаралық жастар ассамблеясы қызығушылық тудырады. Жастар ассамблеясы – ТМД Парламентаралық ассамблеясының

(әрі қарай: ПАА) тұрақты қызмет атқаратын консультативтік органы. Ұйымның басты мақсаты жас парламентшілерді ынтымақтастықты дамыту үдерісіне тарту, олардың диалог құруына, тәжірибе алмасуына және парламенттік дипломатияға араласуына жағдай жасау болып табылады. Негізгі жарғылық құжаты – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық жастар ассамблеясы туралы ереже. Осы құжатқа сәйкес тек 35 жасқа дейінгі өз мемлекеттерінің депутаты, жастар парламентінің, ТМД елдерінің ұлттық парламенттері жанынан құрылған жастар консультативтік-өкілетті құрылымдарының өкілдері жастар парламентінің делегациясына мүше бола алады. ТМД ПАЖА қызметі оның өкілдерінің пленарлық отырысқа, сондай-ақ Парламентаралық ассамблеяның тұрақты комиссияларының жұмысына қатысуы болып табылады. ТМД ПАЖА жыл сайын өзінің бір өкілін ТМД Парламентаралық ассамблеясының тұрақты комиссияларының құрамына жібереді. Халықаралық жастар ынтымақтастығы бойынша әртүрлі өзекті іс-шаралар өткізіледі. Әзірленетін және қабылданатын шешімдер ұсыныстық сипатқа ие [7]. Жастар парламентаризмінің дамуына 2012 жылғы қарашада ПАА-ның «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» модельдік заңын қабылдауы ықпал етті. Ол заңда «мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары жанындағы қоғамдық консультативтік-кеңесші құрылымдар мен кәсіптік білім беру мекемелеріндегі студенттік өзін-өзі басқаруға жастардың қатысуын дамыту» үшін тиімді жағдай жасау және жәрдемдесу қажеттілігі көрсетілген [8].

2013 жылдың 29 наурыз күні Санкт-Петербург қаласында ТМД ПАЖА-ның алғашқы отырысы өтті. Жалпы отырыстарда саясат пен заңнама саласындағы халықаралық жастар ынтымақтастығының басым бағыттары, жастар бастамаларын дамыту және қолдау мәселелері, өскелең ұрпақтың мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқаруға қатысуының әлемдік тәжірибесі, сондай-ақ жастар арасында ортақ мәдени және тарихи құндылықтар қалыптастыру, ТМД жастарына қатысты басқа да мәселелер қарастырылады. Ережеге сәйкес бірінші отырыста жастар парламенттік делегациясының көпшілік дауысымен бір жыл мерзімге ТМД ПАЖА координаторы сайланады. Кейіннен жастар парламенттік делегациясының мүшелері мемлекеттер атауының әліпбилік тәртібіне сәйкес кезекпен координатор болады. Мысалға, 2013 жылы алғашқы координатор Әзірбайжан Республикасы Милли Меджлисінің депутаты болды. Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты 2016 жылы координатор қызметін атқарды. Парламентаралық жастар ассамблеясы ТМД-ның Жастар істері жөніндегі кеңесі мен Мемлекетаралық статистика комитеті, БҰҰ-ның тұрғылықты халық саласындағы қорымен үнемі өзара әрекеттеседі.

ТМД ПАЖА-ның қызметі ПАА-ның модельдік заңнамалық актілерінің, ұсыныстар мен өзге де құжаттардың жобаларын әзірлеуге жастардың іс жүзінде қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Жастар парламенттік делегациясының мүшелері «Студенттік жасақтардың қызметі туралы» модельдік заң және «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жас ғалымдары арасындағы ынтымақтастық туралы» ұсыныс жобаларының

бастамашылары мен әзірлеушілері болды. Жастар ассамблеясы «Еріктілік (волонтерлік) туралы» модельдік заңның сараптамасына қатысты. Сонымен қатар жас парламентшілер жастар саясаты мен жастар бойынша басқа да модельдік заңдар және құжаттардың жобаларын бағалауға қатысып, ТМД Парламентаралық ассамблеясына сол құжаттар бойынша ұсыныстар әзірлейді. 2016 жылдың мамыр айында «Жастар ортасында әлеуметтік қауіпті құбылыстардың алғашқы профилактикасы саласындағы бағдарламаларға қойылатын талаптардың стандарттарын белгілеу және сақтау жөніндегі ұсынысты» ПАЖА-ның ынта танытуы арқылы ТМД ПАА қабылдады. Сол жылы «ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде Жастар парламентінің қызметін реттеу және дамыту жөніндегі ұсыныстарды» әзірлеу бойынша ТМД ПАЖА-ның жұмыс тобы құрылды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Халықаралық жастар ынтымақтастығының стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі 2016–2017 жылдарға арналған жоспары қабылданды [9].

ТМД ПАЖА «Достастыққа қатысушы мемлекеттерде жастар парламенттік құрылымдарын құру және дамыту жөніндегі ұсыныстарды» әзірлеуге қатысты. Бұл ұсыныстар осы елдер бірлестігінің Парламентаралық ассамблеясымен 2019 жылдың сәуірінде қабылданды. Аталмыш құжаттың мақсаты Достастыққа қатысушы елдердің мемлекеттік биліктің заң шығарушы органы немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жанындағы жастар парламенті түріндегі құрылымдардың жұмысын ұйымдастырушылық-құқықтық реттеу және құру саласындағы заңнамасын жетілдіру болып табылады. Осы ұсыныстарда жастар парламентаризмін «жастардың мемлекеттік билік органдарының жұмысы туралы хабардар болу деңгейін көтеру, өскелең ұрпақтың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру, мемлекеттік және қоғамдық істерді басқару мәселелеріне жастардың қызығушылығын дамыту; олардың мемлекеттік және муниципалды басқаруға, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге қатысу мүмкіндігі; жастардың саяси және азаматтық мәдениетін жақсарту, оның құқықтық және электоралдық мәдениетін қалыптастыру мен дамыту құралы; мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін кадрлар резерві» деп қарастыру ұсынылған [10].

Жастар ынтымақтастығын кеңейту шеңберінде ТМД ПАЖА мен «Еуразиялық жастар ассамблеясы» жастардың халықаралық ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу жөніндегі Санкт-Петербург аймақтық қоғамдық ұйымының кеңесі арасындағы ынтымақтастық бойынша ниет хаттамасына қол қойылды. Хаттамада өзара әрекеттесу бағыттары ретінде халықаралық жастар шараларын бірлесіп ұйымдастыру, ғылыми қызмет, тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау және ТМД елдерінің жетістіктерін дәріптеу көрсетілген.

ТМД ПАЖА мүшелері арасында тәжірибе алмасу бойынша диалог алаңы ретінде Ақпараттық технологиялар, механика және оптика ұлттық зерттеу университетінің (Санкт-Петербург) 25 жылдық мерейтойына арналған іс-шара болды. ТМД ПАЖА делегаттары Достастық елдерінің ғылымдағы,

жастар саясатындағы және халықаралық жұмыстағы тәжірибесімен танысты. 2019 жылғы 18 қазанда Қазақстанның бастамасымен Астанада республикадағы Жастар жылына орайластырылған ТМД ПАЖА-ның көшпелі отырысы өтті. Бұл отырысқа бақылаушы ретінде Парламентіміздің депутаттары қатыса алды. Достастық жастарының арасындағы байланысты нығайтуда ТМД ПАА кеңесінің көшпелі отырыстарының тиімділігі баса айтылып, осындай тәжірибені тұрақты енгізу жөнінде шешім қабылданды [11].

ТМД ПАЖА жетістіктерінің бірі ТМД-ның Жастар парламентаралық форумы болып табылады. Форум жастар мәселесін шешу бойынша ұсыныстар мен жастар саясаты саласында парламенттік қызметтің негізгі бағыттарын айқындау мақсатында жас парламентшілер, атқарушы биліктің және жастар қозғалысының өкілдерінің диалогы үшін қолайлы жағдай жасайтын Достастықтағы бірегей алаңын ұсынады [12].

ТМД-ның алғашқы Жастар парламентаралық форумы 2014 жылы Санкт-Петербургте өтті. Оның жұмысының нәтижесінде қорытынды қарар қабылданды. Оған ТМД ПАА-мен қабылданған құжаттарды жүзеге асыруға белсенді атсалысу, Ұлы Отан соғысының тарихи мұрасына ұқыпты қарау, білім беру жүйесі мен жастардың шығармашылығын дамыту, мемлекеттік және муниципалды басқару органдарына жоғары білікті кадр резервін қалыптастыру, ТМД-да жастар парламентаризмінің, жастардың өзін-өзі басқару мен өзіндік ұйымдасу формаларын жетілдіру, ТМД-ға қатысушы елдердегі жастар ұйымдары мен бірлестіктер, қоғамдық құрылымдар арасында іскери байланысты нығайту деген тармақтар кірді. Ол құжат ұсыныстық сипатқа ие және ТМД ПАЖА-ның жұмыс жоспарын құрастырғанда бағдарламалық құжат ретінде қолданылды. Форум перспективті халықаралық алаң ретінде танылып, болашақта Достастықтың әртүрлі қалаларында тұрақты түрде үш жылда бір рет өткізу туралы шешім қабылданды [13].

ТМД Парламентаралық ассамблеясының 30 жылдығына және Парламентаралық жастар ассамблеясының 10 жылдық мерейтойына арналған кезекті форум 2022 жылдың маусым айында Санкт-Петербургте өтті. Оның тақырыбы «Жас парламентшілер – Достастықтың болашағына көзқарас» болды. Форумға Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы мен Түрікменстаннан жастар парламентінің өкілдері, жастар қоғамдық құрылымдарының көшбасшылары, атқарушы билік пен жастар саясатын басқару органдарының, білім беру және ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдері қатысты. Қазақстаннан делегация құрамына Мәжілістің екі жас депутаты кірді. Пленарлық және қорытынды отырыстар, секциялар бойынша жұмыс өтті. Форум аясында ТМД ПАЖА-ның кезекті отырысы мен ТМД ПАА-ның 30 жылдық мерейтойының құрметіне арнайы акция ұйымдастырылды. Форум секциялары екі бағыт бойынша: теориялық және практикалық (семинар, пікірталастар, тренингтер мен мастер-кластар) болып өтті. Форум барысында жастар саясатындағы

инновациялық бағыттарды жүзеге асыру, парламентшілердің бұқаралық ақпарат құралдарымен, жастар парламенттік құрылымдарымен және жария биліктің заң шығарушы (өкілетті) органдарымен өзара әрекеттесу, жаңа буын көшбасшыларына қойылатын талаптар мен жастар парламентаризмін дамыту мәселелері көтерілді. Форум нәтижесі бойынша қорытынды қарар қабылданып, ол ұлттық парламенттерге, ТМД-ның Атқарушы комитетіне, Достастық елдерінің атқарушы органдары мен жастар саясатын басқару органдарына жіберілді [14].

Сөйтiп, талдау көрсеткендей, Тәуелсiз Мемлекеттер Достастығы шеңберiнде Қазақстан жастары ПАЖА-ға қатысады. Республикада жастар парламентаризмi әртүрлi формада болады. Соның мысалында жастар парламентаризмi дамуының ұлттық деңгейiн көрсетемiз. Қазақстан аймақтарында, мәселен, жастар мәслихаты жұмыс iстейдi. Мысалы, 2007 жылы Астана қаласында, ал 2012 жылы Солтүстік Қазақстан облысында жастар мәслихаты құрылды [15]. Қарағанды қаласында жастар мәслихаты 2016 жылы оқушылар мен студенттердiң арасынан 30 белсендiден құралды [16]. Қостанай қаласында 2020 жылы жастар мәслихаты құрылып, оның құрамына «Ақ жол», «Нұр Отан» («Аманат»), ҚХКП («Қазақстан Халық партиясы») және «Ауыл» партияларының жастар қанатының белсендiлерi кiрдi [17].

П.И. Крепактың бастамасымен енгiзiлген КИМЭП Университетiнде студенттердiң Парламенттік-үкiметтік практика бағдарламасы қызығушылық тудырады. 2002 жылы «Қазақстан Республикасы Президентi жанындағы КИМЭП-тiң Саяси ғылымдар және мемлекеттік басқару департаментiндегi мемлекеттік қызметке тарту және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында студенттердiң практикасын ұйымдастыруға жәрдемдесу студенттік орталығы» ҚБ ресми тiркелгеннен кейiн Тәжiрибеден өту туралы ереже әзiрленiп, тәжiрибе бағдарламасы мен мемлекеттік органдарға ресми өтiнiшаттар жасалды. Алғашқы тәжiрибе 2003 жылдың наурыз-маусым айларында өтiп, оған 63 студент қатысты. Нәтижесiнде оқытушылар мен практиканттарды қабылдаған ұйымдардың өкiлдерi қатысуымен өзiнiң қорытынды есептерiн көпшiлiк алдында ашық қорғау бойынша студенттік конференция ұйымдастырылды Бұл конференция дәстүрге айналып, тәжiрибе университеттiң мiндеттi оқу бағдарламасына ендi. 2004 жылдан бастап тәжiрибе ҚР Парламентi мен Үкiметiнде жүзеге асырылады. Мұндай тәжiрибеден өту Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетi, Қазақстан-Британ университетi, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетi мен Назарбаев Университетi студенттерiне де қолжетiмдi. Тәжiрибе барысында студенттер Парламент жұмысының регламентiмен танысып, оның депутаттарымен кездеседi, заң жобаларын талқылауға арналған парламенттік тыңдаулар мен жұмыс топтарының қызметiне атсалысады.

Тәжiрибенiң маңызды жетiстiгi ретiнде КИМЭП Университетiнiң базасында құрылған Жастар парламентiн атауға болады. Ол республикалық қоғамдық бiрлестiк статусын алды. Оның құрылымы қазiргi ҚР Парламентiне сәйкес келедi. Студенттер арасынан сайлау арқылы екi Палата

құрылып, комитеттер, координациялық және жұмыс органдары құрылды. 2004 жылы алғаш рет Жастар парламентіне депутаттарды сайлау өтті. Оған 790 студент қатысты. Жастар парламентінің қызметі заң жобаларына қоғамдық сараптама жүргізу, парламенттік тыңдаулар мен «дөңгелек үстелдер» өткізу және өз қорытындыларын Республиканың Парламентіне ұсыну болып табылады. Сөйтіп, 2012 жылы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша басқармасымен бірлесіп аталмыш салада тәлімгерлік мәселелеріне арналған «дөңгелек үстел» өткізілді. Атап айтатын жайт: Жастар парламентінің мүшелері студенттік тәжірибеден өту кезінде Парламент қабырғасында қазіргі депутаттардың қатысуымен парламенттік тыңдаулар өткізу мүмкіндіктеріне ие. Студенттердің парламенттік-үкіметтік практика бағдарламасының жетекшісі П.И. Крепак атап өткендей, «тәжірибе барысында алынған білім мен дағды жоғары білікті мамандарды даярлау сапасына және студент жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға әсер етеді» [4; 9, 16, 17, 58, 80, 140-б.].

Қазақстанда заң шығарушы органдар жанында қоғамдық консультативтік құрылымдар жұмыс істейді. Мысалы, ҚР Парламенті Сенатының жанында 2019 жылғы желтоқсанда оның Бюросының қаулысымен бекітілген Жастар кеңесі қызмет етеді. Бұл органның мақсаты жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Кеңестің құрамы Парламент және мәслихаттар депутаттары, мемлекеттік органдар қызметкерлері, жастардың үкіметтік емес ұйымдарының, қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерінен құралады. Құрамды алмастыру екі жылда бір рет жүргізіледі. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, жылына кемінде бір рет оның төрағасы айқындайтын мерзімдерде өткізіледі. Қабылданған шешімдер ұсыныстық сипатта болады [18].

2020 жылы 5 ақпан күні Жастар кеңесінің алғашқы отырысы өтті. Онда кеңестің жұмыс жоспары бекітіліп, кеңестің мүшелерін бес жұмыс тобы (жастардың денсаулығы, салауатты өмір салтын қалыптастыру; білім, ғылым және инновация; жұмыспен қамту, кәсіпкерлік; құқық бұзушылықтарға нөлдік төзімділік; діни және отбасылық құндылықтар) бойынша бөліп үйлестіру жүргізілді. 2020 жылдың ішінде «Жастар арасында құқық бұзушылықтарды азайту мен алдын алу, құқық бұзушылықтарға нөлдік төзімділікті қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы», «Дін және оның отбасы мен отбасылық құндылықтар институтын нығайтудағы рөлі», «Қазақстан ғылымы мен инновацияларын дамытудағы жас ғалымдардың рөлі», «Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мен денсаулық жағдайы туралы» деген ведомстволық министрліктер есептері тыңдалды [19].

2020 жылдан бастап ҚР Парламенті Сенатының жанында оның спикері М.С. Әшімбаевтың төрағалығымен Жас сарапшылар клубы жұмыс істейді. Оның құрамына мемлекеттік басқару, экономика, қаржы, білім, денсаулық сақтау және цифрландыру саласының 30-дан астам маманы енді [20]. Клубтың мақсаты Қазақстан мемлекеті мен жалпы қоғамды одан әрі модернизациялау үшін жас сарапшылардың әлеуетін заңнамалық қызметте іске қосу болып табылады. Клуб отырыстарында өзекті

қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелер көтеріледі. Жас сарапшылар оларды жүзеге асыру бойынша өз идеялары мен ұсыныстарын білдіреді. Республика министрліктерінің басшыларын шақыру тәжірибесі қолданылады. Мысалы, клуб отырыстарының бірі «Қазіргі әлемнің цифрлық сын-қатерлері мен ұлттық күн тәртібі» тақырыбына арналды. Онда клубтың жұмысына қатысуға ынта білдіруші жастардың саны артып келе жатқаны атап көрсетілді [21]. 2022 жылдың қазан айында өткен клуб отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауының әлеуметтік-экономикалық бөлігі талқыланды. Клуб мүшелері салық мөлшерлері мен өзге де әлеуметтік аударымдар және экономикалық дамудың басқа да өзекті мәселелері бойынша халықаралық тәжірибеге қатысты өздерінің ұсыныстарын айтты [22].

Жас сарапшылар клубы Талдаушылар мектебін құру жөнінде бастама көтерді. Бұл қоғамдық жоба жоғары сұранысқа ие болды. Осы орайда тыңдаушылар қатарын арттыру туралы шешім қабылданды. Лекторлар ретінде қазақстандық және шетелдік сарапшылар шақырылды. Бұл жоба мемлекеттік басқару, әлеуметтік және гуманитарлық зерттеулер, медиа мен басқа да салалардағы талдау әдістерін күшейтуге бағытталған. Сондықтан оқу үдерісін сапалы талдаудың критерийлерін, стандарттары мен ерекшеліктерін игеру, сондай-ақ аналитикалық мәтіндерді жазу дағдыларын пысықтау төңірегінде құру жоспарланған. 2023 жылы оқыту курсының негізгі тақырыбы «Қазақстанның аймақтық дамуы: мәселелері мен перспективалары» деп аталды [23].

Орталық сайлау комиссиясы жанынан құрылған консультативтік-кеңесші орган – Жас сайлаушылар клубы қызығушылық тудырады. Клубтың бірінші отырысы 2022 жылы қыркүйекте «Жастар және сайлау» тақырыбында өтті. Оның мақсаты – жастардың сайлау белсенділігі мен құқықтық мәдениетін арттыру. Клубқа жастар ұйымдарының белсенділері, аймақтық жастар ресурстық орталықтарының, оқу орындарындағы жастар жұмысы жөніндегі комитеттердің қызметкерлері мүше болып кірді. Клубтың отырыстары танымдық сипатқа ие және өскелең ұрпақтың сайлау процестері туралы білімін толықтыруға көмектеседі. Клубты құрған бастамашылар оның жұмысының нәтижесінде жастармен диалогтың күшеюін, жастардың сайлау мәдениетін, көшбасшылық қасиеттерін, мүмкін, болашақ саясаткерлерді, мемлекеттік қызметкерлер мен депутаттарды дамытуды күтеді [24].

Бұған Қазақстанның заңнамасы да ықпал етеді. ҚР-ның азаматтары 18 жастан бастап сайлауға қатысу құқығына ие. ҚР-ның азаматтары 30 жастан бастап – Сенат депутаты, 25 жастан – Мәжіліс депутаты, 20 жастан бастап мәслихат депутаты бола алады. 25 жастан бастап азаматтар аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі ретінде сайлана алады. Парламенттік тәжірибеге әйелдер, жастар мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға партиялық тізімде 30 пайыздық квота енгізілуін атап өту керек.

Алайда ҚР Парламентінде жастардың өкілдігі аз. 2022 жылғы жағдайға сәйкес Сенат құрамында олар болмады. Мәжілісте үш шақырылымда

бір-бір жас депутаттан болған. Мемлекеттік биліктің аймақтық өкілетті органдарына жастар жақсы ұсынылған.

1-сурет. ҚР мәслихаттары депутаттарының 29 жасқа дейінгі санының динамикасы



Диаграммада көрсетілгендей, 2021 жылғы мәслихат сайлауында 29 жасқа дейінгі сайланған депутаттар санының 2016 жылғы сайлаумен салыстырғанда 1,7 есеге артқаны байқалды. 2021 жылы ҚР мәслихатына сайланған жастардың үлесі депутаттардың жалпы санының 7%-ын құрады [25; 194-б.].

Жастардың ҚР Парламенті мен мәслихаттарында елеусіз өкілдік етуінің себептерінің бірі оның саяси және сайлау белсенділігінің жеткіліксіздігі болуы мүмкін. «Жастар» орталығының 2014 жылы студенттер арасында жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша сауалнамаға қатысқандардың 40,5%-ы сайлауға қатысады [26; 156-б.]. Сол орталықтың зерттеу деректеріне сәйкес 2019 жылы жастардың сайлауға міндетті электоралдық қатысуын респонденттердің 30,7%-ы, 2020 жылы – 21,1%-ы, 2021 жылы 26,6%-ы атап өтті. Зерттеу жастардың саяси партиялардың қызметіне нашар қатысқанын көрсетті: сауалнамаға қатысқан жастардың 90,9%-ы осы ұйымдарға мүше емес [25; 192, 194-б.].

Біздің ойымызша, республиканың Парламенті мен мәслихаттарындағы жастар өкілдігін кеңейту жастардың саяси қатысу деңгейін арттыру, жастар парламентаризмі мен саяси партиялардың жастар қанатын дамыту, сондай-ақ жас депутаттар мен жастар парламенттері мүшелерінің қызметін ақпараттық қолдауды күшейту арқылы мүмкін болады. Аталған процеске 35 жасқа дейінгі жастардың жас санатын ұлғайту да белсенді әсер етті [27]. Елде осы санаттағы азаматтардың саны алты миллионға дейін өсті. 2023 жылы ҚР Парламенті Сенатына 1 депутат, Мәжіліске 9 депутат жастар арасынан сайланды. Бұл жастардың мемлекетті басқарудағы беделді өкілдігі үшін елеулі әлеует болып табылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жастар парламентаризмі әлемдік қоғамдастық өмірінде елеулі құбылысқа айналғанын атап өткен жөн. Өзінің құрылымына жастардың жаңа буынын тарта отырып, ол халықаралық, аймақтық және ұлттық деңгейде дамыды. Жастар парламентаризміне БҰҰ, еуропалық құрылымдар, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық ассамблеясы баса назар аударады. Қазақстан жастарының өкілдері осы мемлекеттер бірлестігінің Парламентаралық жастар ассамблеясының жұмысына қатысады. Мемлекеттердің басқа да бірлестіктерінде, мысалға, ШЫҰ, БРИКС, ҰҚШҰ және т.б. парламентаралық жастар ассамблеяларын құру пайдалы болып көрінеді. Жастар парламентаризмінің халықаралық және аймақтық деңгейде дамуы оның ұлттық деңгейде дамуына оң әсер ететіні сөзсіз.

Қазақстанда жастар мәслихаттары, Жастар кеңесі, Парламент Сенаты жанындағы Жас сарапшылар клубы және Талдаушылар мектебі, Орталық сайлау комиссиясы жанындағы Жас сайлаушылар клубы құрылуда. Жоғарыда аталған формалардың әрқайсысы өмір сүруге және одан әрі дамуға құқылы, сонымен қатар жастарды саяси әлеуметтендіру мен басқарушылардың жаңа буынын даярлау бойынша платформа ретінде қабылданады. Бұл құрылымдардың дамуының маңызды кезеңі ретінде мемлекеттік билік органдарында жастардың заңды мүдделерін білдіруді қарастыру қажет. Қазақстан Парламенті мен мәслихаттарындағы жастар өкілдігін кеңейту үшін резервтері бар.

Жастар парламентаризмін барлық деңгейде қалыптастыру және дамыту мәселелерін зерттеуге, тиісті ұсыныстарды әзірлеуге, сондай-ақ терең мазмұнды ғылыми басылымдар дайындауға зерттеушілердің назарын күшейту маңызды мәнге ие. «Жастар парламентаризмі» ұғымын нақтылауды қажет етеді. Анықталған және талданған дереккөздерге сүйене отырып, Жастардың муниципалды және аймақтық құрылымдардың өміріне қатысуы туралы Еуропалық Хартияда және ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде жастар парламенттік құрылымдарын құру және дамыту жөніндегі ұсыныстарға берілген анықтамаларды бөліп көрсетуге болады. Олар мақала мәтінінде келтірілген. Авторлардың арасынан ресейлік зерттеуші Л.Б. Синякованың анықтамасын атап өтуге болады, ол «заң шығарушы және атқарушы билік органдарының жанынан жастардың қоғамдық құрылымдарын құруды көздейтін, жастардың мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу тетігін және мемлекеттік қайраткерлердің жаңа буынын даярлау жүйесін құруға бағытталған жастардың өзін-өзі басқару нысаны ретінде» анықтайды [3; 136-б.].

Өскелең ұрпақтың жастар саясатының субъектісі ретіндегі рөлі артуына байланысты өзіне және тұтастай елге жауапты азаматтардың жаңа буынының пайда болуы мүмкін. Бұл тұрғыда жастар парламентаризмін дамытудың өзектілігі айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Молодежная стратегия ООН «Молодежь – 2030» // https://www.un.org/youthenvoy/wp-content/uploads/2014/09/WEBR-UN-Youth-Strategy_Booklet_Russian-for-WEB.pdf (дата обращения: 09.11.2022).
2. Все разные, все уникальные: Бюро ЮНЕСКО по Азербайджану, Армении, Беларуси, Грузии, Республики Молдова и Российской Федерации в Москве / UNESCO. – М.: НП «Издательская фирма ЮниПринт», 2005. – 72 с.
3. Роль молодежи в развитии парламентаризма в России. Международная интернет-конференция, проходившая 25 февраля – 30 марта 2004 г. на портале www.adenauer.ru / сб. материалов; под общ. ред. М.А. Сигутиной, М.Ю. Мижинского. – М, 2005. – 264 с.
4. Крепак П.И. Устремленные в будущее (второе издание). – Алматы: ТОО «Полиграфкомбинат», 2021. – 472 б.
5. Пастухова Л.Б. Международный опыт молодежного парламентаризма // Вестник Саратовского государственного социально-экономического университета. – 2010. – № 2. – 158–161. – <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=15518558&ysclid=I96qfuirc8355175043> (дата обращения: 19.08.2022).
6. Европейская Хартия об участии молодежи в жизни муниципальных и региональных образований (10 сессия, от 21 мая 2003 г.). Принята Конгрессом местных и региональных властей Европы // <https://rm.coe.int/16807038ee> (дата обращения: 08.09.2022).
7. Положение о Молодежной межпарламентской ассамблее государств – участников Содружества Независимых Государств. Постановление Совета МПА СНГ 22 ноября 2012 г. – № 39. - https://iacis.ru/baza_dokumentov/mmpa_sng_docs (дата обращения: 08.09.2022).
8. Модельный закон о государственной молодежной политике. Приложение к постановлению Межпарламентской ассамблеи СНГ от 23.11.2012 г. – № 38-10 // <https://e-cis.info/page/3372/> (дата обращения: 19.09.2022).
9. Молодые парламентарии из стран Содружества участвуют в весенней сессии ММПА СНГ // https://iacis.ru/novosti/molodezhnaya_mezhparlamentskaya_assmbleya/molodye_parlamentarii_iz_stran_sodruzhestva_uchastvuyut_v_vesenney_sessii_mmpa_sng (дата обращения: 08.09.2022).
10. Рекомендации по созданию и развитию молодежных парламентских структур в государствах – участниках СНГ. Постановление Межпарламентской Ассамблеи государств – участников СНГ от 19 апреля 2019 г. – № 49-9 // https://iacis.ru/baza_dokumentov/mmpa_sng_docs (дата обращения: 25.09.2022).
11. Астана дала новый мощный импульс развитию ММПА СНГ // https://iacis.ru/novosti/molodezhnaya_mezhparlamentskaya_assmbleya/astana_dala_novyy_moshchnyy_impuls_razvitiyu_mmpa_sng (дата обращения: 08.09.2022).
12. Положение о Молодежном межпарламентском форуме государств – участников Содружества Независимых Государств. Постановление ММПА СНГ 28 ноября 2013 г. – № 2-5. - https://iacis.ru/baza_dokumentov/mmpa_sng_docs (дата обращения: 08.09.2022).
13. Итоговая резолюция молодежного межпарламентского форума СНГ // https://iacis.ru/baza_dokumentov (дата обращения: 08.09.2022).
14. Молодежный межпарламентский форум СНГ // https://iacis.ru/deyatelnost/spetsproekti/molodezhnij_mezhparlamentskij_forum_gosudarstv__uchastnikov_sng?ysclid=ldqzv1m49d932117819 (дата обращения: 12.10.2022).
15. Ботайулы Р. Молодежные маслихаты предлагают создать и в регионах // <https://rus.azattyq.org/a/molodezhnye-maslikhaty-nur-otan-regiony/26824361.html> (дата обращения: 12.10.2022).
16. Енсебаева М. 30 студентов и школьников Караганды стали депутатами // <https://informburo.kz/novosti/30-studentov-i-shkolnikov-karagandy-stali-deputatami-41088.html?ysclid=I9b727xlwo771065236> (дата обращения: 12.10.2022).
17. Молодежный маслихат провел первую сессию // <https://tobolinfo.kz/molodezhnyj-maslihat-provel-pervuju-sessiju?ysclid=I9b4c0ijx5478674779> (дата обращения: 12.10.2022).
18. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Жастар Кеңесі туралы. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Бюросының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 370 қаулысы // <https://senate.parlam.kz/kk-KZ/senate/sovetmolodezhi/polojenie> (қаралған күні: 06.09.2022).
19. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жанындағы Жастар кеңесінің жұмыс жоспары // <https://senate.parlam.kz/kk-KZ/senate/sovetmolodezhi/documents>

(қаралған күні: 27.09.2022).

20. Клуб молодых экспертов создали при Сенате // Казахстанская правда, 2 октября 2020 г.
21. «Цифрландыру – халықтың өмір сүру сапасын жақсартатын құрал»: Мәулен Әшімбаев пен Бағдат Мусин Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелерімен кездесті // <https://senate.parlam.kz/kk-KZ/news/details/3927> (қаралған күні: 12.12.2022).
22. Тишкамбаев Е. В рамках реализации Послания // Казахстанская правда, 5.10.2022.
23. Кенжегулова А. О качестве аналитики // Казахстанская правда, 23.01.2023.
24. Муқанова А. Будь избирателем смолоду! // Казахстанская правда, 26.09.2022.
25. Азербайев А. Д., Ашимханова Д. Э., Нашенова Г. Б. и др. «Қазақстан жастары – 2021: Тәуелсіздікке – 30 жыл» ұлттық баяндамасы. - Астана: «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2021. – 320 б. // <https://eljastary.kz/ru/reports/18762/> (қаралған күні: 09.10.2022).
26. Боқанова Ж.Қ., Кәрімова Ж.К., Әмреева Л.М., Зайниева Л.Ю. и др. «Қазақстан жастары – 2014» ұлттық баяндамасы. - Астана: «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2014. – 268 б.
27. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 26 желтоқсандағы, № 168-VII ҚРЗ // Егемен Қазақстан, 27 желтоқсан 2022.

REFERENCES:

1. Molodezhnaja strategija OON «Molodezh' -- 2030» // https://www.un.org/youthenvoy/wp-content/uploads/2014/09/WEBR-UN-Youth-Strategy_Booklet_-Russian-for-WEB.pdf (data obrashhenija: 09.11.2022).
2. Vse raznye, vse unikal'nye: Bjuro JuNESKO po Azerbajdzhanu, Armenii, Belarusi, Gruzii, Respubliki Moldova i Rossijskoj Federacii v Moskve / UNESCO. – М.: NP «Izdatel'skaja firma JuniPrint», 2005. – 72 s.
3. Rol' molodezhi v razviii parlamentarizma v Rossii. Mezhdunarodnaja internet-konferencija, prohodivshaja 25 fevralja – 30 marta 2004 g. na portale www.adenauer.ru / sb. materialov; pod obshh. red. M.A.Sigutinoj, M.Ju.Mizhinskogo. – М, 2005. – 264 s.
4. Krepak P.I. Ustremennye v budushhee (vtoroe izdanie). – Almaty: TOO «Poligrafkombinat, 2021. – 472 s.
5. Pastuhova L.S. Mezhdunarodnyj opyt molodezhnogo parlamentarizma // Vestnik Saratovskogo gosudarstvennogo social'no-jekonomicheskogo universiteta, 2010. – № 2. – s. 158–161. - <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=15518558&ysclid=I96qfuirc8355175043> (data obrashhenija: 19.08.2022).
6. Evropejskaja Hartija ob uchastii molodezhi v zhizni municipal'nyh i regional'nyh obrazovaniij (10 sessija, ot 21 maja 2003 g.). Prinjata Kongressom mestnyh i regional'nyh vlastej Evropy // <https://rm.coe.int/16807038ee> (data obrashhenija: 08.09.2022).
7. Polozhenie o Molodezhnoj mezhpारламetskoj assamblee gosudarstv – uchastnikov Sodruzhestva Nezavisimyh Gosudarstv. Postanovlenie Soveta MPA SNG 22 nojabrja 2012 g., № 39. - https://iacis.ru/baza_dokumentov/mmpa_sng_docs (data obrashhenija: 08.09.2022).
8. Model'nyj zakon o gosudarstvennoj molodezhnoj politike. Prilozhenie k postanovleniju Mezhpарламetskoj assamblei SNG ot 23.11.2012 g., № 38-10 // <https://e-cis.info/page/3372/> (data obrashhenija: 19.09.2022).
9. Molodye parlamentarii iz stran Sodruzhestva uchastvujut v vesennej sessii MMPA SNG // https://iacis.ru/novosti/molodezhnaya_mezhpарламetskaya_assmbleya/molodye_parlamentarii_iz_stran_sodruzhestva_uchastvuyut_v_vesennej_sessii_mmpa_sng (data obrashhenija: 08.09.2022).
10. Itogi za 25 let: Universitet ITMO posetili delegaty Molodezhnoj mezhpарламetskoj assamblei SNG // Itogi za 25 let: Universitet ITMO posetili delegaty Molodezhnoj mezhpарламetskoj assamblei SNG (iacis.ru) data obrashhenija: 08.09.2022).
11. Astana dala novyj moshhnyj impuls razvitiyu MMPA SNG // https://iacis.ru/novosti/molodezhnaya_mezhpарламetskaya_assmbleya/astana_dala_novyy_moshhnyj_impuls_razvitiyu_mmpa_sng (data obrashhenija: 08.09.2022).
12. Polozhenie o Molodezhnom mezhpарламetskom forume gosudarstv – uchastnikov Sodruzhestva Nezavisimyh Gosudarstv. Postanovlenie MMPA SNG 28 nojabrja 2013 g., № 2-5. - https://iacis.ru/baza_dokumentov/mmpa_sng_docs (data obrashhenija: 08.09.2022).

13. Itogovaja rezoljucija molodezhnogo mezhparlamentskogo foruma SNG // https://iacis.ru/baza_dokumentov (data obrashhenija: 08.09.2022).
14. Molodezhnyj mezhparlamentskij forum SNG // https://iacis.ru/deyatelnost/spetaproekti/molodezhnij_mezhparlamentskij_forum_gosudarstv__uchastnikov_sng?ysclid=ldqv1m49d932117819 (data obrashhenija: 12.10.2022).
15. Botajuly R. Molodezhnye maslihaty predlagajut sozdat' i v regionah // <https://rus.azattyq.org/a/molodezhnye-maslikhaty-nur-otan-regiony/26824361.html> (data obrashhenija: 12.10.2022).
16. Ensebaeva M. 30 studentov i shkol'nikov Karagandy stali deputatami // <https://informburo.kz/novosti/30-studentov-i-shkolnikov-karagandy-stali-deputatami-41088.html?ysclid=I9b727xlwo771065236> (data obrashhenija: 12.10.2022).
17. Molodezhnyj maslihat provel pervuju sessiju // <https://tobolinfo.kz/molodezhnyj-maslihat-provel-pervuju-sessiju/?ysclid=I9b4c0ijx5478674779> (data obrashhenija: 12.10.2022).
18. Қазақстан Respublikasy Parlamenti Senatynың zhanyndary Zhastar Кеңesi turaly. Қазақстан Respublikasy Parlamenti Senaty Bjurosynың 2019 zhyly 24 zheltoqsandary № 370 қаулысы // <https://senate.parlam.kz/kk-KZ/senate/sovetmolodezhi/polojenie> (қаралған күні: 06.09.2022).
19. Қазақстан Respublikasy Parlamenti Senatynың zhanyndary Zhastar кеңесинің zhymys zhospary // <https://senate.parlam.kz/kk-KZ/senate/sovetmolodezhi/documents> (қаралған күні: 27.09.2022).
20. Klub molodyh jekspertov sozdali pri Senate // Kazhastanskaja pravda, 2 oktjabrja 2020 g.
21. «Cifrandyru – halyқтың өmir syru sapasyn zhaqsartatyn құрал»: Mәulen Әshimbaev pen Bardat Musin Senat zhanyndary Zhas sarapshylar klubynың myshelerimen kezdesti // <https://senate.parlam.kz/kk-KZ/news/details/3927> (қаралған күні: 12.12.2022).
22. Tishkambaev E. V ramkah realizacii Poslanija // Kazhastanskaja pravda, 5 oktjabrja 2022.
23. Kenzheguloва A. O kachestve analitiki // Kazhastanskaja pravda, 23 janvarja 2023.
24. Mukanova A. Bud' izbiratelem smolodu! // Kazhastanskaja pravda, 26 sentjabrja 2022.
25. Azerbaev A. D., Ashimhanova D. Je., Nashenova G. B. i dr. «Қазақстан zhastary – 2021: Tәuelsizdikke – 30 zhyl» ылтық bajandamasy. - Astana: «Zhastar» fylymi-zertteu ortalyfy, 2021. – 320 b. // <https://eljastary.kz/ru/reports/18762/> (қаралған күні: 09.10.2022).
26. Боқанова Zh.Қ., Кәrimova Zh.К., Әmreeva L.M., Zajnieva L.Ju. i dr. «Қазақстан zhastary – 2014» ылтық bajandamasy. – Astana: «Zhastar» fylymi-zertteu ortalyfy, 2014. – 268 b.
27. Қазақстан Respublikasynың kejbir zaңnamalyқ aktilerine memlekettik zhastar sajasaty zhәne әleumettik қamsyzdandyru мәseleleri bojnsha өзgerister men tolyқтыruлар engizu turaly. Қазақстан Respublikasynың Заңу 2022 zhyly 26 zheltoqsandary, № 168-VII ҚРЗ // Egemen Қазақстан, 27 zheltoqsan 2022.

Құндызай Ерімбетова

*ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институтының
жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты
(Астана, Қазақстан)
e-mail: erimbet99@mail.ru*

**СЫР ӨңІРІНДЕГІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ:
ИННОВАЦИЯЛЫҚ –ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР**

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы жаңа экономикалық жүйенің қалыптасуы, заманауи қоғамдық институттардың нығаюымен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және тұрғындарды жұмыспен қамту бағытындағы қабылданған шешімдердің орындалу бағыттарына мән берілген. Өңірлік экономикада сапалық жаңа табыстарға жету, өндіруші сектор тиімділігін арттыру; экономикалық әртараптандырылуын қамтамасыз ету; алдыңғы қатарлы отандық заманауи инфрақұрылымды дамыту; заманауи білім беру және кәсіптік қайта даярлау, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды қаперге алу, инновациялық экономиканы дамыту бағытындағы арнаулы экономикалық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жаңғыруы Қызылорда облысы экономикалық дамуы мысалында қарастырылған. Қызылорда облысы экономикасына сапалы инвестицияларды тарту мақсатында агроөнеркәсіптік кешен, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарын өндіру, тау-кен өндіру өнеркәсібі, көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, туризм, мұнай өңдеу және басқа салалар бойынша сыртқы байланыстар, яғни халықаралық ынтымақтастықты кеңейту бағытындағы нәтижелі жұмыстар көрсеткіштері қарастырылған. Аймақтың инвестицияға тартымдылығы, аймақтың әлеуетін жаңғыртудағы іс-қимылдар, жаңа перспективалар мен даму басымдылықтары сараланған.

Түйін сөздер: *Ұлттық жоба, Арнаулы экономикалық аймақ, инновациялық даму, инвестициялық тартымдылық, өңдеуші кәсіпорын, өмір сүру сапасы, агроөнеркәсіп, логистика.*

Kundyzai Yerimbetova

**NEW DEVELOPMENT OPPORTUNITIES IN THE SYRDARYA
REGION: INNOVATION AND INVESTMENT PROJECTS**

Abstract. The article pays special attention to the formation of a new economic system in the Republic of Kazakhstan, the change in the quality of life of the population with the strengthening of modern public institutions and their main positions. Achieving qualitatively new successes in the regional economy, increasing the efficiency of the extractive sector; ensuring economic diversification; developing advanced domestic modern infrastructure in the regional and global economy;

The socio-economic modernization of special economic zones in the direction of modern education and professional retraining, the use of new technologies, ideas and views, the development of an innovative economy is considered on the example of the Kyzylorda region. In order to attract high-quality investments into the economy of the Kyzylorda region, indicators of effective work on expanding international cooperation in the agro-industrial complex, light industry, production of building materials, mining, transport and logistics, healthcare, education, tourism, oil refining and other industries are provided. Differentiated investment attractiveness of the region, actions to modernize the potential of the region, new prospects and development priorities.

Keywords: *National project, Special Economic Zone, innovative development, investment attractiveness, processing enterprise, quality of life, agro-industry, logistics.*

Кундызай Еримбетова

НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ В РЕГИОНЕ СЫРДАРЬИ: ИННОВАЦИОННО-ИНВЕСТИЦИОННЫЕ ПРОЕКТЫ

Аннотация. В статье особое внимание уделяется становлению новой экономической системы в Республике Казахстан, изменению качества жизни населения с укреплением современных общественных институтов и их основных позиций. Достижение качественно новых успехов в региональной экономике, повышение эффективности добывающего сектора; обеспечение экономической диверсификации; развитие передовой отечественной современной инфраструктуры в региональной и глобальной экономике; социально-экономическая модернизация специальных экономических зон в направлении современного образования и профессиональной переподготовки, использования новых технологий, идей и взглядов, развития инновационной экономики рассматривается на примере Кызылординской области. В целях привлечения качественных инвестиций в экономику Кызылординской области предусмотрены показатели результативной работы по расширению международного сотрудничества по агропромышленному комплексу, легкой промышленности, производству строительных материалов, горнодобывающей промышленности, транспорту и логистике, здравоохранению, образованию, туризму, нефтепереработке и другим отраслям. Дифференцирована инвестиционная привлекательность региона, действия по модернизации потенциала региона, новые перспективы и приоритеты развития.

Ключевые слова: *Национальный проект, Специальная экономическая зона, инновационное развитие, инвестиционная привлекательность, перерабатывающее предприятие, качество жизни, агропромышленность, логистика.*

Кіріспе

Республика өңірлерінің шетелдермен сыртқы байланыстары, өңіраралық, көрші елдердің шекаралас облыстарымен арадағы өндірістік,

шаруашылықтық, мәдени, білім және ғылым салалары бойынша сауда-экономикалық, гуманитарлық байланыстары Мемлекеттік арнайы экономикалық аймақтардың құрылуына негіз болды. Өсіретін технологиялық жағынан дамыған елдермен ынтымақтастық орнату, тәжірбе алмасу назарға алынды. Қазақстандық дамудың жаңа кезеңінде қысқа мерзім ішінде экономиканы жаңғырту шараларын жүргізу, «өтімді жобаларды» жүзеге асыру мұраты маңызды мәселе. Өсіретін өндеуші өнеркәсіпті, көлік пен инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру, оған инвестиция тартуда даму институттарының ролін арттыру, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қызметін жетілдіру жұмыстары бүгінгі күні қызу қолға алынуда. Қазақстанда жаңа экономикалық жүйенің қалыптасуы, заманауи қоғамдық институттардың нығаюы барысында тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында: өңірлік экономикалық аймақтардың сапалық жаңа табыстарға жетуі, өндіруші сектор тиімділігін арттыру; экономиканың әртараптандырылуын қамтамасыз ету; өңірлік және жаһандық экономикада алдыңғы қатарлы отандық заманауи инфрақұрылымды дамыту; заманауи білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту; саяси жүйені жаңғырту; Жаңа Қазақстанның Орталық Азия өңірі мен әлемдік қоғамдастықтағы жетістіктері мен мүмкіндіктерін ілгерлету басты міндет болып табылады.

Қазақстан өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді саясатын, атап айтқанда Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен, интеграциялық бірлестіктер жөніндегі серіктестермен арадағы өзара тиімді ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік мәселелерін басты назарда ұстанады. Қазақстан АҚШ, Еуропалық Одақ, Азия, Таяу Шығыс және Кавказ мемлекеттерімен, өзге де мүдделі елдердің барлығымен әртарапты ынтымақтастықты жетілдіре, халықаралық құқық пен БҰҰ Жарғысын берік ұстанатын [1] бірегей мемлекет.

Мақаланың мақсат-міндеттері

Қазіргі кезеңде Республика экономикасының әлеуетін көтеретін заманауи факторлардың бірі, жаңаша қоғам дамуының әлеуетті мүмкіндіктері ретінде Сыр өңірінде инновациялық-инвестициялық жобалардың іске асырылуының маңыздылығын көрсету. 1991-2023 жылдар аралығындағы Республиканың экономикалық даму үрдістері аясындағы мемлекеттің аймақтық экономикалық саясатының теориялық-методологиялық қырларының негіздерін, Сыр өңірі аймақтық дамуы мысалында архив деректері мен БАҚ, ресми материалдарды саралау және оны ғылыми айналымға енгізу. Өңірдің сыртқы экономикалық байланыстары, оның арнаулы экономикалық аймақтың (бұдан әрі - АЭА) дамуына әсері мен нақты атқарылған іс-қимыл нәтижелерін көрсету, шетелдік мемлекеттермен ынтымақтастық үдерістері мен перспективаларын қарастыру. Өңірдегі өндірістік және нарықтық инфрақұрылымдардың даму эволюциясы үдерістерін сипаттау.

Зерттеу әдістері

ҚР Мемлекет басшысының баяндамалары, ғылыми зерттеу еңбектері, архив материалдары, Қызылорда облысы әкімдігінің ресми ақпараты, БАҚ материалдары зерделенді және пайдаланылды. 1990-жылдардың басында орын алған халықаралық экономикалық дағдарыс аясында түрлі себеп-салдар барысында аймақтарға мардымсыз көңіл бөлінгені белгілі. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеу мәселесі - экономикалық өсім деңгейінің тұрақтылығына, елді-мекендегі ресурстарды тиімді пайдалануға, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға тікелей әсер ететіндігі мәлім. Осы мақсатта ғылыми қауым ортасында халықаралық тәжірибелерді қазақстандық жағдайға бейімдеу теориясы мен практикасы ғылыми негізде қарастырылды. Посткеңестік кеңістікте өндірістік күштерді орналастыру қағидаттары бойынша әрбір жеке шаруашылық бірлігін бөліп алып, ондағы негізгі факторлар мен жағдайларға байланысты шаруашылықтарды белгілі бір территорияға орналастыру мүмкіндіктерін қарастыру - неміс классикалық штандарттық теориясына негізделді. Аймақты дамыту теориясымен айналысатын мамандар ең алдымен көлік-қатынас факторларына мән береді. Көптеген мемлекеттер аймақтық саясатқа қатысты шаруашылық субъектілерін географиялық жағынан орналастыру арқылы айқындайтын факторларды қарастырды, яғни орналастыру теориясына сүйенді.

Атап айтқанда, А. Вебер тиімді факторларға: көлік қатынастарын тұтынудың төменгі шегіне, еңбек шығынын қысқарту, материалдарға, шикізатқа, энергияға жұмсалатын шығынды қысқарту, инфрақұрылым мен коммуникацияны қамтамасыз ету деңгейіне аймақтық дамудың тікелей байланыстылығын негіздейтіндердің өкілі. Бұндай мемлекеттер (Германия, Швеция, Ұлыбритания) елді-мекендерін дамытуда тәртіпке келтіру, реттеу тәжірибелерін белсенді пайдаланды.

Тиімділік факторларын одан әрі қарай жетілдіргендер қатарына А. Леш және Д. Смит жатады. Олардың пайымынша аймақтың шикізатпен, энергетикалық және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі, сұраныс ерекшеліктері, ресурстар бағасының саралануы, орналасқан аймақта баламалы технологияны (жел, күн энергиясын пайдалану т.б.) қолдану мүмкіндіктері, экологиясының, географиялық ландшафы, бұрынғы орналасуы қалпына жаңа инфрақұрылымды орналастыруға бейімдейтін факторлардың әсері маңызды. Кез келген аймақтық теорияның негізіне әкімшілік аудандастыру мәселесі жатады. Экономикалық өсім қарқынына байланысты аймақтық ерекшелік болатындықтан, әрбір елдің әкімшілік бірлігін қалыптастырудағы өзіндік критерийлері айқындалады. Аймақтардың екрешелігін есепке ала, ішкі әлеуметтік жүйенің ерекшелігі мен аймақтың сыртқы экономикалық байланыстарының әсерін қосымша факторға енгізген, Аймақты дамыту теориясын - неоклассикалық мектеп өкілдерінің бірі Х. Зиберт ұсынған болатын. Оның пайымы бойынша аймақтың экономикалық даму қарқыны: инвестициялық үрдістердің белсенділігі, табиғи, еңбек ресурстарын, технологияны пайдаланудың көлемі, сапасы мен тиімділігіне және әрбір фактордың сол аймақтың

экономикасының дамуына қосқан үлес өлшеміне байланысты [2]. Бұл теорияның өкілдері аймақтың экономикалық дамуына мемлекеттің қатысынсыз-ақ, нарықтық тетіктер іс-қимылдары есебінен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы қамтамасыз етілетінін айшықтайды. Алайда аймақты дамыту теорияларының эволюциясын жан-жақты зерделеген отандық экономист-ғалым Н.К. Нурланова жоғарыда аталған теорияның Аймақтану саласын іргерлетуге қадам жасағанына мән бере, оны нақты тәжірибеде қолданысқа түсіруде көп мәселенің туындайтынын, әсіресе өндірістің барлық факторларын жұмылдыру жағдайларына қатысты шешімін таппаған сұрақтардың туындайтынын алға тартады. Осы арқылы Қазақстан Республикасы экономикасы жағдайында экономикалық өсімнің үдемелі қарқыны мен аймақтардың әлеуметтік-экономикасының біртіндеп өзара ықпалдасуы үшін Аймақты дамытуда мемлекеттік реттеудің қажеттілігін негіздейді. Республиканың аймақтық шаруашылықтарында «өсім полюстары» теориясы, яғни агломерациялар немесе индустриалды орталық тиімділігі қолданысқа енгізілді.

Өнеркәсіп орталықтары жаңа үрдістерге жол ашып аймақтың дамуына күш береді, өндірістің дамуына, жаңа өндірістің қалыптасуына ықпал жасайды. Бұл теорияның әртүрлілігі былайша көрініс береді: «даму осі» тұжырымы, «орталық-периферия» теориясы, «орталық орын», «даму ядросы» теориясы, «жаңаша енгізу диффузиясы» теориялық моделі [3]. Аймақты дамыту саласындағы қазіргі зерттеу бағыттары биліктің Аймақтық органдары саясатын үдемелі территориялық шаруашылық дамуының маңызды факторы ретінде қарастыратын - институционалдық теория [4]. «Өсім полюстары» теориясын одан әрі жетілдірген Ж.Р. Будвиль мемлекет аумағындағы экономикалық аймақтардың орналасуы мен дамуының бір қалыпты болмайтындығын ескере келе, нақты экономикалық дамуға ықпал ететін нақты нүктеге (яғни, өсім орталығына) жүйеленген Аймақтардағы шаруашылықтың «пропульсивтік» саласын бөліп көрсетеді. Яғни нақты (шаруашылық құрылымы дамыған ірі қалалық агломерациялар, әртараптандырылған салалары бар орта өнеркәсіптік қалалар, шағын және орта қалалар, кенттік тұрғындарға қызмет ететін қалалық жүйелер) территориялық кеңістікті, аймақты дамыту.

Алайда бұл теориялар мемлекеттің территориясына өндіргіш күштерді орналастырудың принциптерін, территориялардың ала-құлалығы себептерін және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейлерін теңестірудің негізгі бағыттарын анықтап бере алмады. Аймақтық теориялардың негізгі кемшіліктері: экономикалық өсімнің және аймақтық жүйенің үдемелі дамуын құрайтын барлық факторлар легінің толық қамтылмауы; ресурстардың аймақаралық толысу рөлін теріске шығаруы; өндірісті орналасу тұжырымдамасы мен оны орналастыру қағидаттары арасындағы іргелі байланыстың жоқтығы, шаруашылық динамикасын есепке алмау, территория экономикасының теңгерімділік өсімі мен өндірісті территориялық ұйымдастыруды жетілдіру мүмкіндіктерінің есепке алынбауы [5]. Қазіргі экономикалық

дамудың аймақтық тұжырымдамалары ел экономикасында жеке территориялардың маңыздылығына, экономикалық үрдістерге мемлекеттің қатысу деңгейінің өзгеруіне, сол кеңістікті игерудегі (энергияның, көліктің жаңа түрлеріне т.б.) жаңа аспектілерге байланысты.

Шаруашылықты аймақтық орналастырудың дәстүрлі факторлары өзгеріске ұшырап, жаһандану үрдістерінің кеңеюімен, жаңа технологияның пайда болуына, ақпараттық және телекоммуникациялық желілер мен технологиялардың, өндірістік және нарықтық инфрақұрылымдардың дамуына байланысты қазіргі уақытта мүлде жаңа факторлар пайда болды. Әсіресе әлеуметтік-мәдени, инновациялық-технологиялық факторлар маңызды. Республиканы аймақтандыруды ғылыми және бағдарламалық-нормативтік қамтамасыз ету мақсатында ҚР Үкімет қаулысымен 1996 және 2001 жылдары аймақтық саясат Тұжырымдамасы бекітілді. Екінші, толықтырылған Тұжырымдама 2002-2006 жылдарға арналды. Шаруашылықты дамытудың нарықтық тәсілдерінің ерекшеліктері ескеріліп, 2006 жылы Үкімет қаулысымен ҚР территориялық дамуының 2015 жылға дейінгі Стратегиясы бекітілгенмен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін жаңғыртатындай көрсеткіштерге қол жеткізілмеді.

2020 жылы негізгі Аймақтық мәселелер қарастырылып, республика аймақтарының экономикасына қатысты жаңаша қағидаттар жасалды. Аймақтардың әлеуетін дамыту бойынша Қазақстан аймақтарының әлеуетін сапалық тұрғыда теңестіру қолға алынды. Аймақтардың табиғи-климаттық жағдайларына, шикізат ресурстары базасына, экономикалық-географиялық және физика-географиялық жағдайына, демографиялық факторлары себеп-салдарына байланысты дамудың және дамытудың түрлі деңгейлері айқындалды. Сол арқылы территориялық теңгерудің аймақтық әділеттілік, аймақтық тиімділік элементтері қарастырылды. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық басымды бағыттары мен мақсаттары халықаралық тәжірибелер негізінде сараланып, республиканың Арнайы экономикалық аймақтарының Стратегиялық даму бағыттары айқындалды және оны іске асыру қолға алынды.

Заманауи кезеңде республикада ғана емес, жаһандық деңгейдегі басты мәселе - Экология. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылдың соңында, Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитте сөйлеген сөзінде Қазақстанның болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтауға бағытталған нақты шаралар қабылдау жөніндегі БҰҰ-ның көкейтесті үндеуін толық қолдайтынын мәлімдеген болатын. Қор жұмысын қолдауға және күн тәртібіндегі мәселелерді шешу үшін барлық серіктестерді жұмыла жұмыс атқаруға шақырды. Әлемдік кеңістіктегі ауа-райы мен климаттағы төтенше жағдай – жаһандық дағдарыс болғандықтан, оған бүкіл әлем болып төтеп беру қажеттігін жария етті. 2024 жылы Қазақстан Халықаралық Арал теңізін құтқару қорына төрағалық қызметін қабылдады. Орталық Азиядағы климатты қорғау жөніндегі іс-қимылдарға тың серпін беру мақсатында БҰҰ аясында 2026 жылы Қазақстанда Өңірлік климаттық саммит өткізу шешімінің де маңыздылығы жоғары болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Облыс экономикасына инвестиция тарту және нәтижелері. 2013 жылы облыста 50 аса жаңа өндіріс орыны іске қосылды. Өнімді экспорттау. 2013 жылы облыс аймағында ауыл шаруашылық өнімдерінің үш түрі (балық, күріш, кебек) ғана сыртқа шығарылатын. 2016 жылы бақша өнімдері Ресейге шығарыла бастааса, 2017 жылы көкөніс пен мал өнімдері Иранға, Араб Эмиратына, Моңғолияға шығарыла бастады. 2017 жылы инвестициялар тарту және жобаларды қаржыландыру шеңберінде бірлескен өңірдегі жұмыстарды кеңейту аясында «ForteBank» АҚ-мен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Қызылорда қаласында жоғары технологиялық замануи кеңселік кешен құрылысы ашылды [6]. Кәсіпорындарға жеке қаржы құю есебінен 2013-2019 жылдары инвестиция тарту көлемі 22,4%-ға ұлғайған. Ресми мәліметтер бойынша осы кезеңде Қызылорда қаласында он бес жаңа мөлтек ауданы құрылып, апатты жағдайда үйлердегі кезекте тұрған 645 тұрғын жаңа пәтермен қамтамасыз етілген. Екі жүзден аса әлеуметтік сала нысандары тіске қосылып, 37 мектеп салынған, мектепке дейінгі балаларға білім беру және тәрбиелеу орталықтары мәселесі шешілді. Аймақтың елді-мекендерінде 69 100 жаңа жұмыс орны ашылуына орай, жұмыссыздар деңгейі төмендеген. Облыс көлеміндегі тұрғындардың 63%-і табиғи газ тұтыну мүмкіндігіне ие болған. 2018 жылы газ желісі Жосалы, Теренөзек, Жалағаш аудандарының орталығына жеткізіліп, ішкікенттік газ желісі құрылысына қатысты жұмыстар жүргізілді. Сараптамалық қорытындылар, аймақ экономикасының көмірсутек шикізаты мен уран бағасына ішінара тәуелділігін де теріске шығармайды. Дегенмен аймаққа инвестиция жасаушыларға тартымды тұстары да басым.

2016-2020 жылдары Сыр өңірі экономикасына тартылған инвестиция көлемі - 1,5 трлн теңгені құрады. Қазіргі кезеңде облыс аймағында шетелдік капиталдың қатысуымен бірнеше инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, ЖШС «Компания Гежуба Шиелі Цемент», «Орда Гласс», «АралСода», «Балауса» және басқалар. Жүзеге асырылған жобалар қатарында: құрама жем зауыты, автобус паркі, «Геологиялық» кен орнында саздақ өндіру, Жаңақорған ауданында орналасқан «Қатынбұлақ-2» кен орнындағы құм-қиыршық тас қоспасын өндіру [7]. Аймақта ауыл шаруашылық құрылымдарында тауар өндіріу және қаржыландыру үлесі артты. Облыста астық өндіру ұлғайды. 2018 жылы сыртқа он бестен аса өнім түрлері (мақсары майы, тірі қозылар, ІҚМ, түйелер, күнбағыс және жем алынатын өсімдік (рапс) майы тұқымы, картоп, томаттар, бақша өнімдері, шырындар, өсімдік және жем өнімдері (люцерн) сыртқы нарыққа шығарылды. Мақсары майы алғаш рет Қытай нарығына шығарылды. Өнім шығару көлемі ұлғайды, сыртқы нарыққа өнім шығару көлемі 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 33%-ға өскен. Өңдеу кәсіпорындарының үлесі артты. 2015 жылмен салыстырғанда 2018 жылдың алғашқы тоғыз айында өңдеу кәсіпорындарының негізгі капиталына жасалған инвестиция көлемі 2,3 есеге, ал өнеркәсіптің шикізаттық емес сектордағы өнімнің жалпы қосымша құны 12%-ға өскен.

2019 жылы ауылшаруашылығындағы өңделген өнімдердің көлемі өскен. Балық өнімдерін сыртқа шығару 10 есе ұлғайды [8]. Мысалы, «Арал ауданының экономикасын дамытудың 2017-2019 жылдарға арналған Жол картасы» бойынша ауданда ауқымды жобалар атқарылған. Мал басы өсімі байқалды, «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары іске асырылды. Өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына жеті жоба енген, оның төртеуі «Арал балық өңдеу зауыты», «Арал СДО», «Камбала балық балықшылар өндірістік орталығы» және «СДО Қарашалаң» ЖШС-нің балық өңдеу зауыттары балықты терең өңдеумен айналысып, қалғандары балықты қатыру, мұздату және ыстау сияқты жеңіл өңдеумен айналысады. Арал өңірінде Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік беретін «Еврокод» белгісі бар – «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС-гі балық өңдеу зауыты жұмыс жасайды. Арал балық өнімі Еуропаға шығарылуда. «Аралтұз» АҚ-на ас тұзының ішкі нарықтағы үлесі 90% құрады [9].

Облыс көлемінде 2011-2020 жылдар аралығында аймақтағы кәсіпкерлерді қолдау картасына енгізілген, металлургия саласы бойынша «Бала-Сауысқан» кен орнындағы қара тақтатастарды автоклавты қайта өңдеу» жобасы іске асырылуда. Бұл жоба аясында тау-кен құрылысы кезеңінде 150 жұмыс орны ашылды. Компания 2018 жылдың алғашқы жеті айында Тайвань, Ресей, АҚШ, Ұлыбритания және басқа да жақын және алыс шетелдерге 120 тоннадан аса метаванадатты сыртқы нарыққа шығарды. 2018 жылдың 2 шілдесі күні Қызылорда облысы әкімшілігі мен «ХидроЭнерджи Компани» болгар Компаниясы арасында күші 10 Мвт күн электростансасы жобасын жүзеге асыру туралы меморандумға қол қойылды. Ресейлік технология бойынша мұнай және табиғи газ (метан) жолын қайта жасау бойынша модульдік типтегі зауыт құрылысы және оны іске қосу мақсатындағы ЖШС «ЖиТиЭл-Казахстан» жобасы іске асуда және осы компаниядағы қолданыстағы технологияның «Астана-Экспо2017» халықаралық көрмесінде әлем жұртшылығына ұсынылғанын атап өту абзал [10].

Аймақтың инвестицияға тартымдылығы. 2013-2019 жылдар аралығында Қызылорда облысы экономикасына 1,7 трлн теңге тікелей инвестиция тартылған. Басым бөлігі өңдеуші кәсіпорындарға тартылған. 2016 жылдан бастап облыста - Аймақтық инвестициялық орталық іске қосылды. Нәтижесінде 54 жоба қаржыландырылып 217 адам жұмыспен қамтылды. Бұл мезгілде азық-түлік және техникалық тұз өндіру жолға қойылды. Қазақстан аймақтарының тұрғындарының сұранысын қамтамасыз ету мақсатында, Қазалы ауданында агроөнеркәсіптік жоба аясында сүттен жасалған тауарлар фермалары іске қосылды. Әсіресе шағын және орта бизнес өкілдері қолдауға ие болып, ауылдық жерлердегі сұраныстағы жобалар назарға алынған болатын. Бизнесқауымдастығының белсенділігі арта түсті. Облыс әкімдігі мен «Атамекен» Ұлттық палатасы арасындағы қаржылай көмек көрсету бойынша келісім негізінде облыс кәсіпкерлерінің кәсібі оңтайлана бастады. Осы жылдары дағдарыстың әсерінен шағын нысандар нарығында өзгерістер байқалған болатын. Облыстық кәсіпкерлік және туризм Басқармасы мәліметі бойынша 48 мың

шағын және орта кәсіпкерлік мекеме тіркеліп, 84,5 мың адам шағын кәсіп саласында жұмыспен қамтылған. Аграрлық сектордағы бизнестің дамуы, қаржылық қолжетімділік бойынша шараларды іске асыру, мемлекеттік-жеке әріптестікті дамыту, қызмет көрсетуді қолдау, жергілікті елді-мекендерді дамыту, аймақтарға инвестиция тарту, аймақтағы турзмді ақпараттық қолдау және дамыту қарастырылған, «Экономикалық жағдайдың ерекше жағдайындағы Қызылорда облысында кәсіпкерлік пен туризмді дамытудың Жол картасы» бекітілді.

Индустриаландыру бағдарламасы аясында облыс көлемінде «Бала – Сауысканды ванадий кен орнын автоклавпен өңдеу» жобасы іске асырылуда. 2016 жылдың қараша айында Лондонда өткен Үкіметаралық комиссия отырысында қаратақтатасты автоклавты өңдеу инвестициялық жобасын іске асыру бойынша Ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойылған болатын. Осы кәсіпорын өнімдерін Ресейге, Тайваньға, АҚШ-на, Ұлыбританияға шығарады. Аталмыш жобаға аймақтағы кәсіпкерлікті қолдау қартасы да енгізілген. Тау-кен комбинаты құрылысы уақытында 150 адам жұмыспен қамтылды, комбинатта 550 жұмыс қолы қамтылған.

2018 жылы Kazakh Invest Ұлттық компаниясы Басқармасының қолдауымен Қызылорда обласында инвесторларды тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша аймақтық бизнес қауымдастығының өкілдері қатысқан Аймақтық кеңестің отырысы болып өтті. Онда облыс аумағында шетелдік инвесторлардың (986 млн. долл.) қатысуымен жеті ірі жобаның жүзеге асырылып жатқандығы мәлімделді. Кеңесте қосымша жұмыс орндарымен қамтамасыз етілетін цемент шығаратын «Гежуб Компания Шиелі цемент» зауыты құрылысы және қыштан жасалатын заттар шығаратын «Юлдизлар Холдинг ССС» Жобалары тақыланды. Сол сияқты белсенді стратегиялық инвесторларды тарту қажеттілігі, аграрлы-өндіріс, тау-кен кешендері саласы бойынша перспективалық жоспарлар да күн тәртібіне қойылды. 2018 жылдың алғашқы бес айының қорытындысы бойынша облыстың негізгі капиталына құйылған инвестиция көлемі 15,4%-ға ұлғайды. Бір жерден сұранысын қанағаттандыру мақсатында, Кәсіпкерлерге біртұтас қызмет көрсету орталығы ашылған болатын. Бұл инвесторларға да тиімді еді [11].

2021 жылдың сәуір айындағы мәлімет бойынша тәуелсіздік жылдары облыс аумағында алты ірі Жоба (129 млрд. теңге) Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Арал, Қазалы аудандарында жүзеге асырылған. Қызылорда облысы бойынша Цемент зауыты қосылды, Күкірт қышқылы зауытының құрылысы басталып, Ақшабұлақ газ-турбиналық электростанциясы және газды қайта өңдеу кешенінің екінші кезеңі қосылған болатын. Қазалы ауданында ірі қара мал басын 1,2 мың басқа көбейту мақсатындағы жұмыстардың екінші кезеңі қолға алынып, кальциленген сода (жуғыш заттар, химикаттар, еріткіштер) өндіретін зауыт құрылысын салу қолға алынды [12].

Экономика әлеуетін жаңғырту. Жаңа перспективалар. Жалпы Индустриаландыру бағдарламасы аясында 2020-2025 жылдар аралығында жеті мың жұмыс орнын қалыптастыру жоспарланған. Шамамен ширек

ғасырға арналған Арнаулы экономикалық аймақ жоспарына сәйкес «Облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық дамуының бағыттары бойынша» 270 инвестициялық жобалар жоспарланған, әсіресе жұмыс орнын қалыптастыру және тұрғындардың әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында арнаулы (азық-түлік) экономикалық аймағын құру. «Байқоңыр» компаниясымен ынтымақтастықта Қармақшы ауданындағы құс фабрикасын іске қосу бағытындағы аталмыш нысанға электр сымдары, су және кәріз желілері тартылды. ЖШС «Qazak Camel» жобасы аясында «Ақ-бота» құрғақ ұнтақ түйе сүті өнімі сыртқы нарыққа шағарылатын болады. Облыс көлеміндегі инвестициялық жобалар қатарына: Жаңақорған ауданындағы Шалқия кен байыту комбинаты құрылысы, Арал ауданындағы «Абдулла» құс фабрикасы және кальциленген сода шығару құрылысы, шыны зауыты қолданатын, «Dana Quartz» ЖШС-нің кварц құмдарын байыту мақсатында комбинаттың бірінші желісін жүргізу, сыртқы нарыққа шығаратын балық өңдеу цехтарын іске қосу және т.б. Жаңақорған және Жалағаш кенттерінде шикі кірпіш және түйіршіктелген аммон-сульфатты плитка шығаруды қолға алу және басқа. Құрылыс саласында өндіріс орны тампонаж цементін шығаратын зауыт - «Гужуба Компаниясы» болып табылады. 2022 жылдың алғашқы тоғыз айында республиканың жалпы экономикасының өсу деңгейі - 2,8% құрады. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, ақпарат және байланыс саласы, құрылыс, көлік және қойма, өңдеуші өнеркәсіп, сауда, тау-кен өндірісі өнеркәсібі бойынша өсім айқындалды. Қызылорда облысының экономикасын модернизациялау мақсатында Арал ауданында кальциленген сода өндірісі құрылысы жөнінде 2022 жылдың 18 шілдесінде Мемлекеттік комиссиясында талқыланды.

Тұрақты жұмыс орнын құру, өнімді сыртқа шығаруды қамтамасыз ету мақсатында зауытқа қажетті құрылыстың инфрақұрылымын қаржыландыру мүмкіндіктерін қарастыру, жобаға инвесторлар тарту күн тәртібіне қойылды. Индустриялық аймақтағы іске асырылған негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, бюджеттік қаржының игерілуі, инвестиция көрсеткіштерінің нәтижелері, Мемкомиссия коллегиясының отырысында қарастырылды. Қызылорда қаласы, Қармақшы және Сырдария аудандарындағы өндіріс пен құрылыс саласында кейбір көрсеткіштер бойынша қалыс қалғандығы атап өтілді. Ішкі нарықты қажетті тауарлармен қамту (аудандарда азық-түлік қоймасын ашу, ауыл халқына көкөніс, бақша дақылдарын өсіретін қосымша жер телімін бөлу және т.б.) арқылы инфляцияны тұрақтандыру, инвестиция тарту бойынша арнаулы жол картасын қолға алу мәселелері назарға алынды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде 2022 жылдың соңында Қызылорда облысы негізгі капиталға салынған инвестиция бойынша жоғары өсімге қол жеткізді, республика бойынша алдыңғы көрсеткіш көрсетіп, бұл аймаққа инвестиция тарту көлемі 24%-ға ұлғайды, мұнай өндіру көлемінің кемуіне қарамастан макроэкономикалық өсім қалыптасты, өңдеуші өндіріс өсімі 8,6% құрады. Уранды қайта өңдейтін «Байкен-У», ас тұзын өндіретін «Аралтұз», мұнай саласына қажетті полиэтиленді

труба шығаратын «КНК Кемикал» өндіріс орындарында өнім көлемдерін арттыру жоспарланды. Жалпы облыс көлемінде индустрияландыру бағдарламасы аясында өңдеуші саланы дамытуға бағытталған 46 жоба қолға алынды [13].

Аймақты дамытудың басымдылықтары. Инвестиция – мүмкіндіктердің жаңа көзі болып табылады. 2022 жылдың соңында республиканың ІЖӨ өсімінің қарқыны - 2,5 % құрады. Қызылорда облысының да бұл көрсеткішке қосқан үлесі бар. Инвестиция тарту бойынша аймақтар арасынан алға шығып, өсім көрсеткіші - 25 % құрады. Шығыс және Батыс Қазақстан облыстары да жақсы көрсеткіш көрсетті. Сала бойынша Шымкент қаласы, Ақмола және Қызылорда облыстары құрылыс-жөндеу жұмыстары көлемі бойынша алдыңғы қатарға шықты. Қызылорда облысы көлемінде 28 мың жұмыс орны ашылып, 366 шақырым көлік жолы жөнделсе, 604 мың шаршы метр тұрғын үй салынды. Шикізатқа тәуелсіз өзге де өнімдерді өндіру (дәнді дақылдар, бақша өнімдерін ұлғайтуда саланы әртараптандыру) тетіктері қарастырыла бастады.

2023 жылдың 10 қазаны күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына жасаған іссапарында жылына 30 мың тонна күріш өндірілетін «Алтын орда» күріш зауытымен танысты. Өнімнің басым бөлігі ішкі нарыққа, сонымен қатар көршілес елдерге өткізіледі. Қызылорда облысындағы ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші дикандар мен шаруалардың еңбек өнімдері қойылған күріш өсірумен айналысатын ірі кәсіпорындардың тауар түрлері, ет, сүт, кондитер және балық өнімдері, көкөністер мен жемістер көрмесі өтті. Келешекте агроөнеркәсіп саласын әртараптандыру, су ресурстары үнемді пайдаланылатын дақылдар өсіру ұсынылды. Облыстың күріш шаруашылығын одан әрі жетілдіру мақсатында Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты украиналық мамандарымен бірлесіп, күріштің басқа да сорттарын жерсіндіру жұмыстары жүргізілуде. 2022 жылы іске қосылған «Ассоль» тұз өндіру зауыты кәсіпорынында 130 адам жұмыспен қамтылған. Өнім көршілес Ресеймен қатар, Латвия, Литва, Эстония, Беларусь мемлекеттеріне экспортталады.

16. Huard P. (1977) Propos du Tenk Suk Name (Tenksuq-nameh). *Méridiens: Revue de l'Association Scientifique des Médecins Acupuncteurs*. No 37-38, 11-16.
17. Vivienne Lo, Wang Yidan. (2018). Chasing the Vermilion Bird: Late Medieval Alchemical Transformations in The Treasure Book of Ilkhan on Chinese Science and Techniques. *Imagining Chinese Medicine*. – V.18, 291-304.
18. Riedel, Stefan. (2005) Edward Jenner and the history of smallpox and vaccination. *Baylor University Medical Center Proceedings*. No 18, 21-25.
19. Sultān 'Alī al-Horāsānī. Dastūr al-'Ilāj. Manuscript, "Ampir" antique salon, private collection. No 7.10 (152). ff. 1a–88b. [in shagatai/turki]
20. Şadkam Z., Tuyaqbaev Ö., Sultanbek K. (2022) «Dastūr al-'Ilāj» traktatındağı xalq emşiligi – medicinalıq antropologiya közqarasımen (Folk medicine in the treatise "Dastūr al-'Ilāj" - from the point of view of medical anthropology). *Evraziya Gumanitarlıq Institutı Habarşısı*. No3, 89–100. [in Kazakh]
21. Acar, V. (2015). Tibet tıp kaynaklarına göre Orta Asya türk tıbbi. *Mersin Üniversitesi Tıp Fakültesi Lokman Hekim Tıp Tarihi ve Folklorik Tıp Dergisi*. No 5(3), 115-123. [in Turkish]
22. Zavyalova O.I. (1996). *Dialekty kitaiskogo yazyka (Chinese dialect)*. M.: Vostochnaya kniga. [in Russian]
23. Endo Mitsuaki (1997). Oshukuka (Myakuketsu) Perushagoyaku ni hanei shita 14 seiki hatsu chugokuon. Hashimoto Mantaro kinen chugokugogaku ronshu. [Chinese pronunciation of the early 14th century, reflected in the Persian translation of the treatise "Methods [of studying] the pulse" by Wang Shuhe. Collection of works on Chinese linguistics in memory of Hashimoto Mantaro] Tokyo: Uchiyama shoten, 219–236 peji. [in Japan]
24. Haneda, Koichi (1995), On the Original Chinese Text of the Persian Translation of "Mochueh". *Journal of Asian and African Studies*. No 48(49), 719-726.
25. Persis, Berlekamp (2010). The Limits of Artistic Exchange in XIVth-Century Tabriz: the Paradox of Rashid Al-Din's Book on Chinese Medicine. *Muqarnas an Annual on the Visual Cultures of the Islamic World*. Brill. Vol. 27, pp. 209-250
26. Saburo, Miyasita (1967). A Link in the Westward Transmission of Chinese Anatomy in the Later Middle Ages. *Isis* 58, No 4, 486-90.
27. Haykıran K. (2015) İlhanlılar zamanında kültür ve eğitim. Ankara. – 444 s. [in Turkish]
28. Theodorides, J. (1998) Tholozan and Persia. *History of Science*, No 32(3), 287-296.
29. Tūlūzān, İlūnānī (1383). *Asrār al-atıbbā' iā mudjarrabāt filat Chağatāī*. Tehrān: Muassase-ie muāla'āt-e tarīkh, tıbb-e islāmī. – 101 s. [in Farsi]
30. Tuyakbaev Ö., Şadkam Z., Kayranbaeva N. (2023) Ortağasırlıq türki medicinasınıñ parsı tilindegi murası – "Asrār al-atıbbā". *QazUW xabarşısı, Şığıstanw seriýası*. No 4 (107), 97–104. [in Kazakh]
31. Uysal İ.Nebi (2020). Türk Dili Tarihinde Çağatay Türkçesiyle Yazılmış Tıp Metinleri ve Tabıbcılık (Medical Texts Written in Chagatai Turkish and Tabıbcılık in the History of Turkish Language). *Tarihsel ve Çağdaş Türk lehçelerinde Tıp: Metinler, Tarih, Uygulamalar, Kavramlar, Terimler*. Ankara. – S. 375-392. [in Turkish]

Мырзахан Эгамбердиев¹, Таңшолпан Сарсенбаева²

*¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Шығыстану факультеті, Түріксоі кафедрасы, тарих
ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
e-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com*

*² Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Шығыстану
факультеті, Түріксоі кафедрасының докторанты
(Алматы, Қазақстан)
e-mail: sarsenbaeva.tangsholpan@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ (ҚАЗІРГІ ГЕОСАЯСИ ҮДЕРІСТЕР МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа. Жаһандық әлемде Еуразия континентінде және әлемдік аренада ерекше орын алатын мемлекеттердің дамуы мен болашағына империалистік державалардың ықпалы сөзсіз. Ресей-Украина соғысы және оның салдары өшпес әлеуметтік-экономикалық із қалдырары анық. Еуропа елдері мен халықаралық ұйымдардың Ресейге қарсы санкцияларының салдарын ескере отырып, Қазақстанның алдында тиісті саяси шешімдер негізінде жаңа сыртқы саясатын құру таңдауы тұр.

Мемлекетаралық бірлестіктер шеңберінде көршілес Қазақстан мен Өзбекстан ынтымақтастығының трансформациялық үдерістері биліктің өзгеруінен кейін ғылыми әдебиетте нақты көрінісін таппай келеді. Осыған байланысты зерттеушілер, сарапшылар және басқа да институттардың алдында аймақтағы ресейлік ниеттің өзгеруі нәтижесінде тығыз қарым-қатынастарды тудырған жаһандық өзгерістер жағдайында трансформациялық үрдістердің даму болашағын ғылыми тұрғыдан қайта қарастыру міндеті тұр. Бұл зерттеу екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың трансформациялық үдерістерін ой елегінен өткізу мәселелеріне арналып, қазіргі заманғы геосаяси қайта құрулар, әсіресе сыртқы саясатта және мұнай-газ секторында қандай да бір жолмен әсер етті және із қалдырады деген сауалдарға жауап береді. Салыстырмалы және статистикалық талдау әдістері, сонымен қатар қойылған мақсатты жан-жақты талдау мәселелері осы зерттеудің құрамдас бөлігі болып табылады. Посткеңестік қайта құрудың өзара қарым-қатынасының тарихи алғы шарттары мен Қазақстан және Өзбекстанның трансформациялық үдерістері осы зерттеудің өзегіне айналды. Саяси-экономикалық өзара іс-қимылдар мен кезең-кезеңмен ынтымақтастық саласында, алдымен өңірлік деңгейде, содан кейін ШЫҰ, Түрік мемлекеттері ұйымы (ТМҰ)

шенберінде қол жеткізілген келісімдерге қарамастан, Қазақстан мен Өзбекстан арасында аймақтық бәсекелестік проблемалары туындағанды. Ресейлік геосаясат екі елдің сыртқы саяси байланыстарын қайта қарауға және тығыз байланыстар қажеттілігіне өзіндік серпін берді, бұл өз кезегінде жаңа трансформациялық үдерістерді жылдамдатты. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, тарихнамалық шолу мен дереккөз базасы қазіргі заманғы геосаяси үдерістер аясында Қазақстан мен Өзбекстанның өзара ынтымақтастықтың заманауи аспектілерін қайта қарауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Қазақстан, Өзбекстан, трансформация, геосаясат, ынтымақтастық, Орталық Азия.

Mirzahan Egamberdiyev, Tansholpan Sarsenbayeva
TRANSFORMATION OF COOPERATION BETWEEN
KAZAKHSTAN AND UZBEKISTAN (ON THE EXAMPLE OF MODERN
GEOPOLITICAL PROCESSES)

Abstract. In a global world, the influence of imperialist powers on the development and prospects of states that hold a special place on the Eurasian continent and on the world stage is imminent. The Russian-Ukrainian war and its consequences will undoubtedly leave an indelible socio-economic mark. Considering the consequences of the sanctions of European countries and international organisations against Russia, Kazakhstan faces the choice of building a new foreign policy based on appropriate policy decisions.

The methodological aspects of the study of transformational processes of cooperation between neighbouring states represented by Kazakhstan and Uzbekistan in the context of interstate associations are not sufficiently reflected in the scientific literature, especially after the change of power. In this regard, researchers, analysts and other institutions confront the great challenge of scientifically reconsidering the prospects of transformation processes in the context of global changes that have caused a close relationship as a result of Russian sentiments in the region. This research paper is devoted to the problems of transformational processes in the relationship between the two states, which in one way or another have been and will be influenced by contemporary geopolitical reconstructions, especially in foreign policy and the oil and gas sector. The methods of comparative and statistical analysis, as well as comprehensive study of the objective are an integral part of this study. The historical background to post-Soviet relations and the transformation processes of Kazakhstan and Uzbekistan are at the core of the study. Despite the agreements on political-economic interactions and gradual cooperation, first on a regional level and later within the SCO, there were problems of regional rivalry between Kazakhstan and Uzbekistan after the Organization of Turkic States (OTS). Russian geopolitics provided some impetus to rethink foreign policy and the need for

close cooperation between the two states, which prompted new transformational trends. Therefore, the historiographical review and the source base provide an opportunity to reconsider the contemporary aspects of Kazakhstan-Uzbekistan interactions within the framework of contemporary geopolitical processes.

Keywords: *Kazakhstan, Uzbekistan, transformation, geopolitics, cooperation.*

Мырзахан Эгамбердиев, Таншолпан Сарсенбаева
ТРАНСФОРМАЦИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА КАЗАХСТАНА
И УЗБЕКИСТАНА (НА ПРИМЕРЕ СОВРЕМЕННЫХ
ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ)

Аннотация. В глобальном мире влияние империалистических держав на развитие и перспективы государств, которое занимает особое место в Евразийском континенте и на мировой арене неминуем. Российско-Украинская война и его последствия не оспоримо оставит неизгладимый социально-экономический след. Учитывая, последствия санкций стран Европы и международных организаций против России перед Казахстаном стоит выбор построения новой внешней политики на основе соответствующих политических решений.

Методологические аспекты изучения трансформационных процессов сотрудничества соседских государств в лице Казахстана и Узбекистана в контексте межгосударственных объединений достаточно не отражена в научной литературе, особенно после изменения власти. В связи с этим перед исследователями, аналитиками и другими институтами стоит большая задача научного переосмысления перспектив развития трансформационных процессов в контексте глобальных изменений, которые стали причиной тесных взаимоотношений в результате российских настроений в регионе. Данное научная работа посвящена проблемам исследования трансформационных процессов взаимоотношений двух государств, на которых так или иначе современные геополитические реконструирования влияли и будут оставлять след особенно во внешней политике и нефте-газовой сфере. Методы сравнительного и статистического анализа, а так же комплексного изучения поставленной цели являются неотъемлемой частью данного исследования. Исторические предпосылки взаимоотношений постсоветского переустройства и трансформационные процессы Казахстана и Узбекистана стали ядром изучения проблемы. Несмотря на достигнутые договоренности в области политико-экономических взаимодействий и поэтапного сотрудничества сначала на региональном уровне, а после в рамках ШОС, после Организации Тюркских государств (ОТГ) между Казахстаном и Узбекистаном были проблемы регионального соперничества. Российская геополитика дала своего рода толчок переосмысления внешней политики и необходимости тесного сотрудничества двух государств, что вызвала тенденции

новой трансформации. В силу сказанного историографический обзор и источниковедческая база дает возможности по новому пересмотреть современные аспекты взаимодействий Казахстана и Узбекистана уже в рамках современных геополитических процессов.

Ключевые слова: *Казахстан, Узбекистан, трансформация, геополитика, сотрудничество.*

Кіріспе

1991 жылдың басындағы бұрынғы КСРО-ға қатысты түбегейлі өзгерістер Еуразиялық құрлықтағы елдердің халықаралық және аймақтық деңгейде өздерінің жеке дара стратегиялық дамуын өзгерте бастады. Орталық Азияның аймақтық интеграциясы мен дербес саяси-экономикалық болашағы бір жағынан көршілес елдерді алаңдатса, екінші жағынан Ресейдің аймаққа бағытталған саясаты елеулі ізін қалдыруда. Бастапқы жылдары Өзбекстанның ішкі саяси жағдайында діни фактордың өрбуі мен Қазақстанның көпвекторлық ұстанымы екі елдің мемлекеттік құрылымын ұлттық принциптерге негіздеді. Бұл жағдай өз кезегінде көршілес мемлекеттердің өзіндік саяси бағытын белгілеп берді және бірқатар мәселелердің туындауына түрткі болды. Осыған қарамастан екі ел арасында нақты келісім-шарттарға қол жеткізілді, оның ішіндегі ең маңыздылары: «Мәңгілік достық туралы келісім шарт» (1998 ж.), «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекарасы туралы шарт» (2001 ж.), «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік туралы келісім шарт» (2013 ж.), «Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтастық туралы келісім шарт» (2022 ж.) [1] және т.б. Әрине, бұл жетістіктерге қол жеткізу барысында екі ел арасында бірқатар қарсы пікірлер де орын алды. Бұның өзіндік себептері көптеген зерттеулерде көрініс тапты [2].

Ресей Федерациясының 2014 жылдан бастап Украинаға қарсы ниетінің өзгеруі салдарынан әлемдік геосаяси ықпалдастық жүйесі өзгеруге бет алды, Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттері осы орайда қарбаластың құрсауына түсті. Сонымен қатар осы аралықта екі елдің мемлекет басшылары да ауысып үлгерді. Ресейдің Украинаға қарсы ашқан соғысы болса әлемді дүр сілкіндіріп, Орталық Азия елдеріне деген пиғылын өзгертуге негіз қалады. Екі елдің сыртқы саяси бағыттарының өзгеруіне Сириядағы соғыс пен Әзірбайжан мен Армения арасындағы Қарабақ мәселесінің туындауы да едәуір із қалдырды, себебі Түркі кеңесіне мүше болып табылатын Қазақстан мен Өзбекстан аталған жағдайларға ресми пікірлерін білдірді [3].

Қазақстан мен Өзбекстан қай қырынан қарасақ та Қытай, АҚШ, Ресей және Еуропа елдері үшін маңызды елдер болып табылатынына ешкім күмән келтіре алмайды. Ресей бұл аймақты үнемі шикізат қоры ретінде пайдаланып келсе, Қытай мен АҚШ оны бәсекелестік аймағы деп санайды [4]. Сол себепті тақырыптың өзектілігі өзінің ішкі құрылымы мен мазмұны

жағынан аса жоғары деуге негіз бар. Себебі арадан жарты ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан, Қазақстан мен Өзбекстан бүгінгі таңда жаңа қалыптасқан Түрік мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) шеңбері мен екі жақты келісімдер жүргізу арқасында тығыз байланыстарын күшейту қажеттілігін түсінген сыңайлы [5].

Өзбекстан Республикасының мемлекет басшысы Ш.М. Мирзиевтің билік басына келуімен елінің сыртқы саясатын халықаралық және аймақтық деңгейде түбегейлі өзгертуге бет алдырды. Ол 2017 жылы Қазақстанға жасаған алғашқы іс-сапары барысында ашық ниетін айқындап қана қоймай, көршілес мемлекеттің ынтымақтастық пен әріптестікке дайын екендігін тілге тиек етті. Сол себепті әлемдік жүйеде орын алып жатқан геосаяси өзгерістер негізінде 2021 жылы екі мемлекет «Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтастық туралы келісім шартқа» қол қою туралы бастама көтерілді [6]. Бұл жағдай екі елдің мүдделерін қорғайтын шартқа айналды және оның астарында жаһандану мен көрші мемлекеттердің агрессиялық ұстанымдарына біріге қарсылық білдіру қажеттілігін меңзеткен сыңайлы болды. Сол себепті зерттеу нысанына айналған Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыстардың жаңа белестері мен трансформациялық үдерістерін ғылыми тұрғыдан зерделеу және қайтадан ой елегінен өткізу мәселелері мақаланың негізгі мақсаты болып табылды. Аталған мақсатқа қол жеткізу барысында нақты міндеттер айқындалды: бірінші кезекте тақырыпқа қатысты жаңа зерттеулер мен ресми деректердің кешенді талдануы; екіншіден Қазақстан мен Өзбекстан мемлекет басшыларының өзгеруінен кейінгі байланыстардың қарқынын саралау; үшіншіден екі ел арасындағы қарым-қатынастардың трансформациясы мен даму болашағына болжамды тұжырым жасау.

Зерттеу әдістері

Қазақстан мен Өзбекстанның мемлекет басшыларының өзгеруімен екі ел арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды реттеу міндеті тұрған құқықтық құжаттарға қол қойылды [7]. Екі ел арасындағы байланыстардың жаңа қырлары мемлекетаралық ынтымақтастыққа жаңа асуларды еңсеру керектігін айқындады. Бұл әрине, ғылыми тұжырымның нақтылығын талап ететін тетіктердің бірі болып саналады. Сондықтан Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыстардың трансформациясын нақты деректемелік құжаттарды өзара салыстыру арқылы қол жеткізілді. Ш.М. Мирзиевтің 2021 жылдың 6 желтоқсанда Қазақстан сапары нәтижесінде оң өзгерістер байқалып, бірқатар кездесулерге қол жеткізілді, олардың арасында ең маңыздылары: өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері көтерілді және ТМҰ-ы шеңберіндегі ынтымақтастықты одан әрі күшейту керектігі аңғарылды [8]. Осы тұрғыда қол жеткізілген келісім-шарттардың қаншалықты күшіне енгендігі сараланды және олардың біразының бүгінгі таңда әлі де қолданысқа еңбегенгіне көз жеткізілді. Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы жақындасу, екіжақты қарым-қатынастарды нығайту үшін

құқықтық және институционалдық негіз құру көпжақты ынтымақтастыққа, жалпы алғанда Орталық Азияның қалыптасып келе жатқан өңірлік қауіпсіздігіне оң әсер ететіні туралы бірқатар сарапшылар айтып келеді [9]. Дегенмен, ағымдағы саяси-экономикалық үдерістердің хронологиялық және нақты математикалық моделдеу әдісі екі елдің жаһандық қысымға қарсы өзара одақтасу керектігін бастамай отыр. Қарым-қатынастардағы оң өзгерістерге Қазақстан мен Өзбекстан мемлекет басшыларының Орталық Азиядағы көшбасшылық үшін күресті шетке қойып, бірін-бірі толықтыруға және өзара әрекеттесуге ұмтылуы да әсер етті. Осы орайда Қазақстан мен Өзбекстанның бұрынғы басшылары Н.Ә. Назарбаев пен И.А. Каримовтың саяси ұстанымдары кешенді түрде сараланды және оның кемшілік тұстары айқындалды. Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі экономиканы құрайтыны сөзсіз, ал стратегиялық маңызды Өзбекстанның геосаяси және демографиялық әлеуеттілігі аймақтың саяси тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сондықтан, зерттеуде пайдаланылған компаративті талдау әдісі көршілес елдердің аймақтағы интеграциялық байланыстарды нығайту және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығын айғақтайтынын көрсетті.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан мен Өзбекстан Республикаларының билік жүйесінің өзгеруі мен ынтымақтастықтың жаңа даму үдерісі. 2016 жылы Өзбекстан Республикасының президент міндетін атқарушы болып Ш.М. Мирзиеев келді және екі ел арасындағы байланыстардың қыры жаңа сатыға көтеріле бастады [10]. Артынша Өзбекстанда сайлау науқаны ұйымдастырылды, онда либерал-демократиялық партиясынан түскен Ш.М. Мирзиеев 88,61 % дауыспен ресми түрде Өзбекстанның Президенті аталды [11].

Өзбекстан үшін бұл жағдай бетбұрыс кезеңі деп аталуда. Мемлекет басшысы Ш.М. Мирзиеев Орталық Азияның кіндігіндегі көршілес елдер Түркіменстан және 2017 жылдың 22 наурызында Қазақстанға ресми іс сапармен келді. Осы кездесуде екі ел арасында экономикалық саланы дамыту бағытында бір қатар құжаттарға қол қойылды [12]. Олардың арасында: стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету және тату көршілікті нығайту туралы бірлескен декларация; өңіраралық ынтымақтастық туралы келісім; 2017-2019 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық стратегиясы; табыс пен мүлікке қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама; әскери ынтымақтастық туралы келісім және т.б. [13].

Қазақстанда билік жүйесі Өзбекстанмен салыстырғанда сол кезеңдегі мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттілігін тоқтату туралы БАҚ-ы арқылы халыққа жеткізіп, ерікті түрде өзгеріске ұшырады десе болады. Дегенмен, көптеген сарапшылар оның билікті әлі уысында ұстағандығын тілге тиек етіп, болашақта бұл жағдай халықтың көтерілуіне алып келуі мүмкін деген пайымдар жасады [14]. Артынша тарихта терең із қалдырған

қанды қаңтар оқиғасы болып өтті және биліктегі бірқатар тетіктер өзгеріске ұшырады. Оның бір айғағы ретінде Атазаң референдумы мен 2023 жылдың 19 наурызындағы парламенттік сайлауды атауға болады [15]. Жуырда Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қ-Ж.К. Тоқаев мемлекеттің даму стратегиясын нақты айқындап, биліктің басқару форматы мен жауапкершіліктің артатынын атады және осымен ол ішкі ықпалды күштердің әлсірей бастағанын аңғартты.

Алайда, осыған қарамастан қысқа мерзім ішінде жаңа басшылар арасында екі жақты және ТМҰ-ы шеңберінде байланыстардың елеулі трансформациясы жүзеге асты. Осы аралықтағы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыстардың жаңа белестерін келесідей айқындауға болады: 15 сәуір 2019 жылы «Қазақстанның Өзбекстандағы жылы» деп жариялануына байланысты екі ел арасында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру үшін «Жол картасына» және сол іспетті 10-нан астам маңызды құжаттарға қол қойылды [16]. Бұл маңызды қадамдар бұрынғы мемлекет басшылар арасында жасалса да, оның басым бөлігі қағаз жүзінде қалды. Оның түпкі себептерін сарапшылар бұрынғы мемлекет басшыларының жеке дара пиғылдарымен байланыстырды [17].

Қ-Ж.К. Тоқаев пен Ш.М. Мирзиеев тұсындағы екі ел арасындағы ынтымақтастықтың эволюциясы. Қысқа әрі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыстардың даму кезеңдерін екі ұстаным негізінде айғақтаған жөн. Бірінші кезекте халықаралық ықпалдастықтың өршуінің салдарынан ТМҰ-ы ішіндегі мәселелер және Орталық Азиядағы ұлттық мемлекеттілікті сақтау мен қорғау мақсатында жүзеге асырылған байланыстары.

Ш.М. Мирзиеевтің билік басына келуі халықаралық және аймақтық ұйымдардағы Өзбекстанның позициясын өзгертті. 2019 жылдың 15 қазанында Әзірбайжанның бас қаласы Бакуда өткен кезекті саммиті барысында сол кездегі Түркі Кеңесінің толыққанды мүшесі болып танылды. Өзбекстанның бұл қадамын бірқатар зерттеушілер мен сарапшылар екі жақты қарады. Ресейлік аналитиктер оны Түркияның Түрік бірлігін жандандыру және «пантүрікшілдікті» меңзеуімен байланыстырса, Отандық және шетелдік зерттеушілер Өзбекстанның әрекетін эволюциялық бетбұрысқа тенеді [18]. Мәселен, отандық сарапшылар Өзбекстанның ТМҰ-на мүшелігін оң көз қараспен қабылдаса, Түркия Президенті Р.Т. Эрдоган ТМҰ-на тағы да бір түркі тілдес мемлекеттің туы ілініп тұратыны қуантарлық екенін айтты [19]. Ресейлік сарапшылар болса, Орталық Азиядағы Түркия Республикасының сенімді серіктестігі ретінде алдағы уақытта Қазақстан емес Өзбекстанның басымырақ рөл атқаратыны және бәсекелес ел болатынына меңзеді. Саммит барысында Ш.М. Мирзиеев қазіргі таңда жас кәсіпкерлердің экономикадағы ролі мен оларға көрсетілетін жеңілдік тақырыбында сөз қозғады. Сөйтіп, кезекті ІХ саммитті Өзбекстанның Самарқанд қаласында өткізілді. Саммит нәтижесінде ТМҰ-на мүше мемлекеттер арасында; халықаралық аралас тасымал туралы келісім; кедендік

дәлізді оңайлату туралы келісім және т.б. бастамаларға қол қойылды [20].

Өзбекстанның аймақтық ұйымдарға мүше болып белсенділік танытқаны Ресей мен Қытайға аса ұнай қоймайтыны рас. Алайда, Ресейдің 2022 жылғы ақпан айынан басталған Украинадағы соғысы салдарынан Орталық Азиядағы мемлекеттердің бірігуіне себеп болды. Соның бірі, 2022 жылдың желтоқсан айындағы Қазақстанның мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаевтың бастамасымен Ташкент қаласында келісім-шарт жасауды атауға болады. Осыған дейін екі ел тек стратегиялық әріптес еді, сонымен қатар ШЫҰ, Түркі кеңесі секілді аймақтық ұйымдарда мүше еді. Одақтастық туралы шартқа қол қоюы екі ел арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығарды. Бұл екі мемлекет арасындағы сенімнің жоғары деңгейін көрсетеді. Еліміздің аймақтық қауіпсіздік ұйымының ҰҚШҰ-на мүшесі бола отырып, жаңадан Өзбекстан елімен «Одақтастық туралы шартқа» қол қоюы ресейлік саясаткерлер мен сарапшылар тарапынан сыни көзқарасқа ұшырады [21]. Көпшілік Қазақстанның ҰҚШҰ-дан шығып, Өзбекстанмен бірге жаңа ұйым құрғалы жатқанын және үшінші тарап шабуыл жасаған жағдайда Қазақстан бауырлас елге бет бұратынын болжады. Өз кезегінде еуропалық саясаттанушылар бұл оқиғаны мәдениеті, тілі, тарихы ортақ Орталық Азия елдерінің бірігуінің бастамасы ретінде қабылдап, бұл шешімді тарихи оқиғаға теңеп отыр. Келісім-шарт әскери, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы, азаматтық қорғаныс және энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге негізделген. «Одақтастық қатынастар туралы келісімшартқа» қосымша басқармалар мен ведомстволар деңгейінде көпжақты ынтымақтастықты көздейтін 15 құжатқа қол қойылды [22]. 2022 жылы Ресей мен Украина арасында басталған соғыс әсерінен Орталық Азиядағы елдердің экономикалық және саяси өмірі алаңдата бастады. Сөзсіз ішкі нарық пен әлемдік қарбаласта шикізатты нарыққа шығару мәселесі туындады. Еуропалық сарапшылардың пікірінше, Қазақстанның Өзбекстан Республикасымен тығыз ынтымақтастығы екі елдің іргетасын қалауға қызмет етеді және алдағы уақытта бұл бастамаға Орталық Азиядағы басқа елдер де тартылады деп күтілуде [23]. Ал, 2024 жылдың 17 наурызында Ресей Федерациясында өткен президенттік сайлау қортыныдысы бойынша басымдық дауысқа ие болған В.В. Путиннің қайтадан билік басына келуі Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыстарды одан әрі күшейте түсетін сынайлы.

Аймақтық геосаяси проблемалар аясында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы мемлекет басшыларының кездесулері жиілей түсті. Бұл Ресей мен Украина арасында басталған соғыс әсерінен ғана емес, оның Орталық Азиядағы салдары, сонымен қатар, Еуропа елдерінің және халықаралық ұйымдардың Ресейге қарсы салынған санкцияларының нәтижесінде пайда болған мәселелердің салдарынан туындады. Қазақстан мен Өзбекстан, Ресей және Қытай сияқты екі алпауыт державаның құрсауында қалғандықтан, тығырықтан шығудың жаңа жолдарын іздеуді бастады [24]. Себебі шикізат экспорттауда Ресейден туындаған мәселелерге

қатысты Қазақстан бір жағынан Өзбекстанға мұқтаж болып отыр, ал Өзбекстанның сыртқы саудасын нығайтуда Қазақстанның географиялық потенциалы қажет болып тұр.

2022 жылы Ресей Қазақстанның мұнайы мен газын батыстың нарығына жеткізуге тосқауыл қойды, артынша «*үш жақты газ одағы*» деген мәселені ортаға салып, Орталық Азияның нарығын өзіне тәуелді етудің жаңа әдісін ойластырды. Оған Өзбекстан ресми пікірін білдірді: Өзбекстан премьер-министрінің орынбасары, энергетика министрі Ж. Мирзамахмудов «*Ресеймен газ келісімі жасалғанның өзінде бұл одақтастық дегенді білдірмейді*», Ресей газын көрші Қазақстан арқылы жеткізу туралы келіссөздер жүргізіп жатыр, бірақ «*бұл техникалық келісім болады*» деп, ойын ашық түрде аяқтады [25]. Осылайша, Ресейдің айла әрекеттерін сезінген Қ-Ж.К. Тоқаев Каспий арқылы Иран және Өзірбайжан елдеріне ресми сапарларынан нәтижелі қайтты [26]. Ол Иранның Серахс және Инче Бурун шекаралас аймақтары арқылы ынтымақтастықты жандандыруға және Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік дәлізіне қатысу (Үндістаннан Иран арқылы Балтық теңізіне дейін) қажеттіліктеріне ден қойды [27]. Сонымен қатар, Еуроодақ елдері мен АҚШ Ресейге қарсы санкциялардың әсерін ескере отырып, Орталық Азия елдеріне қаржылай қолдау көрсетуге дайын екендігін білдірді. Бұл туралы Орта Азия елдерінің Сыртқы істер министрлерімен С5+1 форматында өткен кездесуінде АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен тілге тиек етті [28].

2023 жылдың 28 ақпанында АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкеннің Қазақстанға алғаш сапары барысында АҚШ пен Орталық Азия елдеріндегі ынтымақтастық пен серіктестікті дамыту мәселесін қарастырды, сонымен қатар, аймақтық қауіпсіздік мәселесін Қазақстан және Өзбекстан Президенттерімен талқылады. Ресейге салынған санкциялардың нәтижесінде Ресейлік зауыт фабрикаларының біршама бөлігі Орталық Азияға, яғни Қазақстан мен Өзбекстанға қоныс аударды. АҚШ пен Еуропа елдері үшін бұл мәселе шешімін таппаған маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

ТМҰ-ы шеңберінде Қазақстан-Өзбекстан байланыстары: Самарқанд саммитінің жаңа жетістіктері. Түркияның БАҚ материалдары Самарқанд қаласын «*Орталық Азияның Цюрихи*» деп атады, өйткені 2022 жылы қалада екі ірі саммит өтті, олар – ШЫҰ және ТМҰ-ы. Тоғызыншы саммит «*Түркі өркениетінің жаңа дәуірі: ортақ даму мен өркендеу жолында*» ұранымен басталып, ТМҰ-ның төрағалығы ресми түрде Түркиядан Өзбекстанға өтті. 2021 жылы Ыстамбұлда өткен Саммитте белгіленген қызмет бағыттарының тізбесі Самарқандтағы жиында талқылануын жалғастырды. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы кеңесін құру туралы Нахичеван келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою ТМҰ-ның түпкілікті әрі толыққанды халықаралық ұйымға айналуға деген ұмтылысын көрсете білді [29].

Самитте алынған қарар негізінде 2023 жыл Түркі өркениетінің гүлдену

жылы болып жарияланды, ол 2021 жылғы Саммитте қабылданған Түркі әлемінің 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасымен қолдау тауып, саясат пен қауіпсіздік, экономика мен салалық даму, инфрақұрылымдық өзара байланыс қағидаты, адамдар арасындағы байланыстарды кеңейту және т.б. жатты. Сонымен қатар, жоғарыда аталған Тұжырымдаманы жүзеге асыру мақсатында Самарқандта 2022-2026 жылдарға арналған ТМҰ-ның даму стратегиясы бекітілді.

Жарғылық капиталы 500 миллион долларды құрайтын Түркі инвестициялық қорын қалыптастыру туралы шешім қабылданып, жаңа қордың төрағасы ретінде бұрынғы ТМҰ-ның бас хатшысы Б.Әміреев тағайындалды. ТМҰ-на мүше елдердің басшылары Қазақстанның Түркістан облысындағы TURANSEZ арнайы экономикалық аймағын дамыту ниетін қолдады. 2022 жылдың қараша айының басында Түрік мемлекеттерінің банктік қауымдастықтар кеңесі құрылды. Жалпы, мұның бәрі қауымдастық мүшелерінің сауда-экономикалық және қаржылық интеграциясын одан әрі дамыту әрекеті туралы айтады. Саммитке қатысушылар Түрік мемлекеттерінің көліктік байланысы тақырыбына, атап айтқанда, «Шығыс-Батыс» Транскаспий халықаралық дәлізін одан әрі дамыту қажеттілігіне ерекше назар аударды. Бұл кезеңде әзірге нәтижелер қарапайым. Ш.М. Мирзиев атап өткендей, Өзбекстан сыртқы сауда жүктерінің 10 пайызын осы дәліз арқылы тасымалдайды. Бұны ескере отырып, процесті жандандыру үшін жаңа келісімдердің тұтас тізбесі қабылданды, мысалы, жеңілдетілген кедендік дәліз құру, халықаралық аралас жүк тасымалы, сондай-ақ Көлік коммуникацияларын дамыту бағдарламасы. Сонымен қатар, Зәңгезур дәлізін мүмкіндігінше тезірек ашу, Баку-Тбилиси-Карс теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыру және Өзбекстан-Қырғызстан-ҚХР мен Термез-Мазари-Шариф-Кабул-Пешавар теміржол желілерін әртараптандыру мақсатындағы жұмыстарға қолдау көрсетілді [30].

Энергетика мәселесі де өзекті мәселелердің біріне айналды. Саммитте Р.Т. Эрдоған Түрік мемлекеттерінің стратегиялық энергетикалық дәліздердің тоғысқан жерінде тұрғанына тоқталып, мысалы, Баку-Тбилиси-Джейхан құбырын ең сәтті энергетикалық жобалардың бірі деп атады. Оның үстіне, оның пікірінше, Оңтүстік газ дәлізі Еуропаға газ тасымалдайтын төртінші артерия ретінде ойластырылған, оның негізі Трансанадолы газ құбыры (TANAP) болып табылады. Бұл Ресейдің ықпалынсыз көлік және энергетика саласындағы бастамалардың ауқымды екенін айта кеткен жөн. Мәселе Түркияның өз аумағынан тысқары жерде мұндай ірі жобаларға инвестиция салуға қаншалықты дайын екендігінде, өйткені түрік тарапы әдетте шағын және орта жобаларға көңіл бөлуге дағдыланған. Оның үстіне жұырда Түркияда болып өткен жойқын зілзәлә салдарынан Түркия қаншалықты инвестиция салатыны сұрақ белгісі болып отыр. Саяси қайшылықтарды да ұмытпау керек. Мысалы, сол Зәңгезур дәлізі – Әзірбайжан мен Түркия ілгерілеткен, бірақ Армения мен сөзсіз, Иран тарапынан елеулі қарсылыққа ұшыраған жоба немесе Ресей қауіптенетін Транскаспий газ құбыры жобасы

деуге негіз бар [31]. Осыған аландаушылық білдірген Ресейдің халықаралық істер жөніндегі кеңестің ресми ақпарат материалдарында бұл мәселе жан-жақты талқылаудан өтіп, Түрік интеграциясының алдын алынуы қажеттілігі күн өткен сайын тілге тиек етілуде. Әрине қазіргі Ресейдің ішкі нарығы мен Ресей-Украина соғысындағы шығыны оның экономикалық потенциалын төменге тартуы ықтимал. Сол себепті Орталық Азия мемлекеттерінің шикізат байлығын ұысында ұстауды меңзеп отыр.

Қорытынды

Бүгінде Орталық Азия өз дамуының жаңа кезеңінен өтуде. Аймақтың маңызды мемлекеттері болып табылатын Қазақстан мен Өзбекстан бір жағынан Ресейдің пиғылы нәтижесінде, екінші жағынан Қытайдың «жұмсақ күш саясатына» төтеп беру үшін тең құқықты негізде бірігулері күн талабынан туындап отқандығы анық. Сол себепті екі ел арасында мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайту, өзекті мәселелердің барлық спектрі бойынша өзара қолайлы шешімдерді нақты іздеу үрдісі байқалады. Соңғы жылдары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы саяси-экономикалық ынтымақтастықтың дамуы жеделдетілген динамикаға ие болды, сыртқы сауда, өзара инвестиция, көлік секторы саласындағы ынтымақтастықтың пайдаланылмаған әлеуетін белсенді түрде іске асыру тенденциясы жылдамдығын арттырды. 2018 жылдың қараша айында Шымкентте екіжақты қарым-қатынастар тарихындағы бірінші Өңіраралық форум өтті, онда екі елдің өңірлері деңгейінде тікелей өңіраралық ынтымақтастық туралы 16 меморандумға қол қойылды, ал өңірлердің шаруашылық субъектілері оны жүзеге асыру туралы келісімдердің 26 инвестициялық жобаға қол қойылды.

Президент Ш.М. Мирзиеевтің 2021 жылғы 5-6 желтоқсандағы Қазақстанға мемлекеттік сапары барысында одақтастық қатынастар туралы Декларацияға қол қойылғаннан бергі жылдар ішінде екі мемлекет арасындағы әріптестік жаңа деңгейге көтерілді. Одақтастық қатынастар туралы шарт сауда-экономикалық, көліктік, энергетикалық, экология және суды пайдалануды, аймақтағы қауіпсіздікті қоса алғанда, бірлескен ынтымақтастықтың бірқатар нақты бағыттарын анықтайды және Қазақстан мен Өзбекстанның одан әрі дамудың маңызды мәселелеріне ортақ көзқарастарын біріктіреді. Одақтастық қатынастардың табысты және тиімді дамуы үшін мемлекет басшылары деңгейінде Жоғары мемлекетаралық кеңес құрылды. Ол өзара іс-қимылды дамытудың басым бағыттарын анықтауға, маңызды саяси және экономикалық мәселелерді шешуге, өзара мүдделі негізгі өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі ұстанымдарды анықтауға шақырылды.

Жылдар бойы нақты шешімін таппай келген мәселелер, екі елдің мемлекет басшыларының өзгеруі салдарынан жаңа қырға ие бола бастады. Қ-Ж.К. Тоқаев пен Ш.М. Мирзиеевтің бастамасымен шешімін таппай келген демаркация мәселесі оңды нәтижеленді, Өзбекстан «ашық есік» саясатын

ұстанып, туризм саласын дамытуға бет бұрды, екі ел арасындағы байланыстар модернизацияланды. Осылайша, Қазақстан мен Өзбекстан Орталық Азия аймағында бірінші болып екіжақты қарым-қатынастарды одақтастар деңгейіне жеткізді, саяси диалогты институттандырды, бұл бүкіл Орталық Азияның дамуындағы маңызды кезеңге айналды. Бір жағынан, екі мемлекетке екіжақты және өңірлік диалогты дамытуға ортақ көзқарастарды тиімдірек қалыптастыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, ол Орталық Азиядағы саяси және стратегиялық өзара іс-қимылдың түбегейлі жаңа деңгейіне өтуге бастамашы бола алады.

Мемлекеттер ТМҰ-да ортақ белсенділікті арттырды, Орталық Азияның өміршеңдігін жалғастыру мақсатында ортақ нарық пен тұрақты әскер мәселелері де күн тәртібіне енді. Расында да, Қазақстан мен Өзбекстанның одағы туралы декларацияны түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен бірлігі шеңберінде қарастырған жөн. Өйткені ұлттық мүдде мен ұлттың болашағы бірліктің арқасында жүзеге асатыны сөзсіз. Орталық Азияның ірі мемлекеттері болып саналатын Қазақстан мен Өзбекстан Түркі мемлекеттері ұйымы, Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ), Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы сияқты аймақтық ұйымдарға мүше. Қазақстан мен Өзбекстанның интеграциясы Орталық Азиядағы түркі әлемін нығайтатыны анық. Бір-бірімен одақтастық қатынасқа түсу арқылы олар көршілес елдердің интеграциясына жаңа серпін беріп, жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Жалпы, бүгінде Қазақстан мен Өзбекстан аймақ мемлекеттері арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа түрінің үлгісі ретінде аймақтық ынтымақтастықты нығайтудың жолсерігі мен негізіне айналуға арналған өзіндік жолын тұрғызуда. Сонымен қатар, қазақ-өзбек ынтымақтастығы ешкімнің мүддесіне қарсы бағытталмаған, керісінше, Орталық Азия алдында тұрған тұрақты даму мен қауіпсіздіктің ортақ міндеттерін шешу үшін ортақ күш-жігерді біріктіруге бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР.

1. Сәтбаев Д. Орталық Азияны жақындастыру. Иллюзия немесе шынайы мүмкіндік? // «Қазақстан экономикасының трансформациясы». – Астана: «IndigoPrint» баспаханасы, 2019. – 305-322 б.
2. Кушкумбаев С. Партнерство Казахстана и Узбекистана в контексте истории и геополитики Центральной Азии // Материалы международной конференции «Узбекистан – Казахстан: 25 лет установления дипломатических отношений». – Ташкент, 2017. – 18-26 с.
3. Левистон М. Казахстан в пучине кризисов: от январских волнений до войны в Украине. Перевод с французского Н. Киселевой-Туле // *Russie.NEI.Reports*, № 39, Iffri, сентябрь 2022.
4. Тюркер А.Т. Российские и китайские интересы в Центральной Азии // *Центральная Азия и Кавказ*. – Том 15, Выпуск 1. – 2012. – 121-131 с.
5. Erol M.S. Organization of Turkic States Samarkand Summit: «Towards Common Development and Prosperity» in the Turkish World // *ANKASAM*, <https://www.ankasam.org/organization-of-turkic-states-samarkand-summit-towards-common-development-and-prosperity-in-the-turkish-world/?lang=en> (Қаралған уақыты:

- 12.01.2024).
6. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартқа қолқою туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 60 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000060> (Қаралған уақыты: 13.01.2024)
7. Узбекистан и Казахстан договорились о повышении статуса межгосударственных отношений до уровня союзничества // <https://podrobno.uz/cat/politic/uzbekistan-i-kazakhstan-dogovorilis-povyshenii-statusa-mezhgosudarstvennykh-otnosheniy-do-urovnya-so/> (Қаралған уақыты: 15.02.2024)
8. Эксперты Казахстана и Узбекистана обсудили планы дальнейшего расширения сотрудничества // https://www.inform.kz/ru/eksperty-kazahstana-i-uzbekistana-obsudili-plany-dal-neyshego-rasshireniya-sotrudnichestva_a4017473 (Қаралған уақыты: 16.02.2024)
9. Узбекистан и Казахстан будут вместе противостоять угрозам. Ташкент и Астана могут создать собственную систему региональной безопасности // https://www.ng.ru/cis/2022-12-01/1_8605_kazakhstan.html?ysclid=lgysup02nt153823296 (Қаралған уақыты: 16.02.2024)
10. Медицинское заключение о болезни и причине смерти Ислама Абдуганиевича Каримова // <https://president.uz/ru/lists/view/30> (Қаралған уақыты: 19.02.2024)
11. Церемония вступления в должность Президента Республики Узбекистан // <https://president.uz/ru/lists/view/110> (Қаралған уақыты: 20.02.2024)
12. Президент Узбекистана Шавкат Мирзиев прибыл в Казахстан // <https://president.uz/ru/lists/view/337> (Қаралған уақыты: 22.02.2024)
13. Қазақстан мен Өзбекстан одақтастық қатынастар туралы құжатқа қол қойды // <https://kaz.orda.kz/aza-stan-men-uzbekstan-oda-tasty-atynastar-turaly-zhat-a-ol-ojdy/> (Қаралған уақыты: 28.02.2024)
14. 14. Январь, который изменил Казахстан. Как страна переживает последствия крупнейших беспорядков в своей истории // <https://www.bbc.com/russian/features-64121146> (Қаралған уақыты: 30.02.2024)
15. 15. Парламентские выборы в Казахстане отличались неформальностью - кыргызские эксперты // https://www.inform.kz/ru/parlamentnskie-vybory-v-kazahstane-otlichalis-neformalnost-yu-kyrgyzskie-eksperty_a4049929?ysclid=lgtencdwdk192671669 (Қаралған уақыты: 02.03.2024)
16. 16. Брифинг для представителей средств массовой информации по итогам переговоров с Президентом Республики Узбекистан Шавкатом Мирзиёевым // https://www.akorda.kz/ru/events/international_community/foreign_visits/brifing-dlya-predstavitelei-sredstv-massovoi-informacii-po-itogam-peregovorov-s-prezidentom-respubliki-uzbekistan-shavkatom-mirzиеevym (Қаралған уақыты: 03.03.2024)
17. Blackmon P. After Karimov and Nazarbayev: change in Uzbekistan and Kazakhstan? // December 2020 Central Asian Survey 40(1):1-18. DOI:10.1080/02634937.2020.1837073 (Қаралған уақыты: 05.03.2024)
18. Узбекистан вступает в Тюркский совет // https://www.inform.kz/ru/uzbekistan-vstupaet-v-tyurkskiy-sovet_a3565230?ysclid=lgtf2beii1842336040 (Қаралған уақыты: 06.03.2024)
19. Uzbekistan decides to join 'Turkic alliance' during Erdogan's visit // <https://www.hurriyetdailynews.com/uzbekistan-decides-to-join-turkic-alliance-during-erdogans-visit-131109?ysclid=lgtf5ye1rp366441772> (Қаралған уақыты: 07.03.2024)
20. The 9th summit of OTS summit in Samarkand ends with adoption of joint declaration // <https://asiaplustj.info/ru/node/318720?ysclid=lgtfbe66h8590934058> (Қаралған уақыты: 07.03.2024)
21. Визит Токаева в Ташкент: свет и тень в отношениях двух стран // <https://rus.azattyq.org/a/32192614.html> (Қаралған уақыты: 09.03.2024)
22. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтастық байланыстар туралы Декларацияға қол қойылды // https://www.inform.kz/kz/kazakstan-men-uzbekstan-arasyndagy-odaktastyk-baylanystar-turaly-deklaraciyaqa-kol-koylydy_a3870936?ysclid=lgtfvxdxj855050456 (Қаралған уақыты: 09.03.2024)
23. Ahmad Siddiqui M. Sh., Ud Din Kh. Conceptualizing Security Dilemma and Economic Impacts of the Russian-Ukraine War on the Central Asian Region // https://www.researchgate.net/publication/368714792_Conceptualizing_Security_Dilemma_and_Economic_Impacts_of_the_Russian-Ukraine_War_on_the_Central_Asian_Region (Қаралған уақыты: 12.03.2024)
24. Токаев: Узбекистан – братское государство, с которым мы связаны общими корнями // <https://www.nur.kz/politics/universe/1945535-tokaev-i-mirzиеev-proveli-sovmestnyu-brifing-dlya-smi/?ysclid=lgtgcom266912209770> (Қаралған уақыты: 12.03.2024)

25. Узбекистан отказался от идеи России по «тройственному газовому союзу» // <https://www.rbc.ru/politics/08/12/2022/6391782d9a7947746a4ce52?ysclid=lg067avr571781647> (Қаралған уақыты: 12.03.2024)
26. 10 договоров о сотрудничестве были подписаны между Казахстаном и Азербайджаном // <https://www.nur.kz/zhanakazakhstan/1984948-10-dogovorov-o-sotrudnichestve-byli-podpisany-mezhdu-kazahstanom-i-azerbaydzhanom/> (Қаралған уақыты: 13.03.2024)
27. 9 совместных документов подписали Иран и Казахстан по итогам визита Токаева // <https://www.nur.kz/politics/universe/1974742-9-sovmestnyh-dokumentov-podpisali-iran-i-kazahstan-po-itogam-vizita-tokaeva/> (Қаралған уақыты: 13.03.2024)
28. What to expect from Blinken's visit to Kazakhstan this week and C5+1 ministerial meeting // https://www.inform.kz/en/what-to-expect-from-blinken-s-visit-to-kazakhstan-this-week-and-c5-1-ministerial-meeting_a4040631?ysclid=lgth9nr91807966228 (Қаралған уақыты: 14.03.2024)
29. Burhanettin D. Semerkand Zirvesi ve Türkiye'nin Yeri // <https://www.sabah.com.tr/yazarlar/duran/2022/09/17/semerkand-zirvesi-ve-turkiyenin-yeri?ysclid=lgthujb460982810136> (Қаралған уақыты: 14.03.2024)
30. Pomfret R. The Eurasian Land Bridge The Role of Service Providers in Linking the Regional Value Chains in East Asia and the European Union // <https://www.eria.org/uploads/media/ERIA-DP-2018-01.pdf> (Қаралған уақыты: 15.03.2024)
31. Исламов Д. Саммит Организации тюркских государств в Самарканде: между иллюзией и реальностью // <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/columns/postsoviet/sammit-organizatsii-tyurkskikh-gosudarstv-v-samarkande-mezhdu-illyuziei-i-realnostyu/?ysclid=lg16d7j6s501821109> (Қаралған уақыты: 16.03.2024)

REFERENCES:

1. Satbayev D. Ortalyq Aziyany zhaqyndastyru. Illuziya nemese shynayi mumkindik? [Convergence of Central Asia. Illusion or real opportunity?] // «Qazaqstan ekonomikasynyn transformatsiyasy» [Transformation of the economy of Kazakhstan]. – Astana: «IndigoPrint» baspahanasy, 2019. – 305-322 p.
2. Kushkumbayev S. Partnyorstvo Kazakhstana i Uzbekistana v kontekste istorii i geopolitiki Tsentralnoi Azii [Partnership between Kazakhstan and Uzbekistan in the context of Central Asian history and geopolitics] // Materialy mezhdunarodnoi konferentsii «Uzbekistan – Kazakhstan: 25 let ustanovleniya diplomaticheskikh otnoshenii». – Tashkent, 2017. – 18-26 p.
3. Leviston M. Kazakhstan v puchine krizisov: ot yanvarskih volnenii do voiny v Ukraine. Perevod s frantsuzkogo N. Kiselevoi-Tule [Kazakhstan in the depths of crises: from the January riots to the war in Ukraine. Translation from the French by N. Kiseleva-Toulet] // Russie.NEI.Reports, № 39, Ifri, september 2022.
4. Turker A.T. Тюркер А.Т. Росийские и Китайские интересы в Тsentralnoi Azii [Russian or Chinese interests in Central Asia] // Tsentralnaya Aziya i Kavkaz. [Central Asia and the Caucasus] – Volume 15, Issue 1. – 2012. – 121-131 p.
5. Erol M.S. Organization of Turkic States Samarkand Summit: «Towards Common Development and Prosperity» in the Turkish World // ANKASAM, <https://www.ankasam.org/organization-of-turkic-states-samarkand-summit-towards-common-development-and-prosperity-in-the-turkish-world/?lang=en> (accessed: 12.01.2024).
6. Qazaqstan Respublikasy men Özbekstan Respublikasy arasyndagy odaqstasyq qatynastar turaly shartqa qol qoiy turaly. Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2022 jylgy 19 jeltosandagy № 60 Jarlygy [About the signing of the treaty on alliance relations between the Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan. Decree № 60 of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 19, 2022] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000060> (accessed: 13.01.2024)
7. Uzbekistan i Kazakhstan dogovorilis o povyshenii statusa mezhgosudarstvennykh otnosheniy do urovnya soyznichestva [Uzbekistan and Kazakhstan agree to upgrade inter-state relations to an alliance] // <https://podrobno.uz/cat/politic/uzbekistan-i-kazahstan-dogovorilis-povyshenii-statusa-mezhgosudarstvennykh-otnosheniy-dourovnya-so/> (accessed: 15.02.2024)
8. Eksperty Kazakhstana i Uzbekistana obsudili plany dalneyshego rasshireniya sotrudnichestva [Experts from Kazakhstan and Uzbekistan discuss plans to further expand cooperation] // https://www.inform.kz/ru/eksperty-kazahstana-i-uzbekistana-obsudili-planu-dal-neyshego-rasshireniya-sotrudnichestva_a4017473 (accessed: 16.02.2024)

9. Uzbekistan i Kazakhstan budut vmeste protivostoyat ugrozam. Tashkent i Astana mogut sozdat sobstvennyuyu sistemu regionalnoi bezopasnosti [Uzbekistan and Kazakhstan will work together to counter threats. Tashkent and Astana could create their own regional security system] // https://www.ng.ru/cis/2022-12-01/1_8605_kazakhstan.html?ysclid=lggyupo2nt153823296 (accessed: 16.02.2024)
10. Meditsinskoe zaklučenje o bolezni i prichine smerti Islama Abduganievicha Karimova [Medical report on the illness and cause of death of Islam Abduganievich Karimov] // <https://president.uz/ru/lists/view/30> (accessed: 19.02.2024)
11. Tseremonia vstupleniya v dolzhnost Prezidenta Respubliki Uzbekistan [Inauguration ceremony of the President of the Republic of Uzbekistan] // <https://president.uz/ru/lists/view/110> (accessed: 20.02.2024)
12. Prezident Uzbekistana Shavkat Mirziyoyev pribyl v Kazakhshtan [Uzbekistan's President Shavkat Mirziyoyev arrives in Kazakhstan] // <https://president.uz/ru/lists/view/337> (accessed: 22.02.2024)
13. Qazaqstan men Ózbekstan odaqtastyq qatynastar turaly qujatqa qol qoidy [Kazakhstan and Uzbekistan signed a document on alliance relations] // <https://kaz.orda.kz/aza-stan-men-zbekstan-oda-tasty-atynastar-turaly-zhat-a-ol-oidy/> (accessed: 28.02.2024)
14. Yanvar, kotoryi izmenil Kazakhstan. Kak strana perezhivayet posledstviya krupneishikh bezporyadkov v svoei istorii [The January that changed Kazakhstan. How the country is experiencing the aftermath of the biggest riots in its own history] // <https://www.bbc.com/russian/features-64121146> (accessed: 30.02.2024)
15. Parlamentskiye vybory v Kazakhstane otlichyalis neformalnostiyu – kyrgyzskie eksperty [Kazakhstan's parliamentary elections were notable for their informality – Kyrgyz experts] // https://www.inform.kz/ru/parlamentskiye-vybory-v-kazakhstan-otlichyalis-neformal-nost-yu-kyrgyzskie-eksperty_a4049929?ysclid=lgtencdw dk192671669 (accessed: 02.03.2024)
16. Brifing dlya predstavitelei sredstv massovoi informatsii po itogam peregovorov s Prezidentom Respubliki Uzbekistan Shavkatom Mirziyoyevym [Briefing for media representatives on the results of negotiations with the President of the Republic of Uzbekistan Shavkat Mirziyoyev] // https://www.akorda.kz/ru/events/international_community/foreign_visits/brifing-dlya-predstavitelei-sredstv-massovoi-informacii-po-itogam-peregovorov-s-prezidentom-respubliki-uzbekistan-shavkatom-mirziyevym (accessed: 03.03.2024)
17. Blackmon P. After Karimov and Nazarbayev: change in Uzbekistan and Kazakhstan? // December 2020 Central Asian Survey 40(1):1-18. DOI:10.1080/02634937.2020.1837073 (accessed: 05.03.2024)
18. Uzbekistan vstupayet v Turksiy sovet [Uzbekistan joins the Turkic Union] // https://www.inform.kz/ru/uzbekistan-vstupaet-v-tyurkskiy-sovet_a3565230?ysclid=lgtf2be ii1842336040 (accessed: 06.03.2024)
19. Uzbekistan decides to join 'Turkic alliance' during Erdogan's visit // <https://www.hurriyetdailynews.com/uzbekistan-decides-to-join-turkic-alliance-during-erdogans-visit-131109?ysclid=lgtf5ye1rp366441772> (accessed: 07.03.2024)
20. The 9th summit of OTS summit in Samarkand ends with adoption of joint declaration // <https://asiaplustj.info/ru/node/318720?ysclid=lgtfbe66h8590934058> (accessed: 07.03.2024)
21. Vizit Tokayeva v Tashkent: svet i ten v otnosheniyakh dvukh stran [Tokayev's visit to Tashkent: light and shadow in relations between the two countries] // <https://rus.azattyq.org/a/32192614.html> (accessed: 09.03.2024)
22. Qazaqstan men Ózbekstan arasyndagy odaqtastyq baylanstar turaly Deklaratsiyaga qol qoiyldy [The Declaration on alliance relations between Kazakhstan and Uzbekistan was signed] // https://www.inform.kz/kz/kazakstan-men-ozbekstan-arysyndagy-odakastyk-baylanstar-turaly-deklaraciya-kol-koyyldy_a3870936?ysclid=lgtfvxd xj855050456 (accessed: 09.03.2024)
23. Ahmad Siddiqi M. Sh., Ud Din Kh. Conceptualizing Security Dilemma and Economic Impacts of the Russian-Ukraine War on the Central Asian Region // https://www.researchgate.net/publication/368714792_Conceptualizing_Security_Dilemma_and_Economic_Impacts_of_the_Russian-Ukraine_War_on_the_Central_Asian_Region (accessed: 12.03.2024)
24. Tokayev: Uzbekistan – bratskoe gosudarstvo, s kotorym my svyazany obshimi kornyami [Tokayev: Uzbekistan is a brotherly state with which we are linked by common roots] // <https://www.nur.kz/politics/universe/1945535-tokaev-i-mirziyev-proveli-sovmestnyy-brifing-dlya-smi/?ysclid=lgtgcom266912209770> (accessed: 12.03.2024)
25. Uzbekistan rejects Russia's «Triple Gas Union» idea // <https://www.rbc.ru/politics/08/12/2022/6391782d9a7947f46a4ce52?ysclid=lg067avp571781647> (accessed: 12.03.2024)

12.03.2024)

26. 10 dogovorov o sotrudnichestve byli podpisany mezhdu Kazahstanom i Azerbaidzhanom [10 cooperation agreements signed between Kazakhstan and Azerbaijan] // <https://www.nur.kz/zhanakazakhstan/1984948-10-dogovorov-o-sotrudnichestve-byli-podpisany-mezhdu-kazahstanom-i-azerbaydzhanom/> (accessed: 13.03.2024)

27. 9 sovmetnykh dokumentov podpisali Iran i Kazahstan po itogam vizita Tokayeva [Iran and Kazakhstan signed 9 joint documents after Tokayev's visit] // <https://www.nur.kz/politics/universe/1974742-9-sovmetnykh-dokumentov-podpisali-iran-i-kazahstan-po-itogam-vizita-tokayeva/> (accessed: 13.03.2024)

28. What to expect from Blinken's visit to Kazakhstan this week and C5+1 ministerial meeting // https://www.inform.kz/en/what-to-expect-from-blinken-s-visit-to-kazahstan-this-week-and-c5-1-ministerial-meeting_a4040631?ysclid=lgthg9nr9i807966228 (accessed: 14.03.2024)

29. Burhanettin D. Semerkand Zirvesi ve Türkiye'nin Yeri // <https://www.sabah.com.tr/yazarlar/duran/2022/09/17/semerkand-zirvesi-ve-turkiyenin-yeri?ysclid=lgthujb46o982810136> (accessed: 14.03.2024)

30. Pomfret R. The Eurasian Land Bridge The Role of Service Providers in Linking the Regional Value Chains in East Asia and the European Union // <https://www.eria.org/uploads/media/ERIA-DP-2018-01.pdf> (accessed: 15.03.2024)

31. Islamov D. Исламов Д. Саммит Организации тюркских государств в Самарканде: между иллюзией и реальностью [Organization of Turkic States summit in Samarkand: between illusion and reality] // <https://russiancouncil.ru/analytics-and-comments/columns/postsoviet/sammit-organizatsii-tyurkskikh-gosudarstv-v-samarkande-mezhdu-illyuziy-i-realnostyu/?ysclid=lg16d7j6s501821109> (accessed: 16.03.2024)

Салтанат Әшірбай¹, Гаухар Абдрахманова²

¹ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
«Саясаттану» кафедрасының 2-курс магистранты,
e-mail: saltanat.ashirbay.1984@gmail.com

² Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
«Саясаттану» кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты,
(Астана, Қазақстан)
e-mail: gauhar-abdrakhmanova@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

Андатпа. Қазіргі таңда жастардың жұмыспен қамту мәселесі өте өзекті. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап елімізде жастар және осал топтағы жастарды жұмыспен қамту үшін көп сатылы мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Бұл мақалада жастар арасындағы жұмыссыздықты жою мақсатында жүргізілген бағдарламалар мен олардың нәтижелері айқын көрсетіледі. Сондай-ақ, салыстырмалы түрде шетелдік зерттеулерге мысал келтіріліп, жастардың жұмыссыздығымен күресте нәтижеге қол жеткізе алдық па деген сауалға жауап іздейді. Салыстырмалы және статистикалық зерттеу тәсілдері қолданылған.

Мақалада еліміз жастарының қазіргі таңдағы жұмыссыздық мәселесі мен онымен күресуде жасалған бағдарламалары зерттеледі. Нақты нәтиже берген Жастар корпусын қолдау жобасы (Zhasproject) төңірегінде толық мағлұмат беріліп, жұмсалған мемлекеттік қаражат жастардың жұмыссыздық деңгейін азайту мәселесі бойынша сараптама жасалынды. Зерттеуде жастарды жұмыспен қамту саласындағы ағымдағы мемлекеттік саясаттың тиімділігі бағаланып, мемлекеттік реттеу және жастарды жұмыспен қамтамасыз етудегі әлеуметтік мемлекеттің маңыздылығы талданды. Жоғарғы оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру мәселелерін қарастырылып, алдағы уақытта жастарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: жастар, мемлекеттік саясат, жастар жұмыссыздығы, Қазақстан, Дүниежүзілік банк, Жастар корпусын дамыту жобасы, Zhasproject, NEET жастары.

Saltanat Ashirbay, Gaukhar Abdrakhmanova
GOVERNMENT POLICY IN THE YOUTH EMPLOYMENT IN
MODERN KAZAKHSTAN

Abstract. Today the problem of youth employment is very relevant. Over the years of independence, the country has adopted various state programs for the employment of the country's youth. This article will highlight the programs carried out to reduce youth unemployment and their results. Foreign studies that investigate this problem have also been studied. These works provide an analysis of measures to eliminate youth unemployment. Comparative and statistical research methods were applied.

The article discusses the problems of unemployment of the modern youth of our country, as well as analyzes programs to address this issue. The study examined the Youth Corps Project (Zhasproject), and analyzed the results of the implementation of this program to reduce the unemployment rate of young people in Kazakhstan. The study assessed the effectiveness of the current state policy in the field of youth employment, analyzed state regulation and the importance of the welfare state in ensuring youth employment. The issues of employment of university graduates are considered, recommendations are given to improve the effectiveness of state regulation of youth employment in the future.

Keywords: *Youth, government policy, youth unemployment, Kazakhstan, World Bank, Youth Corps Project, Zhasproject, NEET.*

Салтанат Әшірбай, Гаухар Абдрахманова
ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА В СФЕРЕ ЗАНЯТОСТИ
МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В настоящее время проблема занятости молодежи очень актуальна. За годы независимости в стране приняты различные государственные программы по трудоустройству молодежи страны. В данной статье будут освещены программы, проводимые с целью сокращения безработицы среди молодежи и их результаты. Также изучены зарубежные исследования, которые исследуют данную проблематику. В этих трудах дается анализ мероприятия по устранению безработицы среди молодежи. Применены сравнительные и статистические методы исследования.

В статье рассматриваются проблемы безработицы современной молодежи нашей страны, а также анализируются программы по решению этого вопроса. В исследовании изучена Проект развития молодежного корпуса (Zhasproject) и проведен анализ результатов осуществления данной программы по снижению уровня безработицы молодежи Казахстана. В исследовании оценивалась эффективность текущей государственной политики в сфере занятости молодежи, анализировалось государственное регулирование и важность социального государства в обеспечении занятости молодежи. Рассмотрены вопросы трудоустройства выпускников высших учебных заведениях, даны рекомендации по повышению эффективности государственного регулирования занятости молодежи в будущем.

Ключевые слова: *молодежь, государственная политика, молодежная безработица, Казахстан, Всемирный банк, проект развития молодежного корпуса, молодежь Zhasproject, молодежь NEET.*

Кіріспе

Қазіргі таңда жастар жұмыссыздығы мәселесі тек Қазақстанда емес, әлемнің алпауыт елдерін алаңдататын көкейтесті әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отыр. Көрші мемлекеттегі геосаяси жағдай – Ресей-Украина соғысы еліміздің еңбек нарығына едәуір өзгерістер әкелді. Әлем саясатындағы өзгерістер халықтың әлеуметтік жағдайын нашарлатып, еңбек нарығында жұмыссыздықтың белең алуына себеп болып отыр.

Соңғы онжылдықта дамушы елдердегі жұмыссыз жастар кедейліктің зардабын шегуде. Бұл жұмыстың тұрақсыздығына және ресми жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғаудың болмауына байланысты. 2013 жылы дамушы елдердегі жұмыспен қамтылған жастардың үштен бірінен астамы (37,8 %) күніне 2 доллардан аз қаражатқа өмір сүреді. Салдарынан кедейлік әлемдегі 169 млн. жастарға әсер етіп, бұл сан 286 миллионға дейін өседі деген болжам бар [1].

Жастар жұмыссыздығымен күресуде дабыл қаққан Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығының үйлестіру кеңесі бекіткен жалпы жүйелі Альянсы 2016 жылдың ақпан айында «Жастарды жұмыспен қамту жөніндегі жаһандық бастама» көтерді. Бастама мақсаты – бірнеше мүдделі тараптардың қатысуымен әріптестік арқылы мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылатын іс-шаралардың ықпалын арттыруға және кеңейтуге ықпал ету, ғылыми негізделген шараларды іске асыруға жәрдемдесу және жастарды жұмыспен қамту саласында тиімді және инновациялық іс-шаралар ауқымын ұлғайту. Біріккен Ұлттар Ұйымының 21 ұйымы әзірлеген бұл жаһандық бастама ұйымның бүкіл жүйесінің саяси салмағы мен ықпалын пайдалануды, оның иелігіндегі барлық білім мен ресурстарды елдерді, әлеуметтік серіктестерді, жеке секторды, жастар ұйымдарының өкілдерін, азаматтық қоғамды, қорларды, ғылыми орталықтарды біріктіру үшін жұмылдыруды жоспарлап отыр [2].

Мақала жазу барысында келесі мақсаттар қойылды:

- Қазақстандық еңбек нарығындағы жастарды жұмыспен қамтудың теориялық аспектілерін саралау;
- Еліміздегі мемлекет іске асыратын жастарды жұмыспен қамтуды қолдаудың қолданыстағы бағдарламалары мен шараларын талдау;
- Жастарды жұмыспен қамту саласындағы ағымдағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалау;
- Жастарды жұмыспен қамту саласындағы табысты шетелдік тәжірибелерді және оларды қазақстандық жағдайларда бейімдеу мүмкіндігін зерделеу;
- Жастарды жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік реттеу және жастарды жұмыспен қамтамасыз етудегі әлеуметтік мемлекет рөлін талдау;
- Жоғарғы оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру мәселелерін қарастыру;
- Жастарды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру жөніндегі негізгі қызметтерін зерттеу.

Зерттеу жұмысының әдіс тәсілдері

Мақалада Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық Еңбек Ұйымы мен Дүниежүзілік банктың жұмыссыз жастарға қатысты мақалаларынан дерек-

темелер мен статистикалық мәліметтер келтірілді. Еліміздегі Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректемелеріне мысал келтіріліп, шетелдік және қазақстандық ғалымдардың ғылыми мақалалары негізінде осал топтағы жастарды қолдау мақсатында атқарылып жатқан мемлекеттік жобалар жөнінде шағын зерттеу жүргізілді.

Мақалада салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, Қазақстандағы жастарды жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік жастар саясаты дамыған елдердің жастарды жұмыспен қамту саласындағы саясатымен салыстырылды. Бұл әдіс Қазақстандағы жұмыссыздықты алдын алу мақсатындағы саясатты жақсарту үшін пайдаланылуы мүмкін үздік зерттеулер мен тәжірибелерді анықтауға мүмкіндік берді.

Ғылыми еңбектерге шолу. Жұмыссыздық мәселесі әлем тәжірибесінде өзектілігін ешқашан жоймаған күрделі мәселе. Дамыған өркениетті мемлекеттерде жұмыссыздық мәселесі күн тәртібінде үнемі қозғалатын маңыздың проблемалардың бірі екенін байқауға болады. Яғни, шетелдік ғалымдар мен экономистердің еңбектеріне шолу арқылы жұмыссыздық мәселесінің тек бүгін көтеріліп отырған проблема емес екендігін аңғаруға болады.

Ең алғаш еңбек нарығында әлеуметтік-экономикалық жұмыссыздық және халықты жұмыспен қамту мәселесі өнеркәсіптік капитал дәуірінде пайда болды. XVIII ғасырда өмір сүрген ағылшын экономисі, әрі діни қызметкер Томас Мальтус жұмыссыздық өндірістің баяулап халықтың өсу қарқыны жоғарылаған кезде туындайды деген қорытындыға келген [3].

Мальтустық теорияның шектеулі екенін классикалық экономистер – Дж. Локк, А.Смит, Д. Риккардо дәлелдеді. Бұл ғалымдар макроэкономикада нарықты өзін-өзі реттеу тетіктерін ашу, еңбек ұсынысы арасындағы тәуелділікті анықтау, жалақы мөлшерлемесі, еңбек нарығының экономикалық заңдылықтарын талдау тәсілдері арқылы әдіснамалық негізде жұмыспен қамту теориясын жасады [4].

Карл Маркс капиталистік қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болуының экономикалық механизмін ашты. Капиталдың табиғи құрылымының өсуі салдарынан жұмыссыздықтың өсуі заңды деп көрсетті [5].

Жаңа экономикалық теорияның неоклассикалық бағытын құрушылар А.Маршалл [6], Дж. Б. Кларк, А. Пигу, Л. Вальрас [7], А. Лаффер, Р. Холл, А. Риз, М. Фельдштейндер еңбек тауардың құнын жасаушы ретінде танылмайды, ал тауардың құнының мөлшері оның шекті пайдалылығымен анықталады деп тұжырымдады [8].

XX ғасырдың 60-70 жылдарынан бастап еңбек нарығының проблемалары экономикалық жүйенің «институты» ретінде белсенді түрде зерттеле бастады. Институционалистердің өкілдері Т.Веблен, Дж. Данлоп, Дж. Коммонс, Дж. Гэлбрейт еңбек нарығы – бұл кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасында ережелерді сақтай отырып келіссөздер жүргізетін алаң деп баяндады [9].

КСРО құлаған соң ТМД мемлекеттерінің еңбек нарықтары жаңа экономикалық басқарушылық жүйе мен нормативті-құқықтық негізде құрыла бастады. Ресейлік ғалым экономистер «еңбек нарығы» деген тіркесті қабылдау керек пе деген дилеммада тұрды. Сол кездегі қоғам үшін бұл тіркес мүлдем келмейді деп кейбір ғалымдар дау шығарды. Дегенмен, ресейлік мемлекеттік басқару саласындағы трансформация еңбек нарығындағы оң өзгерістерді

көрсетті.

XXI ғасырдың басында ресейлік ғалымдар «еңбек нарығының толыққанды теориясын» ұсынды. Онда ғалымдар «теория өркениетті еңбек нарығында жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс еркіндігін, нарықтағы еркін баға, таңдаулы мамандықтар, қызметкерлер мен түрлі жұмыс берушілер арасындағы жетілген бәсекелерді ұсынды [10].

Еуропаның заманауи ғалымдар Atanu Ghoshray, Javier Ordóñez, Hector Sala зерттеулерінде, Еуроодақтағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі әр түрлі елдер мен аймақтарда әр түрлі болып келеді және дағдарыс кезінде күшейді. 2007 жылғы 15,5 пайыздан бастап 2013 жылы 23,5 пайызға дейін өсті және ересектер арасындағы жұмыссыздық деңгейінен екі есе көп болды. Соңғысын ішінара жастар арасындағы жұмыс күшінің аздығымен түсіндіруге болады. Алайда, жастар арасындағы жұмыссыздықтың ресми деңгейі де шынайы проблеманы жете бағаланбауында, өйткені жұмыссыз қалған жастар білімін жалғастыруға немесе отбасыларымен бірге тұруға шешім қабылдауы мүмкін деген тұжырымдама жасалынды. Мұндай жағдайда жұмыс табу қиын болса, жұмыс іздеу әрекеттері төмендейді және NEET деп аталатын санаттың өсуіне әкелуі мүмкін деп мәлімдеді [11].

Сонымен қатар, Еуроодақ елдерінде жастар жұмыссыздығы мәселерін зерттеуші бір топ ғалымдар Mona Mourshed, Jigar Patel, Katrin Suder Еуропада кең етек алған бұл мәселенің себептеріне талдау жасады. Ғалымдар 2014 жылдың соңғы статистикалық мәліметтерінде жұмыссыз жастардың саны 5,6 млн. адамға жеткен. Ал, NEET санатындағы жастардың саның 7,5 млн.-ды құраған. Ғалымдар Франция, Германия, Италия Португалия, Испания, Швеция және Біріккен Корольдіктің жұмыссыз жастарымен, 25 мемлекеттің 100-ге жуық компания, үкіметтік емес ұйымдар, білім ұйымдарының бағдарламаларына зерттеу жүргізді. Авторлар жастар жұмыссыздығының деңгейін реттеу үшін оларға алдымен білім беруді бастауды, ақпараттандыру базасын кеңейтуді, жастардың бастамаларын қолдауды, олардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға шараларын ұсынды [12].

Батыс Балқан мемлекеттеріндегі жұмыссыздықты зерттеуші ғалымдар Ajtene Avdullahi, Vjosa Fejza Ademi, Besmir Salihu, Arif Krasniqi жұмыссыздықтың 2010-2019 жылдарда WB6 мемлекеттерінде – Албания, Босния мен Герцоговина, Косово, Солтүстік Македония, Монтенегро және Сербияда екі есе өскенін байқады. Арнайы кәсіби тәжірибесі мен білімі жоқ жастардың еңбек нарығына деген интеграциясының әлсіздігін көрсетті. Сондықтан жұмыспен қамту мекемелері осы санатқа еңбек саласындағы белсенді нарықтық шаралар, тиісті тапсырмалар, әсіресе кәсіптік білім беру және қайта даярлау қызметтеріне мүмкіндігінше көп көңіл бөлуі керек деген ұсыныс береді [13].

Америка Құрама Штатының Еңбек статистикасы бюросының 2023 жылдың соңғы мәліметіне сүйенсек, 16 мен 24 жас аралығындағы 826 мың жастар жаз мезгілі кезінде жұмыссыздар қатарында болған. Яғни, бұл сан алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,6 пайызға төмен болды делінген [14]. Еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесін алдын үшін АҚШ келесі бағдарламаларды жүзеге асырады: «Жастарды қорғау лигалары», «Шектеусіз студенттер лигасы», «Студенттер аштықты жою үшін», «Айналаға бет бұру».

Сонымен қатар, ерте жүктілікке тап болған 20 жасқа дейінгі жалғызбасты аналарға арналған көмек ретінде «YouthBuild» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Америка құрама штаттарында жастар саясаты мен жұмыссыздығымен күресуде Жастар саясаты Мемлекеттік департаменті, АҚШ-тың халықаралық даму агенттігі (USAID), көтерілістер мен экстремизмнен қорғау департаменті, жұмыспен қамту саласындағы жастарды белсенді қолдау білім беруді және мәдени дамуды мемлекеттік емес «Youth Initiative» және «Youth Policy Institute» сынды жастар институты сияқты ұйымдар қызмет етеді [15].

Қазақстанда жұмыссыз жастар мәселелері тақырыбын Ж. Әбжан, Е. Әмірбекұлы, Д. Ешпанова [16], А. Альшанская [17], Д.Әлімханова [18] сынды ғалымдар зерттеп, жастар жұмыссыздығының өзекті мәселелерін көтеріп жүр. Сондай-ақ, осал топтағы НЕЕТ санатындағы жастармен жұмыс істеу және оларды жұмыспен қамтуда сәтті іске асырылған Жастар корпусын дамыту жобасы шеңберінде Д.Әшімханова, Р.Аюпова, Ә.Қайдарова, Т.Қалиев сынды авторлар тобы арнайы нұсқаулық әзірледі [19].

Зерттеудің негізгі бөлімі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 7-ші шақырылған Парламенттің 1-ші сессиясында «Жастардың даму индексі» енгізу туралы тапсырма берді. Өлемдік тәжірибелерге назар аудара отырып, еліміздегі жастар мәселесін жергілікті атқару органдарының жастар мәселесіне қатысты жүргізіліп жатқан жұмысы осы индекс негізінде бағаланады деп Президентіміз атап өтті.

2022 жылы 1 қыркүйекте жарияланған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті халыққа Жолдауында: «Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасты жұмысқа орналастыруымыз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету жалғасады. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барынша үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді» деп жастарды жұмыспен қамтуды басты назарға алды [20].

2022 жылдан бастап ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңға өзгерістер енгізілді. Онда заңның 1-бап, 1-тарау, 3-тармақшасында «Жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары» деп өзгертілді [21]. Яғни, осы уақытқа дейін елімізде жастар деген санаттағы азаматтардың жас шектеуі 29 болса, 2023 жылдан бастап бұл жеке 35 жас болып бекітілді. Ендігі кезекте, еліміздегі халықтың үштен бірі, яғни 6,2 млн адам жастар категориясына кіретін болды.

Жалпы егемендік алған жылдан бастап жастар саясаты мәселесі әрдайым өзектілігін жойған жоқ. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы негізінде «Қазақстан жастары» бағдарламасы қабылданды [22]. Аталған жастар бағдарламасының негізгі міндеті – жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, оларды еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірге тарту және азаматтыққа тәрбиелеп, отансүйгіштік сезімді нығайту болады. Жастардың жұмыссыздығымен күресте 2017-2021

жылдардағы мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасының маңызы зор болды [23]. Бағдарламада еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жастарға кәсіптік және техникалық білімі бар кадрларды қайта даярлаудан өткізу көзделді. «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» деген ұранмен «Серпін» жобасы, «Жастар ел тірегі» атты ұлттық жобасы мен жастарды кәсіпкерлікке баулу мақсатында «Бизнес бастау» жобасы негізінде белсенді жастарға кәсіпкерлік курстарын оқыту кең жолға қойылды.

Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар мұнымен тоқтап қалған жоқ. Қазақстандық жастарды қолдау мақсатында 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар бекітілді. Кешенді жоспарда жастарды кең ауқымда қолдау жұмыстары көрсетілді. Атап айтқанда, мүмкіндігі шектеулі жастар, жас ғалымдар, спортшы жастарды жұмыспен қамтамасыз етуде үкіметтік емес ұйымдармен (ҰЕҰ) де белсенді жұмыс істеу тетіктері де қарастырылды. Жастардың өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарау мақсатында «Fitness park», «Қолжетімді спорт», NEET санатындағы жастардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу жобаларын іске асыру көзделген [24].


NEET терминінің тарихы 90-жылдары британдық ғалымдардың еңбектері мен есептерінде алғаш қолданған. Қоғамға бейімделе алмаған жұмыссыз жастарға «нөлдік мәртебе» беріп, оларға қатысты «тапшылықты» Z жастары деген белгімен атады. Жұмыссыз жастардың «нөлдік мәртебе» алуы британдық үкіметте, саясаткерлер мен медиа дискурс аясында өте үлкен өзгерістерге әкеліп соқтырды. Сайып келгенде, Ұлыбританияның Оңтүстік Гламорганда 1994 жылы Istance et al зерттеуінде жұмыссыз, білімі жоқ жастарды NEET терминмен ашып көрсеткен. Британдық ғалымдар «Алшақтықты толтыру» есебінде қоғамдағы жұмыссыз жастарды осы терминмен атауды дұрыс көрген. Бұл терминді 1997 жылы жаңа лейбористер әлеуметтік оқшаулау бөлімінің негізгі саяси ұсыныстары ретінде қабылдады [25].

Халықаралық еңбек бюросының соңғы мәліметіне жүгінсек, әлемде жастардың бестен бір бөлігі (NEET – Not in Employment, Education or Training) санатындағы жастар құрайды, яғни жұмыс істемейтін, оқымайтын және тәжірибе алуға ұмтылмайтын санатты айтуға болады. 1999-2019 жылдарда дүние жүзінде жастардың саны 1 млрд.-тан 1,3 млрд.-қа ұлғайғанына қарамастан, еңбек нарығында жұмыссыздық деңгейі төмендеуі жалғасуда. Яғни, жұмыссыз жастар саны 568 млн.-нан 497 млн.-ға дейін азайды. Бұл тенденция өзге елдерде жастардың орта немесе жоғары білім алып, кәсібилігінің артуын көрсеткенмен, жастардың басым бөлігі NEET санатындағы жұмыс істемейтін, не оқымайтын және тәжірибесі жоқ екенін көруге болады [26,13 б].

Халықаралық еңбек ұйымының болжамына сәйкес, әлемдегі 15-24 жас аралығындағы жастар санының өсуі жалғасуда және 2065 жылға қарай 1,4 млрд. адамға жетеді. Бұл жағдай еңбек нарығына қосымша ауыртпашылық болып, 25 жастан асқан ересек жастар арасында жұмыссыздықтың 3 есе артуықтималдығы туындайды. 2020 жылы болған COVID-19 дағдарысы кезінде бірнеше айда жастар арасында жұмыссыздық 8,7% құрады, бұл ересектермен салыстырғанда 2 есе көп жұмыс істейтін санатқа жатады. Нәтижесінде әлемдегі әрбір алтыншы жас адам оның ішінде NEET санатындағы жастар жұмысын тоқтатты деуге болады. Нәтижесінде қазіргі таңда дүние жүзінде еңбек нарығындағы жастардың 1/5 бөлігі тәжірибесіз, еңбекте табысы жоқ,

білім деңгейі мен біліктілігі төмен [27, 7 б].

1-диаграмма. UNECE мәліметі бойынша Қазақстандағы жастар арасындағы жалпы жұмыссыздық (15-24 жас аралығында, %) [28]




Дегенмен бұл көрсеткіштердің еңбек нарығында оң тұстары бар. Соңғы 5 жылда Қазақстандағы NEET жастарының үлесі 9,2%-дан 7,1%-ға дейін төмендеді. Тіпті пандемия кезінде жұмыссыздар мен жоғары білімі жоқ жастардың үлесі төмендеу тенденциясын (-4,9%-ға 2019 жылмен салыстырғанда) байқауға болады. Бұл білім беру мен жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік жастар саясатының сәтті жүзеге асырылып жатқандығының бір көрінісі. Өз кезегінде, қазақстандық жастардың NEET санатында болуының себептері – бұл үй шаруашылығы, отбасылық немесе жеке жағдайлар, денсаулық жағдайына байланысты [29, 19 б].

Үкімет, халықаралық ұйымдар, зерттеушілер және бұқаралық ақпарат құралдары арасында NEET санаты соңғы жылдары өте жиі айтылатын тіркестер қатарына енді. Бұл санатқа әдетте жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіптік білім алмаған, мектеп бітірмеген, жұмыссыз, қиын жағдайдағы жастар және әртүрлі себептермен жұмыссыз жүргендер (науқастарды немесе мүгедектерді күтетін) кіреді. Яғни, NEET санатына кіретін жастарды бір белгі астына топтастыруға және мәлімет жинауға мүмкіндік береді [30, Б.6]. Айтып отырған категория 14-29 жас аралығындағы жұмыссыз жастар болып отыр. 2021 жылдың I тоқсанындағы санақ бойынша, елімізде 15-28 жастағы жастардың үлесі 16,8% немесе 75,7 мың адамды құрады. 15-28 жастағы жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,7% болды [31].

NEET санатындағы жастарды талдау қажеттілігі екі маңызды фактормен анықталады. Біріншіден, жастар Қазақстанның еңбекке жарамды халықтың, шамамен, үштен бір бөлігін құрайды. Екіншіден, Қазақстанның жастар құрылымында NEET санатындағы жастардың пайда болуы және мұндай жастардың білім жүйесіндегі және еңбек нарығындағы әрекетсіздігі – ауқымды салдары бар аса күрделі қоғамдық мәселе [33, 6 б].

2-диаграмма. Қазақстандағы жастар жұмыссыздығының деңгейі [32]



Жұмыссыз жастарды қолдау мақсатында 2017 жылдан бастап 2021 жылдарда Республика көлемінде Дүниежүзілік банк пен ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірлескен жобасы – Жастар корпусын дамыту жобасы (Zhasproject) сәтті жұмысын жасады. Жоба Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы 2016 жылдың 18-ақпанында №454-V Қазақстан Республикасы Заңымен ратификацияланған, 2015 жылдың 10-қыркүйегіндегі №TF014174 грант туралы келісім аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен іске асырылды. Жоба мақсаты – қоғамдастық өміріне жастарды тартуды ынталандыру және жастардың осал топтарының арасында қоғамдастық игілігіне жарайтын қоғамдық пайдалы іске жұмылдыру бағдарламасын іске асыру арқасында өмірлік маңызы бар дағдыларды дамыту. Жобаны басқару топтары арқылы Жобаны үйлестірген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоба бойынша Атқарушы агенттік болды [33, 6 б]. Жобаны іске асырудың төрт жылында барлық қызметтерді айқын және икемді етуге, сонымен қатар әрқайсысы нәтиже үшін жауапты болатын грант алушылармен серіктестік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берген грантты басқарудың өзіндік жүйесі қалыптасты. Ізденушілерді тарту бойынша ашық конкурстар өткізуден бастап, грант алушыларды хабардар ету процесіне дейінгі гранттық бағдарламаны және грантты қаржыландыруды іске асырудың ережелері мен рәсімдері әзірленді [33, 10 б].


Жобаның гранттық бағдарламасы әлеуметтік жобаларды іске асыру арқылы осал топтағы жастарға өз қоғамдастығының дамуына үлес қосуға, сонымен қатар оқыту барысында алған өмірлік маңызы бар дағдыларды және жобаларды басқару дағдыларын тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берді. Гранттық бағдарламада басымдылық үнемі жобаның тікелей қатысушыларына, олардың кәсіби білімдерін арттыруға, грант алушыларды бағдарламаға қатысудағы барлық мерзімінде менторлық қолдау қызметтері жүргізілді [33, 11 б].

**1-кесте. Жастар корпусын дамыту жобасы.
ҚР БҒМ зияткерлік меншігі.**

Барлығы	Қатысушылар	Жобалар	Менторлар	Қабылдаушы ұйымдар	Инвестициялар
2017 жыл	1939	570	240	Барлығы 4 жылда 129	1032,3 млн
2018 жыл	3413	998	192		1766,0 млн
2019 жыл	3401	1033	208		1748,4 млн
2020 жыл	1043	307	85		489,9 млн

2017 жылы жоғарғы оқу орнының, техникалық және кәсіби білім беру мекемесі бітірушілері үшін шәкіртақы 61 000 теңге, мектеп бітіргендер мен студенттер үшін 26 000 теңге болды. 2018 жылы әлеуметтік шәкіртақы мөлшері қайта қарастырылып, жоғары білім дипломы бар қатысушылар үшін 60 000 теңге, жоғарғы білім деңгейі төмен дипломы бар қатысушылар үшін 40 000 теңге бөлінді. Әлеуметтік шәкіртақының осы мөлшері 2019 және 2020 жылдары да қолданылды. Әлеуметтік жобаларды іске асыру мерзімі 2017 және 2020 жылдары 5 ай болса, 2018 және 2019 жылдары 6 ай болды. Жобаның бүкіл кезеңінде гранттық қаржыландыруға 9 796 қатысушы жастар байқауға қатысты. Гранттық бағдарлама аясында 8 857 қатысушы жастар 2 668 әлеуметтік жобаларын іске асырды [33, 13 б].

2-кесте. Төленген гранттар мен шәкіртақылар сомасы. Жастар корпусын дамыту жобасы. ҚР БҒМ зияткерлік меншігі [33, 15 б].



Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар

Қазақстанның еңбек нарығындағы жұмыссыз жастарды жұмыспен қамтылуын зерттей келе, келесі қорытындылар мен ұсыныстар жасалды:

1) Зерттеуде көз жеткізгеніміздей, 2020 жылы жастар жұмыссыздығы 2019 жылмен салыстырғанда 4,9 пайызға төмендегенін байқауға болады. Тіпті, әлемде пандемия кезінде жастар жұмыссыздық мәселесі алпауыт елдердің өзінде күрделі проблемаға айналғанмен, біздің елімізде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілді. Еңбек нарығындағы жұмыссыздыққа бағытталған дағдарыспен күрескен түрлі мемлекеттік іс-шаралар нәтижесінде 2021 жылдың I тоқсанындағы дерек бойынша, жұмыссыз жастар саны 3,7 пайызды құрағанын көруге болады.

2) Жастар жұмыссыздығымен күресуге бағытталған «Серпін», «Жастар ел тірегі» атты ұлттық жобасы мен жастарды кәсіпкерлікке баулу мақсатында «Бизнес бастау», Zhasproject әлеуметтік жобаларының артықшылығын атап өтуге болады. Пандемия кезінде осал топтағы жастарға әлеуметтік жоба жасауға 1 млн. теңге бөлініп, 40 000-60 000 теңге шәкіртақымен қамтамасыз еткен Жастар корпусын дамыту жобасы жастардың жұмыссыз қалмауына себеп болды. Жобаның екі кезеңнен тұратын байқау және іріктеу, қаражатты бөлуі, жастарды оқыту және менторлық қолдау бүкіл аймақ жастары үшін маңызды жоба болды. Жоба іске асырылған төрт жылда 5 млрд.-тан аса қаржы жастардың әлеуметтік жоба жасауына және аясаыын төленген шәкіртақыларға жұмсалды.

3) Жастарды жұмыспен қамтуда мемлекеттік әлеуметтік реттеу жүйесін жетілдіру үшін төмендегі ұсыныстар ұсынылады:

- Заман талабына сай мамандарды даярлап шығару үшін мектеп бітірушілері арасында арнайы база құрып, жоғары және кәсіптік білім беру бағдарламаларын әлемдік стандарттарға сай жасау. Мектеп, колледж, университеттерді бітірушілерге арналған арнайы база арқасында жастардың миграциясын бақылайтын арнайы қосымша жасау ұсынылады.

- Zhasproject жобасы ұсынған дизайн мен инструменттерді пайдалана отырып, жастарды қолдау мақсатында «менторлар мектебін» жасақтау ұсынылады. Оқушының белгілі бір кәсіпке дағдылануын ментор қадағалап, дұрыс мамандық таңдауға септігі тиеді. Жастар корпусын дамыту жобасының тәжірибесі көрсеткендей, менторлар қызметі мен жастардың өзара жұмысы қысқа мерзімде оң нәтижелер берген.

- Қазақстанның әлеуметтік мемлекетке айналуы үшін «Серпін», «Бизнес бастау» жобалары аясында заман талабына сай сұранысқа ие IT мамандарын даярлайтын қысқа мерзімді кәсіби оқытуларды әзірлеу.

- Моноқалалар мен ауылдағы жастардың аймақтарда қалуы үшін жергілікті кәсіпкерлермен бірлесе отырып, индустрия-инновациялық, ауыл шаруашылық жобаларын жасау арқылы жұмыссыздық деңгейін азайту.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Global employment trends for youth 2015. p. 11 https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---dcomm/---publ/documents/publication/wcms_412015.pdf. 2-б. [Электронды ресурc]. (қаралған күні: 08.10.2023)
2. Decent jobs for young people. The Global Initiative on Decent Jobs for Youth The strategy document. (Жастар үшін лайықты жұмыс. Жастар Үшін Лайықты Жұмыс орындарын Құру Жөніндегі Жаһандық Бастама стратегиялық құжат). 77-бет. <https://www.decentjobsforyouth.org/>. [Электронды ресурc]. (қаралған күні: 08.10.2023)
3. Thomas Robert Malthus. An essay on the Principle of Population, Dover Publications, July 30, 2007. 54 p.
4. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. Москва, 1993. Наука, Т.1, 570 с.
5. Маркс К., Энгельс Ф. Капитал. 1960 Москва, Азбука, Т.23, б.180.
6. Маршал А. Принципы экономической науки. Москва. Генеральный директор, 2001. Т.1. 413 с.
7. Вальрас Л. Элементы чистой политической экономии или теория общественного богатства. – М. Изограф. 2020 ж. – 448 б.
8. Сакович М.В. Занятость и безработица. Экономика. Университетский курс: учеб. пособие / Под ред. П.С. Лемещенко, С.В. Лукина. – Мн.: Книжный дом, 2007. Стр 5.
9. Дрождинина А.И. Генезис теоретических основ формирования рынка труда Вестник МГТУ, 2011, том 14, №1, с.7-11.
10. Анпилов С. М., Сорочайкин А. Н., Шишкина Е. С. Основные подходы к анализу функционирования современного рынка труда // Основы экономики, управления и права. – 2013. – №. 2 (8). – С. 103-110.
11. Atanu Ghoshray, Javier Ordóñez, Hector Sala. Euro, crisis and unemployment: Youth patterns, youth policies? Economic Modelling № 58 (2016). P. 445.
12. Mona Mourshed, Jigar Patel, and Katrin Suder (2014), «Education to employment: Getting Europe's youth into work», McKinsey & Company, p. 1-8.
13. Ajtene Avdullahi, Vjosa Fejza Ademi, Besmir Salihu, Arif Krasniqi. Women and youth unemployment in Western Balkans with particular focus on Kosovo. Population and Economics. November 2022. 6(3)6. p. 35-58
14. Employment and Unemployment Among Youth. Bureau of Labor Statistics reported today. Page 1-8. <https://www.bls.gov/news.release/pdf/youth.pdf>. [Электронды ресурc]. (қаралған күні: 09.10.2023)
15. Кутын А.О. Инновации США в вопросе трудоустройства молодежи и их имплементация в России // Вестник Евразийской науки, 2020 №4, <https://esj.today/PDF/14ECVN420.pdf>. (қаралған күні: 17.10.2023).
16. Youth employment problems in the labor market of Kazakhstan. Revista Espacios. Vol. 40 (Issue 42), 2019. P.30. URL: <https://www.revistaespacios.com/a19v40n42/a19v40n42p30.pdf>. (қаралған күні: 17.10.2023).
17. Анна Альшанская А. Центры занятости населения против молодежной безработицы: заманчивые перспективы или «глухой номер»? Фонд «Сорос». [Электронды ресурc]. <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2021/03/pdf/> (қаралған күні: 17.10.2023).
18. Динара Алимханова. Молодежь NEET в Западно-Казахстанской и Карагандинской областях: Механизмы интеграции в образование. URL: <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2021/03/pdf/>. (қаралған күні: 17.10.2023).
19. NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау бойынша нұсқаулық/ Әшімханова Д.Ә., Аюпова Р.Р., Қайдарова Ә.С., Қалиев Т.Б. және т.б. – Астана, 2017. – 88 б.
20. Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. [Электронды ресурc]. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhohmart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdau-181416>. (қаралған күні: 11.10.2023)
21. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>. [Электронды ресурc]. (қаралған күні: 12.10.2023)
22. «Қазақстан жастары» бағдарламасы туралы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000249>. [Электронды ресурc]. (қаралған күні: 15.10.2023)
23. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746>. [Электронды ресурc]. (қаралған күні: 16.10.2023)

24. Қазақстан Республикасының жастарын қолдау жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000918>. [Электронды ресурс]. (қаралған күні: 16.10.2023)
25. «Youth&Policy» журналы. Авторы: Лиам Ригли. Мақала: «(БҰҰ) 21-ші туған күніңмен, НИТ! Білімі, жұмысы немесе кәсіби дайындығы жоқ жастарды түсінуге генеалогиялық көзқарас». [Электронды ресурс]. URL: <https://www.youthandpolicy.org/articles/unhappy-21st-birthday-neet/>. [Электронды ресурс]. (қаралған күні: 16.10.2023)
26. Global Employment Trends for Youth 2020: Technology and the future of jobs International Labor Office – Geneva: ILO, 2020. https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---dcomm/---publ/documents/publication/wcms_737648.pdf. 13-б. [Электронды ресурс]. (қаралған күні: 16.10.2023)
27. Международная Организация Труда (2020), Вестник МОТ: COVID-19 и сфера труда. Четвертый выпуск. 7-б. [Электронды ресурс]. https://www.ilo.org/moscow/information-resources/publications/WCMS_746704/lang--ru/index.htm. (қаралған күні: 09.10.2023)
28. БҰҰ-ның сайты. [Электронды ресурс]. <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Charts?IndicatorCode=35>. (қаралған күні: 09.10.2023)
29. А.Молчановская, А.Карабаев, У.Шегенова, А.Мухышбаева, Ә.Бермағанбет. Рынок Труда Казахстана. Развитие в условиях новых реальности. Центр развития трудовых ресурсов. 2021-19 с. https://iac.enbek.kz/public/pdf/%C_2021.pdf.
30. Ummuhan Bardak, Martino Rubal Masedo, Franchesco Rosso. https://www.etf.europa.eu/sites/default/files/m/BFEBA10DD412271C1257EED0035457E_NEEts.pdf. 2015-6 p.
31. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. 2021 жылғы I тоқсандағы еңбек нарығындағы жағдай туралы бюллетені. №36-8-01-021020100000-3635-i. <https://www.stat.gov.kz/edition/publication/collection>. (қаралған күні: 09.10.2023)
32. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-талдамалық жүйесі. [Электронды ресурс]. [\(қаралған күні: 09.10.2023\)](https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/3782164?keyword=(қаралған күні: 09.10.2023))
33. Жастар корпусын дамыту жобасы. Жетістіктер мен Ұсыныстар. А.Баянбекова, С.Казтаева, И.Карибаева, А.Сарсекеева, Н.Трубова. 2021 жыл. Нұр-Сұлтан.

REFERENCES:

1. Global employment trends for youth 2015. 11 P. https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---dcomm/---publ/documents/publication/wcms_412015.pdf. 2 p. [Electronic resource]. (қаралған күні: 08.10.2023)
2. Decent jobs for young people. The Global Initiative on Decent Jobs for Youth The strategy document. <https://www.decentjobsforyouth.org/>. p. 77. [Electronic resource]. (қаралған күні: 08.10.2023)
3. Thomas Robert Malthus. An essay on the Principle of Population, Dover Publications, July 30, 2007. – 54 p.
4. Smit A. Issledovanie o prirode i prichinah bogatstva narodov [Research on the nature and causes of the wealth of nations]. Moscow, 1993. Science, vol.1, p. 570.]
5. Marks K, Engels F. Kapital. 1960 Moskva, Azbuka, t. 23, b.180. [Marx K., Engels F. Capital. 1960 Moscow, Azbuka, vol.23, p.180.]
6. Marshall A. ekonomikalıyq ғылымның prinsipteri. Máskeý. Generalnyi direktor, 2001. – T.1. p. 413. [Marshall A. Principles of economic science. Moscow. General Director, 2001. – Vol.1. – 413 p.]
7. Valras L. Taza saıası ekonomıkanıń elementteri nemese áleýmettik baılıq teoriyası. - M. Izograf. 2020 j. - 448 b. [Walras L. Elements of pure political economy or the theory of social wealth. – M. Izograf. 2020. p. 448.]
8. Sakovich M. V. Jumyspen qamtıy jáne jumyssyzdyq. Ekonomika. Ýniversitet kúrsy: oqı. oqı quraly / red. P. S. Lemeshenko, S. V. Lýkina. - Mn.: Kitap úii, 2007. 5-b. [Sakovich M.V. Employment and unemployment. Economy. University course: studies. stipend / Edited by P.S. Lemeshchenko, S.V. Lukin. – Mn.: Book House, 2007. p. 5.]
9. Drozhidina A. I. Eńbek narıyǵın qalyptastyrdıń teorialyq negizderiniń genezisi MMTÝ habarshysy, 2011, 14 tom, №1, 7-11 b. [Drozhidina A.I. The genesis of the theoretical foundations of the formation of the labor market Bulletin of MSTU, 2011, volume 14, No. 1, p.7-11.]

10. Anpilov S. M., Sorochaikin a. N., Shishkina E. S. qazirgi eńbek naryǵynyń jumysyn taldaydın negizgi tásilderi //ekonomika, basqarý jáne quyqy negizderi. – 2013. – № 2 (8). – 103-110 b. [Anpilov S. M., Sorochaikin A. N., Shishkina E. S. Basic approaches to the analysis of the functioning of the modern labor market //Fundamentals of Economics, Management and Law. – 2013. – № 2 (8). p. 103-110.]
11. Atanu Ghoshray, Javier Ordóñez, Hector Sala. Euro, crisis and unemployment: Youth patterns, youth policies? *Economic Modelling* № 58 (2016). p. 445.
12. Mona Mourshed, Jigar Patel, and Katrin Suder (2014), «Education to employment: Getting Europe's youth into work», McKinsey & Company, P. 1-8.
13. Ajtene Avdullahi, Vjosa Fejza Ademi, Besmir Salihu, Arif Krasniqi. Women and youth unemployment in Western Balkans with particular focus on Kosovo. *Population and Economics*. November 2022. 6(3)6, p. 35-58
14. Employment and Unemployment Among Youth. Bureau of Labor Statistics reported today. p 1-8. <https://www.bls.gov/news.release/pdf/youth.pdf> [Electronic resource]. (qaralǵan kúni: 03.10.2023)
15. Kútin A. O. Innovasii SŞA v voprose trudoustroistva molodeji i ih implementasia v Rosii // *Vestnik Evraziskoi nauki*, 2020 №4, <https://esj.today/PDF/14ECVN420.pdf>. (qaralǵan kúni: 17.10.2022). [Kutyin A.O. Innovations of the USA in the issue of youth employment and their implementation in Russia // *Bulletin of Eurasian Science*, 2020 No. 4, <https://esj.today/PDF/14ECVN420.pdf>. [Electronic resource]. (accessed: 01.10.2023)].
16. Youth employment problems in the labor market of Kazakhstan. *Revista Espacios*. Vol. 40 (Issue 42) Year 2019. Page 30. URL: <https://www.revistaespacios.com/a19v40n42/a19v40n42p30.pdf>. [Electronic resource]. (accessed: 17.10.2023).
17. Anna Alshanskaia. Sentry zanátosti naselenia protiv molodejnoi bezrabotisy: zamanchivye perspektivy ili «gluhoi nomer»? Фонд «Сорос». [Anna Alshanskaya. Employment centers against youth unemployment: tempting prospects or a «blind number?» Soros Foundation]. [Electronic resource] URL: <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2021/03/pdf/> (accessed: 17.10.2023).
18. Dinara Alimhanova. Molodej NIIT v Zapadnoi Kazakstanskoi i Karagandinskoi oblastáh: Механизмы интеграции в образование. [Dinara Alimkhanova. NEET youth in West Kazakhstan and Karaganda regions: Mechanisms of integration into education]. [Electronic resource].URL: <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2021/03/pdf/>. (accessed: 17.10.2023).
19. NEET sanatyndaǵy jastarmen jumys jasaý boıynsha nusqaýlyq / Áshimhanova D. Á., Ayıpova R. R., Qaidarova Á. S., Qaliev T. B. jáne t. b. – Astana, 2017. – 88 b. [The guidelines for working with young people of the NEET category / Ashimkhanova D. A., Ayupova R. R., Kaidarova A. S., Kaliyev T. B. and others – Astana], 2017. – 88 p.
20. Ádiletti memleket. Birtutas Ult. Berekeli qoǵam. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. [A Just state. United Nation. Blessed society. Address of the President of Kzakhstan Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: <https://akorda.kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqaevty-n-kazakhstan-halkyna-zholdauly-181416>. (accessed: 11.10.2023)
21. QR «Memlekettik jastar saiasaty týraly» Zańy. [«The State Youth Policy» Law of the Republic of Kazakhstan.] [Electronic resource].URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285> (accessed: 12.10.2023)
22. «Qazaqstan jastary» baǵdarlamasy týraly. [A government program «The youth of Kazakhstan»]. [Electronic resource] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000249_ (accessed: 15.10.2023)
23. Nátiжели jumyspen qamtýdy jáne jappai kásipkerlikti damytýdın 2017 – 2021 jyldarǵa arnalǵan «Eńbek» memlekettik baǵdarlamasyn bekity túraly. [On approval of the state program for the development of productive employment and mass entrepreneurship for 2017-2021 «Enbek»]. [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746>. (accessed: 16.10.2023)
24. Qazaqstan Respýblikasynyń jastaryn qoldaý jónindegi 2021 – 2025 jyldarǵa arnalǵan keshendi jospardy bekity túraly. [On approval of the Comprehensive Plan for youth support of the Republic of Kazakhstan for 2021-2025]. [Electronic resource]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000918> (accessed: 16.10.2023)
25. Youth&Policy. Author: Liam Wrigley. Article: (Un)Happy 21st Birthday NEET! A genealogical approach to understanding young people Not in Education, Employment or Training. [Electronic resource] URL: <https://www.youthandpolicy.org/articles/unhappy-21st-birthday-neet/> (accessed: 16.10.2023)
26. Global Employment Trends for Youth 2020: Technology and the future of jobs International Labour Office – Geneva: ILO, 2020. [Electronic resource]. https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---dgreports/---dcomm/---publ/documents/publication/wcms_737648.pdf. 13 p. [Electronic resource]. (accessed: 09.10.2023)

27. Mejdunarodnaia Organizasiia Truda (2020), Vestnik MOT: COVID-19 i sfera truda. Chetvertyi vypusk. [International Labour Organization (2020)], Bulletin of the ILO: COVID-19 and the sphere of work. Fourth issue. [Electronic resource]. https://www.ilo.org/moscow/information-resources/publications/WCMS_746704/lang--ru/index.htm. 7 p. (accessed: 09.10.2023)
28. UN website. <https://w3.unece.org/PXWeb/ru/Charts?IndicatorCode=35>. (accessed: 09.10.2023)
29. Rinok Tryda Kazakhstana. Razvitiie v usloviah novykh realnosti. Sentr razvitiia trudovykh resursov. Avtory: A. Molchanovskaia, A. Qarabaev, Ý. Shegenova, A. Muhyshbaeva, Á. Bermaǵanbet [The Labor Market Of Kazakhstan. Development in the conditions of new realities. The Center for the Development of Human Resources. Authors: A. Molchanovskaya, A. Karabaev, U. Shegenova, A. Mukhyshbaeva, A. Bermaganbet]. 2021. 19 p. [Electronic resource]. https://iac.enbek.kz/public/pdf/%C_2021.pdf. (accessed: 09.10.2023)
30. Ummuhan Bardak, Martino Rubal Masedo, Franchesco Rosso. [Electronic resource]. https://www.etf.europa.eu/sites/default/files/m/BFEEBA10DD412271C1257EED0035457E_NEETs.pdf. 2015- p.6. (accessed: 09.10.2023)
31. Qazaqstan Respyblikasy Strategialyq josparlaý jáne reformalar agenttigi Ulttyq statistika búrosy. 2021 jylǵy I toqsandaǵy eńbek naryǵyndaǵy jaǵdai týraly búlleteni. [The Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms. Bulletin on the situation on the labor market for the first quarter of 2021], №36-8-01-021020100000-3635-i. [Electronic resource]. <https://www.stat.gov.kz/edition/publication/collection>. (accessed: 09.10.2023)
32. Qazaqstan Respyblikasy Strategialyq josparlaý jáne reformalar agenttigi Ulttyq statistika búrosynyn Aqparattyq-taldamalyq júesi. [The information and analytical system of the Bureau of national statistics of the agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms]. [Electronic resource]. <https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/3782164?keyword=> (accessed: 09.10.2023)
33. Jastar korpýsın damytý jobasy. Jetistikter men Usynystar. A. Baianbekova, S. Kaztaeva, I. Karibaeva, A. Sarsekeeva, N. Trýbova. 2021 jyl. Nur-Sultan. [Youth Corps Project. Achievements and recommendations. A. Baianbekova, S. Kaztayeveva, I. Karibaeva, A. Sarsekeeva, N. Trubova. 2021. Nur-Sultan. 38 p.